2023 – 2024 оқу жылы
Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 01.09. 023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға мұғалімінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралыәңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					**«Табиғат мінезі»** **Дидактикалық ойын:** **«Бұл қай кезде болады?»** **«Көктем көрінісі»** **Мақсаты:** Көктем мезгілінің ерекшелігін білу. **Шарты:** Суретке қарап әңгімелеу. **Еңбек тапсырмасы:** Кезекшілікті ұйымдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.
Таңертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық					**Психомоторлық жаттығу:** **Күндей жадырап,** **Айдай арайлап,** **Жұлдыздай жадырап,** **Судай таза көңілмен,** **Бүгінгі күнімізді бастайық**
Билингвалды компонент	Жанды табиғат- живая природа-wildlife, Жансыз табиғат-неживая природа-inanimate nature Бұта- кустарник-bush				
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйым-дастырылған ісәрекет					**Математика негіздері** **Міндеті**: - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру ***(сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).*** **Мақсаты:**- Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Заттардың кеңістікте орналасуын сипат-тайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада. **Түсінеді:** Заттардың кеңістікте орналасуын қалай тү-

					сіндіруге болатынын. **Қолданады**: Белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды. **Қозғалыс бағыттары:** Сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. ***Дидактикалық ойыны:*** ***«Қайда барасың, нені табасың?»*** **Ойын мақсаты:** Ойын балаларды негізгі кеңіс-тіктік бағыттарды ***(алға, артқа, оң жақ, сол жақ)*** анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді ***(іші, үсті, арты, асты және т.б.)*** пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. **Ойын барысы:** Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. **Мысалы:** Ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.
	2 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
					Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. **Мақсаты**: **а)** Балаларды **«жансыз табиғат»** түсіні-гімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. **ә)** Өзіндік тәжірибе алдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. **б)** Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. **Күтілетін нәтижелер:** **жасайды**: Жанды және жансыз заттардың түрле-рін атап береді. Бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесі-нен, суреттерден көрсетіп бере алады. **Түсінеді:** Адам қолымен жасалған заттарды атап береді; жанды және жансыз заттарды бір- бірінен ажырата

					алады. **Қолданады:** Жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады. Бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себепсалдарлық байла-ныстарды өз бетінше анықтай алады ***«Тағы не істейді?» деген ойын ойнауға шақырады.*** ***Ойын тәртібі***: Бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс. ***Балалардың жауаптары:*** **Педагог:** Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді? **Қазыбек:** Сүңгиді, жерде жүреді,ұшады, барылдайды. **Педагог:** Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады? **Інжу:** Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. **Педагог:** Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады? **Мағжан:** Қалта шам, шам, көліктің шамы... ***Дидактикалық ойыны: «Менің достарым»*** **Ойын шарты:** Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді.Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң педагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. **Мысалы:** Менің достарым-тыныстай алады.Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді
	3 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
					Сурет **Міндеті: -** Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру. **Мақсаты: -**балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету ***Қай жыл мезгіліне арналған өлең жолдары:*** ***Сары жапырақтар жауғанда,*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман.*** ***Сары жапырақ жауады:*** ***Сары құйын ұйтқыған,*** ***Сапырады ауаны.*** ***Тапталды табанға,*** ***Судыр-судыр жапырақ.***

					Өттей сары бояуға, ***Малынғандай атырап.*** ***(Мұзафар Әлімбаев)***
	4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
					Дене шынықтыру **Міндеті:** Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін. **Мақсаты:** Тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету **Күтілетін нәтижелер**: **Жасайды:** **«Ине-жіп»** жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. **Түсінеді:** Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін **Қолданады:** Баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын. ***«Мұқият бол» ойын жаттығуы***. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұ-рынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. ыны салу гимнастикасы (у-шу кешені). ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет)***. ***Ойын шарты:*** Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: ***«Бұл жер саған тар*** ***Өзіңе орын тауып ал», – дейді.*** Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.**				
Серуендеу					***Картотека*** ***«Күзгі саябаққа серуен»*** **Мақсаты:** Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп, әңгімелеу. **Еңбек:** Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын

					жинау. **Мақсаты:** Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. **Балалармен жеке жұмыс:** Тақпақ жаттату. **«Алтын -сары,қызыл көк** **Алуан- алуан жапырақ** **Күзгі бақта күлімдеп** **Көз тартады атырап»** **Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық»,** **Мақсаты:** Ойын ережесін тыңдай отырып, өздері ойын барысын бұзбай ойнауға баулу. Ептілікке, байқампаздыққа үйрету.
Сереуннен оралу	Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу				
Балалардың дербес әрекеті					***Қимылды ойын «Үйсіз қоян».*** **Мақсаты:**-Бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету. -Жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс					**Жеке жұмыс:** Айтуар мен және Асылыммен мен мектеп туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу.
Балалардың үйге қайтуы					***Ата –аналарға кеңес:*** - Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 04.09 - 08.09. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.09	Сейсенбі 05.09	Сәрсенбі 06.09	Бейсенбі 07.09	Жұма 08.09
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға мұғалімінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сөйлеп тұрған таңғы радио:** ***«Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу»*** **Мақсаты:** Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Үстел үсті театр ойыны:** ***«Өлі табиғат құбылыстары»*** тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	**Ойын– жаттығу:** ***«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?»*** әңгіңмелесу, сұрақ жауап **Ойын:«Жер шары»** Фотосуреттер қарау. ***Еңбек тапсырмасы:*** Гүлдерге су құю.	**« Сәлем жаңа күн»** **Д/ойын :** ***«Жанды және жансыз таби-ғатты ажырат».*** Жер,су,ауа. **Мақсаты:** Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төсел-.Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.	**«Табиғат мінезі»** **Сюжеттік ойындар:** ***«Сиқырлы фломастер»*** еркін сурет салу. ***“Не артық?»*** **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.
Таңертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені (Жан-жақты дамытушы жаттығуы) (дене шынықтыру)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** **Апам мені «Айым»-дейді,** **Мен мұнайсам,уайым жейді.** **Апам мені «Күнім»-дейді,** **Мен қуансам күлім - дейді.**	***Жылулық сәті:*** **Қуанамыз күлеміз,** **Бар әлемде сүйеміз.** **Қол ұстасып, қуанып,** **Достарымен бір жүреміз.**	***Жылулық сәті:*** **Шақырамын сендерді** **Жолдастарым кел бері** **Толтырайық шаттыққа,** **Дөгеленген шеңберді.**	***Жылулық сәті:*** **Бақыт толы шеңберге,** **Шаттық толы шеңберге,** **Қол ұстасып келдік біз,** **Жан достармыз енді біз.**	***Жылулық сәті:*** **Достар бері келіңдер,** **Қолдарыңды беріңдер.** **Шаттық толы шеңберге** **Қуанышпен еніңдер.**
Билингвалді компонент	Кеңістік-космос- space. Дыбыс-звук- sound , сөз-слова-words. Жиын-сбор-gathering. Біреу-один- one. Көп- много-a lot . Әже – бабушка- grandmother, қыз – девочка- girl. Маусымдық өзгерістер- перемена погоды- seasonal changes				

	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ***б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л*** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. **Мақсаты: -«Б» – «П»** дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру.Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады; **Түсінеді**: **"Б" " П"** дыбыстарының ұқсастығын; **Қолданады:** әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады ***«П»*** дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: ***Па-па-па – парта.*** ***Жа-па-лақ – жал-пақ.*** ***Па-рақ – жа-пы-рақ.*** балаларға ***«бала», «парта», «бақа», «бақбақ»*** сөздеріне сөйлем құратады.Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру:***Клуб, штаб, араб, куб; мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.*** ***Жаңылтпашты жаттау:***	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыс туралы түсінік беру **Мақсаты:** -Дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстарды ажыратады. **Түсінеді:** Дыбыстардың әртүрлі болатынын. **Қолданады:** Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді ***Педагог үнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдатады***: – Балалар, құстың шықылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар. ***«Көрсет» ойын-жаттығуы:*** ***1***. Жылан қалай ысылдайды? ***2.*** Қасқыр қалай ұлиды? ***3.*** Жапырақтар қалай сырдырлайды? ***4.*** Жаңбыр қалай тамшылайды? ***5.*** Ит қалай үреді? ***«Менің дыбысы?» ойын-жаттығуы*** **Ойын шарты:** Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған ды-	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру **(сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);** қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **Мақсаты :**Кеңістіктікарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: **жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;** **Түсінеді:** Заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; **Қолданады**: Белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды **Дидактикалық ойыны «Фигура қайда жасырынды?** **Ойын шарты:** Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. **Мақсаты:- «Дыбыс»** және **«сөз»** туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**: Тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады. **Түсінеді:** Өлең мазмұнын, дыбыстарды айтатынымызды және естітінімізді. **Қолданады:** Табиғи және жасанды дыбыстарды ажыратады – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жекежеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тақтада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыс-	**Математика негіздері** **Міндеті:-«Бір»** сөзі-нің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. **Мақсаты:** -Заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді: «біреу», «көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды. **Түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше»** болатынын. **Қолданады:** Заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды. Педагог суретті қа-рауға ұсынады. Бала-лар суретті қарайды. Суретте не бейнеленгенін айтады. – Дүкенде неше ойыншық бар? **(Көп.)** – Суреттегі қандай ойыншықтарды біреу деп айтуға болады? – Қандай ойыншықтар бірнешеу? – Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойын-шықтар бар ма? Балалар суретті қарап, бір-бірден тұрған ойыншықтарды таба-ды: **бір ракета, бір гитара, бір аю, бір керік және т. б**.

	Ба-ба-ба – бала. ***Бо-бо-бо – бота*** ***Бө-бө-бө – бөрік.*** ***Табыл – дабыл.*** ***Бақа – бақбақ***	быстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? ***– «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!»*** деген мағынаны білдіреді. ***– «Шүу-шү-у»*** деп атты жүргізу үшін айтады. ***– «Іңгә-әңгә-ә!»*** – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер ай-тылады. Тек ол сөз-дерді есту үшін, сөзді созып айту керек. ***«Ааууу!», «Шүу!», «Іңгәәә!»***	Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.	тар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады. **Дидактикалық ойыны (доппен): «Бірінші дыбысты қайтала»** **Ойын шарты:** Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. ***(Ойынға барлық бала қатысады.)*** ***Мысалы: ааалма(а), ттттиін(т), қққасқыр(қ), ммммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а),ррradио(р), ттттышқан(т), сссазын(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық (ж), дддиректор(д), шшшұлық(ш), ммммектеп(м), уууыз(у), қққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), жжжарық(ж)***	Көп ойыншықтар: **мәшинелер, қуыршақтар, текшелер және т. б.** Балалар сөйлеу барысында **«біреу», «көп», «бірнеше»** сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстыра-ды: **мәшинелер көп, қайық біреу. Дидактикалық ойыны :«Алаңдамай жалғастыр»** **Ойын шарты:** Педа-гог ойын шартын түсіндіреді: Мен сөйлем-ді бастаймын, ал сен-дер аяқтаңдар, егер **«бір»** деп айту керек болса, алақанды со-ғыңдар, **«бір»** деп айтыңдар. Егер **«көп»** деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтыңдар. – **Аспанда жұлдыздар... (Көп.)** **– Аспанда ай ... (Біреу.)** **– Адамда ана ... (Біреу.)** **– Мұхитта балық ... (Көп.)** **– Егістікте бидай ... (Көп.)** **– Аспанда күн** … **(Біреу.)**

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Математика негіздері **Міндеті:**- Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру **(сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);** қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **Мақсаты:** - Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер: меңгереді:** Заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада. **Түсінеді:** Заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын. **Қолданады**: Белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды. **Топтық жұмыс:**Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдая-тын ұйымдастырады (**ойыншықтарды табуға көмектеседі).** Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Ба-	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну. **Мақсаты:** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер**: **Жасайды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді; **Қолданады:** Мақалдың мағынасын айтады ***Білімің – бұлағың*** ***Қанатым талмайды,*** ***Қиялым самғайды.*** ***Ақын да, ғалым да*** ***Ұстазсыз болмайды.*** ***Мереке күніңмен*** ***Құттықтап бүгін мен,*** ***Ойыма ой қосам,*** ***Сен берген біліммен*** ***Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».*** ***Ойынның шарты:*** Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды **Мақалды жаттап ал.** «***Білекті бірді***	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** Дыбыстарды ажыратады. **Түсінеді:** Дыбыстардың әртүрлі болатынын. **Қолданады:** Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. **Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)** – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. **Мысалы: ққол, өзззен, үүй, қасс-сқыр, дооомбыра, құұұмыра, қанннт, батыыыр, арррба, балллға, баллла, шаррр, дөңгелллек, қаззз.** Ойынға барлық бала қатысады). **Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»** **Ойын шарты**: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **Мақсаты-** Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. **Түсінеді**: Өлең мазмұнын түсінеді. **Қолданады**:Мақалдың мағынасын айтады. -Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең сендерге ұнады ма? – Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Өлең не туралы? – Өлеңді тыңдағанда сенде қандай көңіл күй пайда болды? – Бүгін қандай мереке деп ойлайсың? – Мерекеде кімді құттықтайсың?	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті**:- Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. **Мақсаты**:- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибе алдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Күз мезгілінің белгілерін атап көрсетеді. **Түсінеді:** Себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі. **Қолданады**: Алған тәжірибесін күнделікті өмірде пайдалана біледі (маусымға сай киінеді және т.б. Педагогтің жапырағы селдіреп, көбірек түскен

	лалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды **1-тапсырма:** Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан? **2-тапсырма**:Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында.	***жығады,*** ***Білімді мыңды жығады***.» Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін кітапты көп оқу керектігін түсінеді	Балалар сол жануардың дауысын салады. **Қой маңырайды: (мәәә).** **Сиыр мөңірейді: (мууу).** **Жылқы кісінейді: (йоо).** **Түйе боздайды:(баа)** **Ешкі бақырады: (мәққ)**		ағаш пен жапырағы көп түспеген ағашты табу туралы ұсынысын орындайды .Ағаштардың атауын атайды және оны қандай белгілеріне қарап анықтағанын айтады. Экскурсия кезінде балалардың назарын күзгі табиғаттың сұлулығына, ағаш жапырақтарының біртіндеп азайғанына, жәндіктердің жасырынып қалғанына құстардың топталып, оңтүстікке ұшып кетуге қамданып жатқанына аударады. Балаларға ауа райындағы өзгерістер мен өсімдіктердің қазіргі жағдайы арасындағы өзара байланысты (**күн сәулесі түсетін уақыттың қысқаруы, ауа температурасының төмендеуі)** түсіндіреді. Құстардың дауысы, шегірткелердің шырылы, ара мен шыбынның ызыңдағаны естілмей, айнала тыныштала бастағанына назар аудартады..
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті**: -Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. **Мақсаты:** Қоршаған ор-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. **Мақсаты:**-Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Жаңа сөз-	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау **(басы, ортасы, соңы)**. **Мақсаты:**- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын	**Қазақ тілі** **Міндеті:-** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Мақсаты**: Сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту. **Күтілетін**	**Жапсыру** **Міндеті:-**Қайшы мен желімді дұрыс қолда-ну дағдыларын же-тілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигие-на ережелерін сақтау. **Мақсаты:** Бедерлі мүсіндеу тәсілімен та-

	таны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді. Бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады. **Түсінеді**: Адам қолымен жасалған заттарды атап береді. Жанды және жансыз заттарды бір- бірінен ажырата алады. **Қолданады:** Жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады. Бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше анықтай алады. ***Топтың жұмысын қағазды зерттеу бағытында ұйымдастырады.*** Қағаздың қасиеттерін зерттейді: оны қолмен ұстап, қайшымен қиып көреді, суға салады. Содан соңоның қасиеттерін атап көрсетеді. Төмендегідей қорытынды шығарады: Қағаз құрылымына қарай жұқа және қалың болып бөлінеді. Қағаз мықты және әлсіз.Қағаз суға еріп кетеді.Қағазды қайшымен қиюға немесе қолмен жыртуға болады.	дерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. **Түсінеді:** Қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. **Қолданады:** Сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. ***Дидактикалық ойын: «Танысу».*** **Ойын шарты:** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан ***Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».*** **Ойын шарты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді.	дамыту. **Артикуляциялық жаттығулар жасау:** **Жаңылтпашты жаттату:** **Ба-ба-ба – бала.** **Бо-бо-бо – бота** **Бө-бө-бө – бөрік.** **Табыл – дабыл.** **Бақа – бақбақ** **«П»** дыбысының буын ішінде кездесе-тін сөздерге мысал келтіреді **Па-па-па – парта.** **Жа-па-лақ – жалпақ.** **Па-рақ – жа-пы-рақ** -балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: **1.Тебіншек ат – шегіншек.** **Шегіншек ат – тебіншек.**	**нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. **Түсінеді:** Қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. **Қолданады:** Сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді **Сөздік ойын: «Жалғасын тап»**. Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. **Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза)** **Біздің ... (топ)** **Біздің топта... (ойыншықтар көп)** **Біздің топта.... (үстел-дер, орындықтар, кереуеттер) бар.** **Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.**	ныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қол-дана білуге машық-тандыруды жалғастыру. ***«Үйлерді топтастыр» ойыны*** ***Ойын мақсаты:***Балаларды 2 әртүрлі фигура ***(дөңгелек,шаршы)*** мен 2 әртүрлі көлемдегі ***(сөздік нұсқау бойынша –үлкен, кішкен- тай)*** заттар-ды таңдау туралы түсінік беру; оларды пішініне және көлемі-не қарай топтастыруға үйрету.

	Қағаздан түрлі заттар жасауға болады.				
	4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті: Секіру:** Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру. **Мақсаты:** Таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді**, «Өз-өзіңе кел»** психологиялық- қозғалыс жаттығуын; **Түсінеді:** Тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын; **Қолданады:** 1,5 минутқа дейін орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын). ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).*** ***Ойын шарты:*** Балалар	**Музыка** **Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. **Мақсаты**: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту **Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей** **Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** ***«Жұптасу биі»*** (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** ***«Айгөлек»*** қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** **Жүру:** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. **Мақсаты:**-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см). Күтілетін нәтижелер: **Жасайды:** Тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, **«Миға арналған гимнастика»** жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. **Түсінеді:** Таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. **Қолданады:** Баяу	**Музыка** **Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру. **Мақсаты:**- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:** ***«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)*** Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова)*** ***Билер: «Жұптасу биі»*** (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: **«Айгөлек» қазақтың халық әні** (өңдеген Б. Қыдырбекова)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Тепе-теңдік-ті сақтау: заттардан ат-тап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру . **Мақсаты:** Таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төмен-нен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету. **Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды:** Гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: **Нұсқау:** Тізені жоға-ры көтеріп, іші толтырылған доптарды ат-тап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімде-рін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғы-ның ұшымен басып, сонан соң бүкіл таба-нын жерге қояды.Қау-іпсіздік техникасы қажет кезде көмек бе-ру, толтырылған доп-тарды

	шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқта-рын жинап алады. Кімнің аяғыілінсе, сол ойыншы **«Қармаққа түсті».** Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.		жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін **Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** Ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі ***Ойын:*** **«Қайда жасырылғанын тап». (2 рет).** Спортзалда еркін тұрады.		балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тыра-қай» (3 рет). Ойын шарты:** Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шең-бер бойында тұрады. Ортада ұстаушы жүр-гізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойы-мен жүреді: **«Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!»** Осыдан кейін зал іші-не тымтырақай қаша-ды. Ұстаушы бала-ларды қуып, ұстауға тырысады.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай	**Күздің ерте, кеш келуін бақылау** **Бақылау:** Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі **Тақпақ: «Күз»**	**Бақылау:** Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Жұмбақ:**	**Ойын алаңына ұшыпткелген құстарды бақылау** **Мақсаты:** Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). **Мақсаты:** Қарапайым	**Жаңбырды бақылау** **Жұмбақ : Көтеріліп теңізден , Аспанға биік барамын . Биіктен қайта түскенде , Өңі кірер даланың.** (Жаңбыр) **Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді

	болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Жұмбақ :** **Қанаты жоқ – ұшады,** **Аяғы жоқ – қашады.** (Жел) **Тәжірибе:** Желге қарсы жүгіру. **Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру».** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. **Еңбек:** Мұғалімге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. **Балалармен жеке жұмыс:** Тақпақ оқу. **«Желді күн» (Ж. Смаков)** **«Гу-гу, гу-гу шықты** **Желдетті де бұлт** **қуды.** **Жел соққан соң** **Жел соққандай** **жұлқынды»** **Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».** **Мақсаты:** Ынғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.	**Н. Әлімқұлов** **Берекесін сыйлауға** **Өлкемізге күз келді .** **Жемістерін жинауға** **Шақырады біздерді .** **Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау »** Дабыл бойынша арбамен **«егін»** тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу. **Еңбек :** **Гүлзарда жұмыс:** Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру . **Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу»** **Мақсаты:** Балаларды құмда сурет салуға үйрету .Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа т әрбиелеу .	**Бір түкті кілем,** **Бір түксіз кілем.** (Аспан) **Қимылды ойын: «Ұшақтар».** Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу. **Еңбек:** Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру.Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. **Өз бетімен ойындар ойнау: «Ұшақтар».** **Мақсаты:** Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек бер. .	тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр»** (мөлшері 2-3рет). **Мақсаты:** Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. **Мақсаты:** Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралптастарымен қарым қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	білуге үйрету: **сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр .** **Өзгерістерді көрсету:** Күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. **Қимылды ойын: «Кең қадам».** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу **(сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).** **Еңбек:** Гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге әрбиелеу . Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету . **Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».** Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі ж әне бір іс - әрекетті ұжыммен жасауы .
Сереуннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес	**Тілді жаттықтыратын тақпақ**	***Дидактикалық ойын:«Даусынан***	***Тіл жаттығулары: «Аударыспақ»***	***Саусақ ойыны: « Қозылар»***	***Ойын: «Үкі».*** ***Мақсаты:*** Үкінің

әрекеті	***Кім келді?*** ***Қане, қане кім келді?*** ***Біз, біз, біз!*** ***Апа, апа бұл сіз бе?*** ***Иә, иә, иә!*** ***Әке, әке бұл сіз бе?*** ***Иә, иә, иә!*** ***Ағатайым бұл сіз бе?*** ***Иә, иә, иә!*** ***Қарындасым бұл сен бе?*** ***Иә, иә, иә!*** ***Біздер тату жан ұя*** ***Иә, иә, иә!***	***таны»*** ***Шарты***:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. ***Дыбыстық жаттығу:*** ***Дан-дан-дан-манадан,*** ***Дан-дан-дан-шанадан,*** ***Ем-ем-ем– мінгізем.*** ***Ем-ем-ем – жүргізем.***	***Мақсаты:***-Әр түрлі түстерді қайталап бекіту; -сөздік қорын байыту; -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту. ***«Қандай?», «Не істейді?»*** сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету; -Заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау. -Дыбыстың сөздегі орынын тауып айту. -Балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету. -Балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту. -Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	***Мақсаты:*** Саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. ***Тіл дамыту жаттығуы:*** ***Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,*** ***Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,*** ***Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы аяқтары-мен жерді қопарды,*** ***Қопарды да өзі сурет салды,*** ***Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы ортаға тұрам деп,*** ***Бүкіл ағаларын итеріп тастады.***	немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету. ***Ойынның шарты:*** Педагог үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Педагог***«түн»*** дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Педагог ***«күн»***дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.
Балалармен жеке жұмыс	Жомарт пен Қ. Исламдыды дыбыстың айтылуын жаттықтыру	Әбілмансұр мен Ақмаржанға заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.	**Дидактикалық ойын: «Түстерді топтастыр»** Ақжарқын мен Нұрмұхамбетке түстерді ажыратуға үйрету.	Нурай мен Айнат қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.	Балаларға шығармашылық саласы бойынша топтасып ой-қиялдарымен ермексаздан жануарлар мүсіндеуді үйрету
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күн-	***Ата –аналарға кеңес:***- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гор-	***Ата –аналарға кеңес:*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күн-	***Ата –аналарға кеңес*** Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді	***Ата –аналарға кеңес:*** - Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз

	нен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	шоққа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	нен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толған-дыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.	мейіріміңізді көрсетіңіз.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі

Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 11.09 - 15.09. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.09	Сейсенбі 12.09	Сәрсенбі 13.09	Бейсенбі 14.09	Жұма 15.09
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»** **Шарты:**Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады..	**Д/ойын: «Кері айт»** **Мақсаты:**Мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдырларын бекіту. Сөздік қо-рын молайту, тілін дамыту.Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	**«Жолаушылар»** **Мақсаты:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	**Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз»** **Мақсаты:** Конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.	**Дидактикалық ойын:«Көліктерді ата»** **Мақсаты:** Балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру. Көліктер жайлы әңгімелесу.
Таңертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені (Жан-жақты дамытушы жаттығуы) (дене шынықтыру)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері: Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз***	***Жылулық шеңбері: Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық шеңбері: Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал!***	***Жылулық шеңбері: Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз***	***Жылулық шеңбері: Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.***
Билингвалды компонент	Дос-друг-friend, Бір-көп-один-много- one- a lot, Отбасы-семья-family, Әдемі-красивый-beauteful, бағбан – садовник- gardener еңбек – труд-work				
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Мақсаты**: - Жалпыла-ма сөздерді дидактикалық ойын барысында	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Әрбір сөз-дің мағынасы бола-тыны туралы түсінік қалыптастыру, сөз-дің мағынасына қызығушылыққа баулу. **Мақсаты:** - Сөздің дыбыстан құрала-тынын түсіндіру	**Математика негіздері** **Міндеті:«Бір»**сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес,сондай- ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. **Мақсаты:** Заттар жиынынан дара затты ажы-рата	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. **Мақсаты- «Дыбыс», «сөз»** туралы білімдерін бекіту. **Күтілетін нәтиже: Жасайды**: Дыбыс пен сөз	**Математика негіздері** **Міндеті:**Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден **(түсі,өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан)** құру **Мақсаты:** Заттар тобының **(жиынының)**

	түсіндіріп, үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Суретке қа-рап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпыла-ма сөзбен айтады; **Түсінеді:** Досына деген адалдықты, сенімділік-ті. **Қолданады:** Бір-біріне қол ұшын бере білуді. Үнтаспадан **Б.Самединеваның** орындауында **«Достар, достар» әні** тыңдатылады. Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып бере-ді.Міне, балалар, ма-қал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жай-лы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».** **Ойын шарты:** Педа-гог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздер-дің жалпылама , бала-масын айтады. **Мысалы: әке, ана , аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк**	**Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Сөздерді атайды, мағынасын түсінді. **Түсінеді:** Сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапа-сын, санын білдіре-тінін түсінеді. **Қолданады:** Дәп-термен жұмыс жа-сайды, сұрақтарға толық жауап береді. Педагог балаларға ыммен **«отырың-дар», «сөйлемең-дер», «тыныштa-лыңдар»,** – деп белгі береді. Ыммен – сөй-лемей ишарамен түсіндіру -Сөз белгілі бір ма-ғынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жаса-лады және сөзді ай-тамыз. Сөздің сыз-басын көлденең тік-төртбұрышпен бел-гілейміз. Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сыз-басы сызылған көр-некілікті тақтаға іліп, көрсетіп, түсіндіреді **Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жарысы»** – Жақсы, балалар, енді **«Сөз жары-сын»** ұйымдасты-райық. Мен бір тақырыпты айтамын,	бөлу білігін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді: «біреу», «көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды. **Түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше»** болатынын. **Қолданады:** Заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды. **Ойын жаттығуы: «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар»** Айналасынан қандай заттардың көп екенін **(орындықтар, үстел-дер, қарындаштар, кітаптар...)** және қан-дай заттардың бір-бі-реуден **(есік, монитор және басқалары)** еке-нін айтуды ұсынады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойын-шықтарды қаншалықты жиі алатындығы тура-лы сұрайды. Педагог 3-тапсырманы орындауды ұсынады: Бір сыйлықты таңдаң-дар. – Суреттегі бант қандай түске боялған? **(Қызыл.)** Бір сыйлықты таңдап, бантиктің түсіндей түске бояйды. Қанша қорап бояусыз қалды? – Онда не болуы мүмкін? – Сыйлыққа қандай ойыншық алғыңыз келеді? Әр бала бір қорапты таңдап, оны бояйды	туралы білгендерін еске түсіреді. **Түсінеді:** Сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапа-сын білдіретінін біледі. Қолданады: берілген дыбысқа сөз ойлап айтады **Дидактикалық жаттығуы:«Берілген дыбысқа сөз ойлап айт»** **Ойын шарты:** Педагог балаларға **«А»** дыбысы-нан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. **(Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады).** Мысалы айтылатын сөздер: **алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.** Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады	жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді**: **«Бір», көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды, дара заттарды бөліп алуды, заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді. **Түсінеді:** Заттарды бір қасиеті **(белгі)** бойынша топтарға біріктіруге болатынын. **Қолданады**: заттарды жіктеуді. – Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар? **Талқылайды**:Балаларға жиындарды топтарға бөлуге көмектеседі: **көкөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз.** – Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба? – Қанша көгөніс **(тәттілер)** бар? – Қарбыз туралы не айтуға болады? Неше қарбыз бар? Қарбызды бөлектеуді ұсынады – ол біреу. **«Көп»** және **«бірнеше»**

		сендер сол тақырып-қа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. **Мысалы:** Ыдыс, жа-нуарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады **(сөз айтқан балаға түрлі түсті қаланан беріліп отырады).** – Ыдыс. – Кесе, тәрелке.			терминдерді қолдана-ды. Саны бойынша са-лыстырады: жеміс көп, ал қарбыз біреу. Көгөніс көп, ал қарбыз біреу және т.с.с. Заттар тобын **«бір»** деген – сөзбен көрсету үшін, ұқсас суреттермен жұмысты жалғастыру керек. – Балалар қанша алма **(себет алма)** жинады? **Балалар:** Көп себет алма жинады.
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:-«Бір»** сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес,сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың то-бын білдіретінін түсін-діру **Мақсаты:** Заттар жиы-нынан дара затты ажы-рата бөлу білігін қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер: меңгереді: «Біреу», «көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды. **Түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше»** болатынын. **Қолданады:** Заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды **Топтағы практикалық жұмыс**: Одан кейін қа-рындаштармен **(таяқша-лармен, текшелермен және басқа да заттар-мен)** практикалық жұмыс ұсынуға болады. Әрбір	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Айналасын-да болып жатқан оқи-ғаларға өзінің көзқа-расын білдіруге құл-шынысын дамыту, сөй-легенде мақал-мәтел-дерді қолдануға баулу. **Мақсаты:**- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:**Мазмұны-ның жүйесін сақтай отырып өлеңді айтып бере алады. **Түсінеді:** Өлең мазмұ-нын түсінеді, әдеби жанрды ажыратады. **Қолданады:** Өлеңді жатқа айта алады, басқалардың пікірін тыңдайды. ***Дидактикалық ойын: «Жеміс терейік».*** **Ойынның ережесі:** Интерактивті тақтада-ғы немесе муляж же-	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздің дыбыс-тан құралатынын түсіндіру. **Мақсаты:** Сөздің дыбыс-тан құралатынын түсіндіру **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Сөздерді атайды, мағынасын түсінді. **Түсінеді:** Сөздердің зат-тың атын, табиғат құбы-лыстарын, түрлі түсті, зат-тың сапасын, санын білді-ретінін түсінеді. **Қолданады:** Дәптермен жұмыс жасайды, сұрақ-тарға толық жауап береді **Дидактикалық жатты-ғуы «Мен айтамын, ал сен көрсет»** – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айта-мын, ал сендер сол сөздер-ді орындайсыңдар. **Мысалы:** Жүгіру, секі-ру, отыру, бір аяқпен тұ-ру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу,	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сөз өнеріне баулу,жаңылтпаш айту. **Мақсаты:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бі-різдіігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Әдеби жанр-ларды ажыратады; әңгіме ні мазмұндайды. **Түсінеді:** Әңгіменің маз-мұнын және еңбектің не екенін. **Қолданады:** Мазмұны-ның жүйесін сақтай оты-рып, әңгімені айтып бере алады – Бүгін **Мәдіхат Төреж-новтың «Кішкентай бағбан»** әңгімесімен та-нысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерек-шелігі–оқиғаны қысқа әңгі-мелейді. Әңгімені мәнер-	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Өзінің жасы-на сәйкес өмірінде бо-латын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек ету дағды-ларды игеруге ықпал ету. **Мақсаты:** Балалардың мектеп қызметкерлері туралы, олардың жұмы-сының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Мектеп ызметкерлері туралы әңгімелейды. Сандар арқылы интербелсенді тақта-дан тапсырмаларды орындайды. **Түсінеді:** Мектеп мамандары балалар үшін жұмыс жасайтынын . **Қолданады:**Мектеп мА-

	үстелге көп қарындаштарды **(таяқшалар және басқалары)** қояды. – Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? **(Көп.)** – Қанша қызыл қарындаш бар? **(Біреу)** – **«Біреу»** сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар. Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады. – Қандай ойыншықтар туралы **«біреу»** деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар. Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде **«бірнеше»** немесе **«көп», «біреу»** сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды. Балалар түстері бірдей ойыншықтарды атайды.	містер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады. **Ойынның шарты:** Балалар жемістерді атап береді. **Мысалы: Алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б** **Тақпақты жаттату:** ***Күз – жомарт*** ***Тоңазып атырап,*** ***Көк жеміс піседі.*** ***Сарғайып жапырақ,*** ***Саудырап түседі.*** ***«Күз – жомарт»*** ***дейміз біз,*** ***Жемісін жейміз біз***.	шапалақтау, бір орында жүру т.б. ***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы*** **Шарты:** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады ***(дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).*** Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.	леп оқу -Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әке-сінің қай сөзін айтты? **(Балалармен бірге қайталап оқу).** – **«Кішкентай бағбан»** деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды	мандарының қайсысы қандай жұмыспен айналысатыны туралы білімдерін күнделікті өмірде **«Қажетті құралдарды жина» ойыны** (*Үстелде әртүрлі зат-тар шашылып жата-ды, соның ішінен мейір-бикеге қажетті құрал-дарды жинап, сөмкеге салу қажет).* **«Не үшін керек?» ойыны** **Ойын шарты:** Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. **Олар:** кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы.
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті :** Туыстық байланыстарды түсіну **(өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты),** өзінің жеті атасын білу. **Мақсаты:** -Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды :** Өз отбасы туралы әңгімелеуге	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз бетінше қарымқатынас жа-сауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қою-ға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Мақсаты:** -Мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздерді атайды, сөйлем-	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану. **Мақсаты:** Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:**Суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау **(басы, ортасы, соңы).** **Мақсаты:** Мамандық иелерін құрметтеуге баулу **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. **Түсінеді:** Адамгерші-	**Мүсіндеу** **Міндеті:-** Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. **Мақсаты:**Бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - Қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту

	байланысты тапсырмаларды орындайды. **Түсінеді:** Отбасы мүшелері арасындағы байланысын **Қолданады:** Өз отбасы туралы алған білімдерін күнделікті өмірде Отбасы қандай болу керек? **– Отбасы тату болу керек.** – Ал тату болу үшін не істеу керек? **– Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек.** **– Бір-біріне көмектесу керек** **«Кім қалай жақын» ойыны.** – Атаңның саған қандай жақындығы бар? – **Әкемнің әкесі.** – Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? **– Әкемнің анасы**. – Сен оларға кім боласың? – **Немере.** – Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады? **– Қызы.** – Сен әкеңе кім боласың? **– Баласы.**	дерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды. **Түсінеді:** Сұрақтарды түсінеді. **Қолданады:** Шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап беледі **Сөздік ойын:** **«Жалғасын тап».** **Ойын шарты:** Суреттерді көрсетеді, сурет-ке байланысты заттың атын атайды, сол сөз-ге сөзді байланысты-рып жалғап, сөйлем құрайды. **Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).** **Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз).** **Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).**	**Түсінеді:** Досына деген адалдықты, сенімділікті; **Қолданады**: Бір-біріне қол ұшын бере білуді. -Балалар, **«Дос»** деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет.Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. ***Мақал-мәтелдер***: Педагог балаларға дос туралы мақал-мәтел айтып, мағынасын түсіндіріп, жаттады. ***1.Досы көпті, жау алмайды.*** ***Ақылы көпті, дау алмайды.*** ***2. Дос, доссыз өмір бос.*** ***Педагог түсіндіреді:*** – Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады	лікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді. **Қолданады:**Балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасады, қарапайым сұраққа **Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. **– Бұл кім?** **– Бұл – тәрбиеші.** **– Аты кім?** **-Айман Төлеутайқызы.** – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.	- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу **«Күз»** **Ой, балалар, балалар,** **Қоңырқай күз болыпты.** **Құрап жапырақ солыпты,** **Ел егінін орыпты.**
	4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Арқан бойы-мен бір қырымен, қо-салқы	**Музыка** **Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің маз-	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Скамейканың бойымен екі қадам қашық-	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық шығармалардың жан-	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты бір қатарға қойылған заттар-дың

	қадаммен **(өк-шені арқанға, аяқ ұшын еденге қою)** жү-ру, әр қадам сайын доп-ты алдынан немесе ар-тынан қолданқолға ауыстыра отырып, ке-дір-бұдыр тақтай, гим-настикалық скамейка бойымен жүру. **Мақсаты:** Допты бас-тан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді. **«Өз-өзіңе кел»** психо-логиялық- қозғалыс жаттығуын. **Түсінеді:** Тізбекпен қа-лай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру ке-ректігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын; **Қолданады:** 1,5 мин. дейін орташа қарқын-мен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, ке-ңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын **«Өз-өзіңе кел» психо-логиялық- қозғалыс жаттығуы.** .**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру»** Шеңберге тұрып, б-ла-лардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын ба-ланы таңдайды. Белгі	мұнымен, оның көңіл-күйімен байланысты-ра білуді қалыптас-тыру **Музыка тыңдау: «Гүлдерайым»** қа-зақтың халық әні (өң-деген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**:**«До-ре-ми»** (Ө. Байділдаев), **«Білімің – бұлағың»** (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақ-тық қимылдар:** **«Марш»** (В. Дешевов) **Билер**: **«Жұптасу биі»** (чех халық әуені) **Ойындар, хоровод-тар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактика-лық ойындар» жинағынан)**	тықта орналасқан іші тол-тырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу . **Мақсаты: -«Өкшемен отырып»** бастапқы қал-пымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды **(тастарды)** лақтыру дағ-дыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Тыныс алу гим-настикасы, 4 метр артпен жүру, **«Миға арналған гимнастика»** жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. **Түсінеді:** Таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ереже-лерін қатаң сақтау керек-тігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. **Қолданады:** Баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсіл-мен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл ампли-тудасын қолдануды, кеңіс-тікті бағдарлау қабілетін. **«Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет).** Әртүрлі бағытта бір аяқ-пен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. **Жүргізуші: «Секірсе-**	рларын ажыратуға **(ән, күй, марш, би)** үйрету**.** **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Шығарма-ларды тындайды, қа-рапайым күй жанрла-рын ажыратады; ән орындайды. **Түсінеді:** Ән айту дағдыларын. **Қолданады:** Мәнерлі қимылдарды орындайды **Музыка тыңдау: «Гүлдерайым»** қазақ-тың халық әні (өңде-ген Т. Қоңыратбай). **Ән айту:«До-ре-ми»** (Ө. Байділдаев), **«Білімің – бұлағың»** (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақ-тық қимылдар:** **«Марш»** (В. Дешевов) **Билер: «Жұптасу биі»** (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш»** («Дидактикалық ойындар» жинағынан)	арасымен домалату, допты қабырғаға лақты-ру және екі қолымен қағып ал. **Мақсаты:** Допты бір қатарға қойылған зат-тардың арасымен дома-лату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолы-мен қағып алу. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Тыныс алу гимнастикасы, допты бір қатарға қойылған зат-тардың арасымен домалату. **Түсінеді**: Қимыл жатты-ғуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ ба-сына басып, қысқа қа-дамдар жасау керекті-гін. **Қолданады**: Баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсіл-мен жүргенде қолдары-ның соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдану-ды, кеңістікті **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет).** **Шарты:** Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. **«Қасқыр»** зал ортасында орналасады. ***«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,*** ***Бөрте лақ тым ерке-ақ.*** ***Кетесің кейде секеңдеп,*** ***Байламаса көкем кеп».***

	бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады.		**кір!»** дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны)** Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. **Жүргізуші: «От!»** дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.		
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Бұлтты бақылау.** **Жұмбақтар :** **1. Ақ мақта ,** **Жүзіп барады бір жаққа**. (Бұлттар) **2. Көзі жасты – жылжып,** **Келе жатыр бір алып ,Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды.** (Бұлт) **Бақылау:** Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі таби-	**Өрмекші мен өрмекті бақылау** **Жұмбақ.:** **Шидиген ұзын сирағы,** **Тастай керең құлағы.** **Сөйтіп жүріп көп жерге,** **Аспалы торлар құрады.** (Өрмекші) **Бақылау:** Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өр-мек ол	**Қоңыр күзді бақылау, салыстыру** **Мақсаты:** Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін	**Жеңіл көлікті бақылау** **Жұмбақтар:** **1.Арқасында алып жүр, Ала тайым шауып жүр**. (Автобус) 2.**Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар**. (Трамвай) **Бақылау:** Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы	**Автобустарды бақылау** **Жұмбақ:** **Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді.** **Бар жолмен жүртты тасып жүр, Жылдамдыққа басып жүр.** (Автобус) **Бақылау:** Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік

	ғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Қимылды ойын: «Кең қадам».** **Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға т әрбиелеу **(сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).** **Еңбек:** Гүлзардағы жерді қопсыту Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету . **Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».** **Мақсаты:** Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі ж әне бір іс - әрекетті жасауы .	өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екендігін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. **Қимылды ойын: «Маймылдар».** **Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуға үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажетті-гін үйрету. Ойын бары-сында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу. **Еңбек: «Өрмектеп жинау».** **Мақсаты:** Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мұлтіксіз орындау, қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар ойнау. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. **Еңбек:** Құмсалғыш-тағы құмды күрекше-лермен көтеру. **Балалармен жеке жұмыс:** Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. **Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру)** **Мақсаты:** Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. **Көркем сөз: «Күз»** **Қара бұлт қабағын түйеді,** **Бұталар боз қырау киеді** .	мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету **Қимылды ойын: «Такси».** **Мақсаты:** Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып **(обруч),** қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтау. **Еңбек:** Берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке деген дұрыс көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».** **Мақсаты:** Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.	**(тасымалдайтын)** оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру **(үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).** **Қимылды ойын: «Бос орын».** **Мақсаты:** Сигнал бойынша **(жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді)** ойын ережелерін сақтап **(шеңберді айналып жүгіреді)** босатылған орынға тез отыруға үйрету. **Еңбек:** Күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Қардан құрылыстар жасау».** **Мақсаты:** Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауға үйрету. Жұмыла ойнауға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті	***Жаңылтпаш:*** ***Жамап-жасқап,*** ***Жасапты он шақты аспап.*** ***Соның ішіндегі*** ***Ақ сапты аспабы*** ***Жап-жақсы аспап.***	***Тіл ұстарту жаттығулары*** ***«Күз» туралы*** ***Үз – үз – үз,*** ***Жаңбырлы Күз.*** ***Рақ – рақ – рақ,*** ***Саулайды жапырақ.*** ***Ел – ел – ел,***	***Санамақ:*** ***Қолға қалам алайық,*** ***Қанша сан бар жазайық.*** ***Қарап тұрмай сандарды,*** ***Қайта, қайта санайық.***	***Дидактикалық ойын:*** ***«Қай мезгілде киеміз»*** ***Мақсаты:*** Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік	***Ойын түріндегі жаттығу:*** ***«Не жақсы, не жаман?»*** ***Ойыншарты:*** Ойын барысында балалар ермексазбен, арнайы кескішпен жұмыс істеу

		Соғады жел. ***Іс – іс – іс,*** ***Піседі жеміс.*** ***Дай – дай – дай,*** ***Жинаймыз бидай.***		қорларын молайтып, ауыз екі сойлеуге баулу. ***Құрал- жабдықтары:*** Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері. ***Ойынның барысы:*** Суреттегі киімдер қай жыл мезгіліне сәйкес келетінін тауып, жыл мезгілі бейнеленген суретке сәйкестендіріп қояды.	ережелерін пысықтайды.
Балалармен жеке жұмыс	О. Ислам мен Айзере құстарды танып,атын атауға үйрету.	Айкөркем мен Абумансұртүстерді ажыратуға үйрету. **Д/ойын: «Түстерді топтастыр»**	Елдос пен Балсезімге карандашты дұрыс ұстауға үйрету.Суреттен ойынжаттығу **«Үзік сызықтарды қос»**	Камшат пен мен Кәусарға ер-мексазбен жұмыс жасауға үйрету. **Мүсіндеуден ойынжаттығу:«Асық»**	Әділ мен Нәзікті түстерді ажыратуға үйрету. **Д/ойын: «Түстерді топтастыр»**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың қайтуы. Ата-аналармен жеке әнгімелесу,кеңес беру.	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Үйге тарау.Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Балалардың қайтуы. Ата-аналармен жеке әнгімелесу,кеңес беру.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі

Топ \сынып :мектепалды сынып
Жоспарлау күні: 18.09 - 22.09. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.09	Сейсенбі 19.09	Сәрсенбі 20. 09	Бейсенбі 21. 09	Жұма 22. 09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды, үстел үсті ойын-дары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел –үсті ойыны:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру	**Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс** Мақсаты: Тілдің дыбыста-рын естіп қабылдау, олар-ды сөздер ішінен бөлу жә-не сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түр-лерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	**Дидактикалық ойын** «Бұл не? Кімге керек?» **Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	**«Әдемі үйшік» Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	**Нан туралы тақпақ** Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар**!**
Таңертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы) (дене шынықтыру)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері: Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз***	***Жылулық шеңбері: Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық шеңбері: Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал!***	***Жылулық шеңбері: Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз***	***Жылулық шеңбері: Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.***
Билингвалды компонент	Бау-бақша – сад- garden. жеміс – фрукты- fruits, алма – яблоко- apples , өрік – абрикос- apricot. Ойыншық – игрушка- toy , тарақ – расческа- comb , доп– мячь- ball , ұжым – коллектив- collection , Жиын- сбор-collection, нан – хлеб- bread , наубайшы – пекарь- baker , диқан – фермер- farmer .тіл – язык- tongue , көмей – гортань- larynx , таңдай – нёбо- palate , жақ – челюсть- jaw				
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту Міндеті : -«Д» – «Т»** дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету. Ойын-шықтардың суретіне қарап, әңгіме	**Сауат ашу негіздері Міндеті:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Дауысты	**Математика негіздері Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден **(түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қи-**	**Сауат ашу негіздері Міндеті:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау .**Мақсаты:**	**Математика негіздері Міндеті: «Бір»** сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес,

	құрай бі-луге үйрету. **Мақсаты: «Д» – «Т»** дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету.Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**:Ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды. **Түсінеді:**Ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін. **Қолданады :**Дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды **Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».** **Ойын шарты**: Балалар тығылған ойыншық-тарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.	және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**: Дауысты дыбыстарды ажыратады. **Түсінеді**: Дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз айтылатынын. **Қолданады:** Дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді. **Дидактикалық жаттығуы: «Тиісті текшені көтер»** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады **(дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).** Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету – Дыбыстарды қалай белгілейміз? **(Төртбұрышпен).** Педагог **«алма»** сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға **«алма»** сөзінің сызба-сын іліп бірінші «А» дауысты дыбысты қызыл	**мылы, қолданылуы бойынша заттардан)** құру. **Мақсаты:** Заттар тобының **(жиынының)** жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру **Күтілетін нәтижелер:** **меңгереді**: **«бір», көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды, дара заттарды бөліп алуды, заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді. **Түсіне**ді: Заттарды бір қасиеті **(белгі)** бойынша топтарға біріктіруге болатынын. **Қолданады**: Заттарды жіктеуді. Суретте не бейнеленгенін атайды. – Жемістердің мөлшері бірдей ме? Әр түрінен бір үлкен жемісті бояйды.Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. – Әр топта қанша кіші және үлкен алма бар? Педагог сөйлеу барысында **«бірнеше»** немесе **«көп», «бір»** сөздерін пайдалануға шақырады. Балалар тапсырманы орындайды. Олар суретте не бейнеленгенін айтады. Жемістердің әр	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**: Суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады. **Түсінеді:** Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Тақтаға суреттерін іліп көрсету**. – Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді. Жуан дауысты ды-быстар**: а, о, ы, ұ, у.** Айнаны қолымызға алып жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дау-ысты дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. ***Дидактикалық жаттығуы «Тиісті текшені көтер»*** **Шарты:** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады ***(дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).*** Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті	сондай -ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. **Мақсаты:** 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді**: 1 және 2 саны мен цифрын; **Түсінеді**: **«бір»** зат пен заттар **«жұбының»** не екенін; **Қолдана**ды: Жекедара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды Педагог іздеу тапсырмаларын ұйымдастырады. – Неше паровоз? – Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Дауыстап **«екі»** сөзін қайталайды. Одан кейін ұсынады: – Терезелерді санаймыз: **бір, екі**. Келесі ва-гонда: бір, екі және т.с.с. – Вагондардың әрқайсысында 2 терезе бар. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкер-

		фишкамен белгілейді	түрінен бір үлкенін қоршап сызады. Қалғандарын сары түспен қоршап сызады.	фишканы, көтереді.	лерді, терезелерді САнайды. **Ойын жатығуы: «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу».** Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген зат-тарды топтан іздеуді ұсынады. – Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар? Педагог **«екі»** сөзінің **«жұп»** дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Балалар дауыстап **«екі», «жұп»** деп қайталайды. – Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар. – Бір затты **(1саны)** және заттар жұбын **(2 саны)** қандай цифрмен белгілейміз?
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден **(түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан)** құру. **Мақсаты:** Заттар тобының **(жиынының)** жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды **(ертегі, әңгіме, өлең)** ажырату. **Мақсаты** Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу **Күтілетін нәтижелер:**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**: Суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады. **Түсінеді:** Жуан дауысты дыбыстардың жасалу	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру **Мақсаты:** Шығарма мазмұнын сю-жеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен,	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. **Мақсаты:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту **Күтілетін нәтижелер:**

	Күтілетін нәтижелер: меңгереді: **«бір», көп», «бірнеше»** терминдерін айтуды, дара заттарды бөліп алуды, заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді; **Түсіне**ді: заттарды бір қасиеті **(белгі)** бойынша топтарға біріктіруге болатынын; **Қолданады**: Заттарды жіктеуді. ***Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай машиналарға көкөністерді салайық»*** **Ойын шарты:** Педагог биік және ала-са, заттарды топтан іздеуді ұсынады. Педа-гог қызыл түсті қарындашпен қызыл түсті заттарды атауды және сызып қосуды ұсынады. Ағаштан жасалған заттарды атап, қоңыр қарындашпен қоршап сызады. Суретте киімнің суреттері бар ма? Оларды атайды. Қаған заттарды қалай атауға болады.	**Жасайды**: Әдеби жанрды ажыратады, сұрақтарға жауап береді; **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді; **Қолданады:** Өленді жатқа айтады, басқалардың пікірін тыңдайды ***1.Көп ойнай бермей, еңбек ету керек.*** ***2.Жер адамның еңбегін өтейді.*** ***3.Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді.*** Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады **Мақалды жаттап ал.** ***Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның.*** Балалар педагогтің жетелеуімен еңбек еткен адамның өсіргені балдан да тәтті екенін түсінеді. ***«Сиқырлы қоржын» ойыны.*** **Ойынның шарты:** Қоржында әртүрлі жемістер бар. – Балалар, қоржында не бар деп ойлайсыңдар? Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын атайды. – Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз? -Жемістер қайда өседі?	жолын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Дидактикалық жаттығуы:** **«Құпия сөз»** **Ойын шарты:** Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. – Ауыл. – Иә, балалар, бұл – ауыл. Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі.	қисын-ды қайталап айтып беру, диалогтік сөй-леуді дамыту,кейіпкерлерге және олардың әре-кеттеріне өз көзқарасын білдіру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені мазмұндайды. **Түсінеді**: Әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; **Қолданады:** Мазмұнының жүйесін сақтай отырып, әңгімені айтып бере алады **«Күз жомарт»** Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Неліктен күзді жомарт дейміз? – Күзде ауа райы қандай болады? – Күзде адамдар қалай киінеді? – Неліктен күзді жақсы көресің? Көгөністер мен жемістердің мол өнім беруі еңбекке байланысты. Күтіп-баптасақ, мол өнім ала-мыз. Еңбектің арқа-сында жақсылық та, қуаныш та, байлық та болады	**жасайды**: саңырауқұлақтар мен орман жидектерінің кейбір түрлерінің атауын атап береді. **түсінеді**: саңырауқұлақтар мен жидектердің қандай жағдайда өсетінін, белгісіз саңырауқұлақтар мен жидектерді жеу қауіпті екенін түсінеді. **қолданады:** алған білімдерін күнделікті өмірде пайдаланады Балаларғамсаңырауқұлақ-ардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Табиғатты аялай білуге баулу. ***Бірінші топ: «Саңырауқұлақты қалай дұрыс жинаймыз?»*** тақырыбында жасалған сызбалық суретпен жұмыс істейді. ***Екінші топ: «Саңырауқұлақ кімге қажет?»*** суретімен жұмыс істейді. Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкалардың көмегімен бірнеше топқа бөлінеді; өтіп жатқан тақы-рыпқа қарай, гүлдер мен жануарлардың атауына қарай. Пышақпен кесу қажет. Қолмен жұлуға болмайды.Улы саңырауқұлақтарды алуға болмайды.Себетке мұ-

					қият салу керек. Саңырауқұлақтармен бұландар, тиіндер, құстар, кірпілер, шырыштылар,ұлулар,бақалар қоректенеді.Оларды адамдар да жейді
	3 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:**Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Мақсаты:** Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**:Астық дақылдарының атауын атап береді. **Түсінеді**: Жақсы өнім дикандардың еңбегінің жемісі екенін түсінеді. **Қолданады**: Қарапайым еңбекті күнделікті өмірде пайдаланады **«Тұқым» ойыны**: **Ойын шарты:** Педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты **(ба-**	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу. **Мақсаты:** Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу. **Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».** **«Қуыршақтар»** қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды **«Ойыншықтар дүкені»** ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. **Диалог:** **Бала:** Сәлеметсіз бе! **Қуыршақ:** Сәлеметсіз бе! **Б:** Маған ойыншық беріңізші? **Қ:** Қандай ойыншық? **Б:** Ойыншық мәшине. **Қ:** Міне, ал. **Б:** Рақмет. **Қыз:** Сәлеметсіз бе! **Қ:** Сәлеметсіз бе!	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. **Мақсаты: :** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**:Ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды. **Түсінеді :**Ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін. **Қолданады :**Дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды. ***Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».*** ***Ойын шарты:*** Балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданы-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат,сын, сан есімдерді қолдна отырып құрастыруға баулу. **Мақсаты:** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. ***Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?».*** ***Мақсаты:*** Балалар өткен тақырыптар бойынша сөздерді естеріне түсіріп, атайды. ***Ойын шарты:***Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Құрастыру** **Міндеті:** - Қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегіс-теп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу білік-терін қалыптастыру. **Мақсаты:** Қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу білік-терін қалыптастыру. ***«Не ұшады, секіреді, жүгіреді?» ойыны.*** ***Ойын шарты:*** Қимыл іс-әрекетті атаған кезде, сондай қимыл жасай- тын аңқұстарды атау. ***Ұшады: торғай, қарлығаш, аққу...*** ***Секіреді: қоян, тиін, қосаяқ, маймыл...*** ***Жүгіреді: арыстан, қасқыр, түлкі...***

	лалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады **(балалар орындарынан тұрады).** Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? **(Қара бидай сабағы).** Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? **(Бидай сабағы)** Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? **(Сұлы.)** Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? **(Күн, жаңбыр және адам қолдары.)** **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады?»** Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? **(Ана, әже, әпке).**	**Қыз:** Маған қуыршақ беріңізші? **Қ:** Міне, ал. **Бала:** Рақмет. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: **жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар** болады.	латынын түсін айтып береді. **Сылдырмақпен би:** ***Қолымызда сылдырмақ*** ***Сылдыр, сылдыр етеді.*** ***Аяғымыз тыпырлап,*** ***Өзі билеп кетеді.Тып,*** ***тып, тып, тып.*** ***Тыпылдатып биге шық.*** ***Қолымызда сылдырмақ,*** ***Сыңғырлата қағамыз.*** ***Сол аяқ пен оң аяқ*** ***Басуын тез табамыз.*** ***Тып, тып, тып, тып***		
	4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Модульдер үстімен **(із салынған парақтар, арқан т.б.)** тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кере-метттігін түсіндіру. **Мақсаты:** Модульдер үстімен **(із салынған парақтар, арқан т.б.)** тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру	**Музыка** **Міндеті:**Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (**кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар**) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қо-лымен бір-біріне **(ара-қашықтығы 1,5–2 метр)** басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (**арақашық-тығы 4 метр)** жүргізу, допты лақтыру	**Музыка** **Міндеті:** Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша **(кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар)** әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен **«жыланша»** төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. **Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына

	Күтілетін нәтижелер: **Жасайды:** Бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-бірі-не допты лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды. **Түсінеді:** Модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін. **Қолданады:** Бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін. ***Қимыл-қозғалыс ойын: «Аяғы жерге тимей...»*** **Ойын шарты:** Жүргі-зушіні сайлайды. Қал-ғанда ры шашырап қашады. Жүр гізушіден қашып, ойыншы лар аяқтарын жерден тар--тып алады. Сол мақ-сатта олар бір нәрсеге шығып алады немесе аяғын көтеріп отыра қалады. Аяқтары жерге тимесе, жүргізу ші оларды ұстай алтайды, егер тиіп қойса, ұстап алады. Ұсталған ойын-шылар ойыннан шығады.	жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақ-ты жүгіріспен беру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Қара-пайым шығармалар-дағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды. **Түсінеді:** Бидің вальс, полька, халық биі сияқты жанрлары болатынын. **Қолданады:** Пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Музыка тыңдау:** **«Вальс»**(Қ. Шілде-баев), **«Полька»** (М. Красев), **«Қамажай»** халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту:«Мен өнерлі баламын»** (М. Омаров)**«До-ре-ми»** (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақ-тық қимылдар:** **«Биімді қайтала»** (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер: «Жұптасу биі»** (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?»** (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай»** қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (**арақашықтығы 4–5 метр)** **Мақсаты** Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Көлбеу қойылған нысанаға асықты 2.5 метр қашықтықта тұрып лақтыруды, бір аяқпен әртүрлі бағытта секіруді **Түсінеді:** Балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан Республикасындағы халықтар достығы туралы мәліметті. **Қолданады: «Өкшемен отырып»** бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды **(тастарды)** лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».** **Ойын шарты:**Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орын-дайды. (5 рет) **«Асық лақтыру» –** дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (**арақа-шықтығы – 2,5 метр).** Құрсаулардың (4 құр-сау) айналасында	жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Қара-пайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды. **Түсінеді:** Бидің вальс, полька, ха-лық биі сияқты жанрлары болатынын. **Қолданады:** Пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдар-ды орындайды. **Музыка тыңдау:** **«Вальс»** (Қ. Шілде-баев), **«Полька»** (М. Красев**),** **«Қамажай»** халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту: «Мен өнерлі баламын»** (М. Омаров) **«До-ре-ми»** (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақ-тық қимылдар:** **«Биімді қайтала»** (үнтаспада, педагог-тің таңдауымен) **Билер: «Жұптасу биі»** (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:**	дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. **Күтілетін нәтижелер**: **Жасайды:** Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м ара қашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді**.** **Түсінеді:**Тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. **Қолданады:** Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды. Гимнастикалық қабыр-ғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, теп-кішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техни-

			тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. **«Қазанға»** көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. **Бастапқы қалып:** Аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.	**«Ән салған кім?»** (А. Райымқұлова)	касына басты назар аудару қажет. **(4 рет)**
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Ересек балаларды бақылау** **Балдырған баламыз,** **Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне, Сенімді боламыз.** **Екі деген екі дос,** **Бірін-бірі қимайтын.** **Артық-кемді етпей сөз,** **Бірін-бірі сыйлайтын.** **Бақылау:** Ересек балалар-ды **(мінез құлықтары, ойындары),** киімін бақылауға; киім түрлерін, олар-ды арнаулы атауға **(бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және т.б..);** киім және ауа райы ара-сындағы байланыс орна-туға үйрету. Ересек бала-лар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбие-леу. **Қимылды ойын:**	**Ағаштарды бақылау** **Көркем сөз . Тербеледі ағаштар , Алдымнан жел еседі,** **Кіп -кішкентай ағаштар ,** **Үп -үлкен боп өседі .** **Бақылау: С**ыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2 -3 түрін **(шырша, қайың, терек)** танып, ажырата білу. Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақыла, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау . **Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар».**	**Шөптің ұрауын бақылау** **Жұмбақ:** **Дала кілемі. Ол не?** (Шөп, өсімдіктер) **Бақылау:** Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Қимылды ойын: «Көгершін» ойын** (шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны) **Мақсаты:** Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау **(қабылдаған қа-лыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу)**. Ойын	**Шыбын, шіркейлердің жойылуын бақылау** **Жұмбақ.** **Шидім, шидім, шидім құс,** **Ши басына қонған құс.** **Қарқаралы қара құс,** **Хан басына қонған құс**. (Шыбын) **Бақылау:** Күз мезгілінде шыбын шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы. **Қимылды ойын:**	**Саңырауқұлақтар-ды бақылау** **Жұмбақ:** **Сырты бүтін,** **Іші түтін.** (Саңырауқұлақ) Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы. Улы – мухомор, бозарыңқы арамқұлақ. **Бақылау:** Саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану **(түсі, пішіні).** Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділіке тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Аюдың апанында» (орыс халқының**

	«Ақ аюлар». Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қаты-нас қабілеттілігін қалып-тастыру. **Еңбек:** Сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолжетімді көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылы-ғын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.	Бейнеленген сын –сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, алаңда бір - біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету . **Еңбек:** Ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету . Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу . **Өз бетімен ойындар:** Әткеншек тебу . Ойын барысында достық қарым - қатынас бірлестігін жетілдіру .	ережесін сақтау. **Еңбек**: Қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау. Тырнауыштар-мен жұмыс істеуді бекі-ту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүй-гіштікке баулу. **Өз бетімен ойындар: «Ертегідегі үйшік» ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.	**«Көбелекті ұстап алу».** **Мақсаты:** Бір затты **(көбелекті)** ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы қарым-қаты-наста болуға, тәр-биелеу. **Еңбек:** Клумбалар-ды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіпеншіліктерін арттыру. Өз бетімен ойындар: жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету.	**ұлттық ойыны).** Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. **«Аюды»** санамақ арқылы таңдауға үйрету. **Еңбек:** Тотықұсқа тамақ. Ерікті күш-терді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойындар: «Балық аулау»** т.б. ойындар. Ептлікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті	***Саусақ туралы жаттау:*** ***Бас бармағым- атам үйдің данасы,*** ***Балан үйрек-әжем ошақ анасы,*** ***Ортан терек- әкем отау панасы,*** ***Шылдыр шүмек- ше- шем шаңырақ ажары,*** ***Титтей бөбек-мен бәрінің базары.***	***Дидактикалық ойын: «Кері айт»*** ***Мақсаты:*** Мағыналары Қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекі-ту. Сөздік қорын молайту,тілін дамыту.Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	***Тіл ұстарту: (л, р)*** ***Ла, -ла, -ла - ол білімді бала,*** ***Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала.*** ***Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала,*** ***Рет, -рет, -рет - бала салды сурет.***	***Саусақ жаттығулары:*** ***«Тық-тық» дыбыс шықты,*** ***Бас бармақ тақылдады.*** ***Артынан саусақтарының,*** ***Барлығы мақұлдады.*** ***Біз мысықпыз – мысықпыз,*** ***Бізге жақындамаңыз.*** ***Тырнауға біз дайынбыз,*** ***Бала емеспіз – мысықпыз!***	***Дидактикалық ойынның атауы: «Көкөністер мен жемістер»*** ***Мақсаты:*** Көкөністер мен жемістерді ажы- рата білуге үйрету, ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. **Ойынның барысы**: Көкөністер мен жеміс- терді атап, екі себетке бөліп орналастыру.

				(Екі қолдың саусақта-ры бірге, ал кейін әр қол кезекпен үстел үстін тырнайды)	
Балалармен жеке жұмыс	Айтуар мен Айнатты үнді дыбысты **«Р»** дұрыс дыбыстауды қалыптас-тыруға жұмыс жасау.	Нұрсұлтан, Қәусар **5-ке** дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішін-дерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Балсезім мен Нурай қатаң дыбысты **«Қ»** дұрыс дыбыстауды қалыптас-тыруға жұмыс жасау.	Ақжарқын мен О.Исламға **«Ойыншықтар»** өлеңін тыңдап, **«ойыншықтар»** сөзін дұрыс айтуға , **«ойыншықтар»** туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Елдос пен Әділге жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың үйге оралуы. Ата-аналармен жеке әнгімелесу,кеңес беру.	Балалар үйге қайтуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.	Үйге қайту. Мектеп формасын қадағалау. Ескертулер, кеңестер.	Үйге қайту. Мектеп формасын қадағалау. Ескертулер, кеңестер.	Үйге тарау.Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.

Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 25.09 - 29.09. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 25 .09**	**Сейсенбі 26. 09**	**Сәрсенбі 27. 09**	**Бейсенбі 28. 09**	**Жұма 29.09**
	Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. ***Дербес ойындар:*** ***1.***Әткіншек тебу. ***2.*** Тартылғышқа тартылу. **Тренинг: «*Біз тату баламыз».***	Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. ***1.***Сазбалшықтан ***«қала»*** құрастырайық. ***2. «Тәтті тоқаштар»*** пісірейік**.** **Тренинг*: «Тырналар болып ұшайық»***	дейін өзінің осындай ***«өнерімен»*** ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып, соны күлдіртуге күш салады. Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп, күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.** Әткеншек тебу. **2.** Допты қуалау**.** **Тренинг:** «Біз біргеміз».	***ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соңқарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.*** Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Тренинг: *«Күн шуағы».***	нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау. ***Халық болжамы:*** ***«Қарашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс, Үш күн жатса – үш ай қыс болады.»***
Серуеннен оралу	Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу				
Балалардың дербес әрекеті	***Саусақ ойындары:*** **Ойын:«Кім келді?»** ***Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!*** ***Апа, апа, бұл сіз бе? Иә, иә,иә!*** ***Әке,әке бұл сіз бе? Иә,иә,иә!*** ***Ағатайым, бұл сіз бе? Иә,иә,иә!*** ***Қарындасым, бұл сен бе? Иә,иә,иә!*** ***Біздер тату жанұя Иә,иә,иә!*** **Орындалуы:** **1.** Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.	**Психологиялық ойын:** **Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»** ***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. **Ойын шарты:** Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу.	**Тіл ұстарту:** ***Ол-ол-ол – бұл мүшеміз қол,*** ***Ол-ол-ол – бұл, әрине, гол.*** ***Оп-оп-оп – мұның аты доп,*** ***Оқ-оқ-оқ – бұл қыпқызыл шоқ.*** **Қол моторикасын дамытуға арналған ойындары.** Ілгек,моншак аркылы жазу. **Дидактикалық ойын: «Төртінші артық».**	**Дидактикалық ойын: «Жеміс-жидектерді ажырат»** **Мақсат:** Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек. Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу.	***Артикуляциялық жаттығулар:*** ***Ойын:* «Сағат»** **Мақсаты:** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде,ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым –қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз. • ***«Сағат»*** –тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға

	2. Екі қолдағы басбармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады. **3.** Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады. **4.** Сұқ саусақтардың ұштарын соғады. **5.** Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады. **6.** Ортаңғы саусақтар-дың ұштарын соғады. **7.** Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады. **8.** Аты жоқ саусақтар-дың ***(шылдыр шүмек)*** ұштарын соғады. **9.** Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады. **10.** Кішкене саусақтардың ұштарын соғады. 1**1.** Барлық саусақтар-дың ұшымен бірге соғады. **12.** Алақандарымен шапалақтайды.	Бұл ролді бір бала атқарады.Жүргізуші келесі сөзді айтады: «***Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!»*** деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы ***«қатып»*** қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді.Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, ***«Ш - ш - ш»*** дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.	Логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйрету.		жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. • ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. ***«Дәмді тосап»*** ***Мақсаты:*** Жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе ***(ожау)*** тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. ***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. ***Әдістемелік нұсқау.*** **1.** Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере. **2.** Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. **3.**Тіл оңға -солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. **4.** Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, ***«пя - пя - пя»*** жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.
Балалармен жеке жұмыс	Елдос пен Нұрмұхамбетке ойынды ойнату **"Түсті таны және ата".** **Мақсаты:** Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.	Абумансұр мен Камшатқа пішіндерді айыру үшін әртүрлі заттарды көрсете отырып қай пішінге ұқсайтытын айтқызу	Айтуар мен О.Исламғақарындашпен жұмыс істеуді көрсетып, жазғызу.	Айнат пен Нұрсұлтанға дауысты және дауыссыз дыбыстар қалай аййтылатынын дағдыландыру	Қ. ИламғаНурайғасандарды тура және кері санату және математикалық амалдарды айтқызу.

Балалардың үйге қайтуы	**«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы»** тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы: ***«Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».***	***"Баланың агрессивті мінез-құлқы"*** атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 27.11 - 01.12. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.11	Сейсенбі 28.11	Сәрсенбі 29.11	Бейсенбі 30.11	Жұма 01.12
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** **Мақсаты:**Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.Балаларға өсімдіктерді суару қа-	**"Ойыншықтар дүкенінде"** **Мақсаты:** Дүкенде озін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	**«Аурухана»** **Мақсаты:** Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-бірі-не деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	**«Паравоз»** **Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	**«Допты қуып жет»** **Ойын мақсаты:** Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта бе,-рілген белгіні тыңдауға,тез жүгірүгі, түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.

	жеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету ***(топырақтың түсі мен күйіне,өсімдіктің пайда болуына байланысты),*** суару техникасын еске түсіру.				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері: Сиқырлы айнадан Өзімді көремін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.***	***Жылулық шеңбері: Күн жылуын аямасын, Шуағын аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын***	***Жылулық шеңбері: Аспан ашық,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.***	***Жылулық шеңбері: Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін***	***Жылулық шеңбері: Күн жылуын аямасын, Шуағын аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын***
Билингвалды компонент	тәуелсіз – независимый- independent . Текше- кубик- cube. цилиндр- cylinder. отбасы – семья-family, тату тұрамыз – живем дружно- live together , атамның аты – дедушку зовут- grandfathers name is , әжемнің аты – бабушку зовут- grandmothers name is , ғажайып алаң – поле чудес- field 0f miracles .				
	1- ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **Мақсаты:** Әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады. **Түсінеді:** Әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға ***(ауызша)*** үйрету **Мақсаты:**Буындардан сөз құрауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Жұмбақтарды шешеді,сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. **Түсінеді:**Бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлу **Дидактикалық ойын:** **«Болады, болмайды»** Мен сендерге өлең жолдарын оқимын. Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер **«болады»** немесе	**Математика негіздері** **Міндеті:**Геометриялық фигуралар ***(дөңгелек, сопақша),***оларды ажырата білуге жаттықтыру **Мақсаты:** Сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:**Фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды. **Түсінеді:** Дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты. **Қолданады:**Заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Буындардан сөздер құрастыруға ***(ауызша)*** үйрету **Мақсаты:** Буындар-дан сөз құрауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Жұмбақ-тарды шешеді, сөздер-ді буынға бөледі. Бу-ындардан сөз құрайды. **Түсінеді:** Бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлу **Дидактикалық ойыны:** «**Буынды қос»** **Ойыңның шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог буын-ды айтып, бір балаға доп-ты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды	**Математика негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралар ***(дөңгелек, сопақша),*** оларды ажырата білуге жаттықтыру. **Мақсаты:** Сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгеред і:**Фигуралардың атауларын атай-ды: ***дөңгелек, сопақ-ша;*** геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды. **Түсінеді:** Дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашы-

	Қолданады: Дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты –дауыссыз дыбыстарды ажыратады **Мақал-мәтелдерді қайталау**. **1.** Анаға бала алтыннан да қымбат. **2.** Жаны саудың – тәні сау. **3.** Ата – балаға сыншы. **4.** Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ	**«болмайды»** деп сөйлемді аяқтайсыңдар. **Күйші болуға...** (болады), **Биші болуға ...** (болады), **Ерке болуға ...** (болмайды). **Серке болуға ...** (болмайды), **Пысық болуға ...** (болады). **Кішік болуға...**(болады), **Әкім болуға ...** (болады). **Ақын болуға ..**(болады), **Маман болуға ..**болады) **Жаман болуға ...** (болмайды), **Айтпақшы, Жаман болуға ...** (болмайды). ***(Қадыр Мырза Әли)*** – Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер. **Дидактикалық жаттығуы «Буынға бөл»** Балалар сөздердібуынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: ***күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман***	**Топпен жұмыс:** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын шеңберлерді,сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің **«моншақтарын»** немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды. **1-тапсырма:** Пішіндердің үстінен саусағымен жүргізеді. Ұқсастығын және айырмашылығын айтады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **2-тапсырма:** Практикалық жұмыс. Әр бала пішініне сәйкес үйлесімді ***(дөңгелек немесе сопақша)*** кілемшелерді таңдайды, содан кейін төмендегі геометриялық пішіндермен***(үшбұрыш,шаршы және дөңгелек)*** безендіреді.	қосып, сөзді жалғастырады. **Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).** Ойынды өзгертуге болады	лықты. **Қолданады:** Заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі **Дидактикалық ойыны: «Көліктерді гаражға кіргізу»**. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер -***«мәшинелердің нөмірлері», «гараждар»*** – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша **«мәшинелер»** топ бойынша жүріп өтіп, гаражға **«кіреді».«Мәшинедегі»** гометриялық фигура **«гараждағы»** фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады. **Ойын-тапсырма: «Бейнеле»** **Ойынның шарты:** Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Педагог заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пі-шінімен бейнелеуі керек.

					Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? **Балалар:**Шеңбер,тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды.
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:**Геометриялық фигуралар **(дөңгелек, сопақша),**оларды ажырата білуге жаттықтыру **Мақсаты:**Сопақша геометриялық фигура туралы ұғымын қалыптастыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды. **Түсінеді:** Дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты. **Қолданады:**Заттармен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі. Тақтада сопақшаның суретін іліп қойып балаларға көрсету. Бәріміз қайталаймыз ***-сопақша***.Педагог өлең оқиды. ***Мен сопақпын, мен сопақ,*** ***Ұзартылған домалақ*** ***Соңым жоқ, басым жоқ,*** ***Енді бірде жапалақ.*** ***Мен жұмыртқамын,*** ***Мен айнамын,*** ***Мен, міне, осындай***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. **Мақсаты:** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өлеңге қызығушылық танытады. **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. **Қолданады:** Өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды. – Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол –Туы, Елтаңбасы,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Буындардан сөздер құрастыруға ***(ауызша)*** үйрету **Мақсаты:** Буындардан сөз құрауға үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Жұмбақтарды шешеді,сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. **Түсінеді:** Бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлу. **Дидактикалық ойыны:** **«Жоғалған буын»** **Шарты:** Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады ***те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік),ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу **Мақсаты:** Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Әңгіменің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады. **Түсінеді:** Әңгіменің мазмұнын түсінеді; **Қолданады:** Әңгімені өз ойымен мазмұндап береді. **Дидактикалық ойын:** **«Кім жылдам».** **Ойын шарты:** Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. – Туған жерге туыңды ... **(тік).**	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. **Мақсаты:** Тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:**Тұрмыстық техниканы дұрыс пайдалануға, үлкендердің көмегінсіз электр тоғына қосуға болмайтындығы туралы тапсырмаларды орындайды. **Түсінеді:** Тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін. **Қолданады:** Өмір қауіпсіздігі ережелерін **Дидактикалық ойын:** **«Жалғастыр».** -Айжанның анасы дема-

	пішінмін. ***Мен қоңыз, мен картоп, Аяқпенен топ - топ -топ.*** Сопақшаның қасиетін білу үшін тәжірибе жүргіземіз. Сопақшаның бұрышы жоқ ***(саусақпен сопақшаны жүргіз.)*** Сопақша жазық, егер сопақшаны үстел үстіне немесе тақтаға беттестірсе ол көрінбейді. Қайталайық – жазық. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырайық. Педагог тақ-тада, балалар үстел басында жұмыс істейді (***үстел үстінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы болады).*** Оны үстелге қоюға тырысайық ***(сопақшаны қырымен қоюға тырысамыз).*** Ол тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттерін көрсетеді? Олар талқылайды, сопақша орнықсыз екенін қорытындылайды. Сопақшаға мұқият қарап,айтыңызшы,сопақша қандай геометриялық пішінге ұқсайды? ***(Шеңбер.)*** Педагог тақтаға шеңберді іледі.Сопақша несімен шеңберге ұқсайды?Олар талқылайды, сопақша мен шеңбердің бұрыш- жоқ, жазық, орнықсыз деп қорытынды жасайды. Шеңбер мен сопақша дөңгелек пішінді.Онда несімен олар ерекшелінеді? Педагог шеңбер мен сопақшаны беттестіреді. Со-	Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын **Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан»** атты өлеңімен танысамыз. Педагог **«Тәуелсіз Қазақстан»** өлеңін мәнерлеп оқиды. ***Сөздік жұмыс: тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді еркіндік-ешкімге тәуелді емес, еркін ел теңге*** – біздің ұлттық төл ақшамыз. –Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? **– «Тәуелсіздік»** деген сөзді қалай түсінесің?		– Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... ***(жер ырысы).*** **Дәптермен жұмыс:** **1.** Біздің Отанымыз қалай аталады? Картадан Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларын көрсет. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? Сен тұратын жерде оны қалай өткізеді? **2.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. **3.** Суретті аяқтап, сал. Боя. 4. Мақалдың мағынасын түсініп ал. ***«Егемен елдің еңсесі биік.»*** Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз ***Туы, Гимні, Елтаңбасы*** бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік.	лыс күні үйдің ішін жинастырмақшы болды. Айжан анасына көмектесіп жүрді.Анасы оған кішкене ыдысқа су құйып берді, қолына шүберек ұстатты. Айжан***..(шүберекпен шаң сүртті***). Балаларға Айжанның одан арғы іс-әрекетін өздері айтуды ұсынады. -Анасы шаңсорғышты алып шықты. Айжан шаңсорғышты өзі іске қоспақшы болды. Оған анасы рұқсат етпеді.Ол қызына былай деді: ... Егер балалар жауап беруге қиналса, педагог көмектеседі. **Дидактикалық ойын:** **«Көп ойла, сөз ойла».** Балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыс-тық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады. **Дидактикалық ойын:** **«Қызметіне қарай ата»** – Қайнатады, ол не? – Шәйнек. – Суытады, ол не? – Тоңазытқыш. – Жылытады, ол не? – Пеш. – Тазалайды, ол не? – Шаңсорғыш. – Үтіктейді, ол не? – Үтік.

	пақша қаншалықты созылғанын қараңыздар. Сонымен сопақша қандай? Шеңбердің ұзартылған, созылыңқы түрі.Сіздердің ойларыңызша сопақша дөңгелек сияқты домалайды ма? ***Тексерейік.*** Сопақшаны үстелге домалатуға тырысады. Сопақшаның айналуына не кедергі? Сопақша созылған, сондықтан ол домаламайды деп тұжырымдайды. Сопақша тағы қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Тақтаға тіктөртбұрышты іліп қояды.Атауын сұрайды. Балалар тіктөртбұрышты атайды. Олардың ұқсастығы қандай? Пішіндерді бір-біріне беттестіруге ұсынады. Қорытындысында, тіктөртбұрыш пен сопақша –созылған жазық фигуралар, домаламайды. Айырмашылықтары неде? Фигуралардың жиегін саусақпен жүргізеді. Олар талқылайды, қорытындылайды,тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, бірақ сопақшада бұрыштары болмайды.				
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:**Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы,гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету. **Мақсаты:** Отбасы мү-	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Мақсаты:** Таныс сөздерді күнделікті өмір-	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті Құрастыру** **Міндеті:** Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспар-

	кешке жабылуы,тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі. **Мақсаты:** Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсеті-нін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді. **Түсінеді:** Өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді. **Қолданады:** Өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжіри-белік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады.Балаларды өсімдіктердің көбею жолдары жайында қарапайым түсініктермен таныстырады ***(бадана, түйнек, өркен).*** Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: -Гүлдің баданасын қалай егеміз?***(Педагог***	шелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. **Дидактикалық ойын: «Ғажайып алаң»** Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – ... . Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – ... . Әжем ән айтады. – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – ... Әкем ойыншық берді. – Мынау – менің анам. Анамның аты – ... . Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз	**Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. **Әңгіме: «Қысқа дайындық»** **Мақал-мәтел:** **1.**Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. **2**.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. **3.**Бейнетсіз рақат жоқ	де қолданады,мақал-мәтел айтады . **Дидактикалық ойын: «Ғажайып алаң»** **Тапсырма:** Отбасы туралы қандай мақал білесіңлер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. **1. Отан отбасынан басталады.** **2. Баланың бас ұстазы – ата-ана.** **3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар.** **4.Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.**	лауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру **Мақсаты:** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу. ***Дидактикалқ ойын: «Менің үйім»*** **Мақсаты:** Үй туралы білімдерін кеңейту. Үй құрылысымен таныстыру. ***Шарты:***Үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табу.

	көрсетіп береді). Шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз; бадананы***(тұқым)*** қазылған шұңқырға орналастырамыз; төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз сонан соң оған су құямыз.Балалар гүлдің баданасын егеді.Балалар жапырақтарды санап, есінде сақтайды. Жаңа жапырақ шығып, бадана топыраққа тамыр жая бастады деген сөз. Гүлге су құяды. Педагог балалардан бұршақтың не екенін сұрайды. Ол дән бе,тұқым ба? Тұқыммен тағы қандай дақылдарды егуге болады? ***(Қызанақ, қияр)***				
	4- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:**Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір **Мақсаты:** Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **«Еденде тұрып қалма». (4 рет)** **Ойын шарты:**Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстін-	**Музыка** **Міндеті:** Домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, **«күй»** жанрымен, таныстыру. **Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. **Музыка тыңдау:** **«Туған ел»** (Л. Хамиди) **Ән айту: «Жомарт елім»** (И. Нүсіпбаев)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру. **Мақсаты:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру. ***Ойын:*** ***«Доптар мектебі»*** ***Мақсаты:*** Доппен ойнаудың тұрлерін үйрету, 2 қолмен қағып алу, қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты	**Музыка** **Міндеті:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабыл-дау **Мақсаты:** Ересектер-дің орындауындағы музыкалық пьесалар-ды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. **Музыка тыңдау:** **«Қазақстан жалауы»** (Д. Омаров) **Ән айту: «Тәуелсіздік таңы»** (А. Шырынбекова) «**Жомарт елім»** (И.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру **Мақсаты:** Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұру. **«Баскетбол»** – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды

	де тұрады.Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. **Педагогтің: «Ұста!»** деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді.Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады.	**«Астана»** (А. Досмағанбет) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан»** (үнтаспада) **«Көңілді балалар»** литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) **Билер: «Қара бала»** биі **«Билеп үйренейік»** жинағынан) **«Асатаяқ биі»** (қыздар) **(«Билеп үйренейік»** жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр»** ***(«Дидактикалық ойындар»*** жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай»** қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	т.б. түрлерін ойнай білу.Ептілікке тәрбиелеу. ***Шарты:***Балалар педагогтың көрсеткен жаттығуларын орындайды. ***1.*** Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу. ***2.*** Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. ***3.*** Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу. ***4.*** Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу. ***5.*** Допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу.	Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақ-тық қимылдар: «Жаса, Қазақстан»** (үнтаспада) **«Көңілді балалар»** литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) **Билер: «Қара бала» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә.** (өңд. Б. Дәлденбай)	еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады. ***Қимылды ойын: «Допты тордан лақтыр»*** **Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. ***Шарты:*** Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Педагог жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Алғашқы қарды бақыллау: Жұмбақ: Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не?** (Қар)	**Тұманды бақылау. Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. **Еңбек:** Ағаштардың түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.	**Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты:** Маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. **Тақпақ:** ***Күзде жауын.***	**Күзгі желді бақылау Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыста-ры, желдің соғуын, желдің бағытын, жыл-дамдығын бақылауға ажырата білуге үйре-ту. Педагог балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның ба-қылайды. Күндіз ас-панда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардын жел-ден сыбдырлағаның	**Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты:** Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту,аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру. Бұлт туралы түсінік беру.Аспанның

	Бақылау: Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ бо-лады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу. **Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды».** **Ойын шарты:** Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-бірі-не соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту. **Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту».** Педагогтың басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжереяларда, қысқы бақтарда айналыса алады.Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбие-леу: өлшемді суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын. Таза ауадағы ойындарды мадақтау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға тәрбиелеу.	**Жеке жұмыс:** **Мақал-мәтел:** **«Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат»** **Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту,балалардың табиғат денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Ойын: «Біз кішкене отбасы»** **Мақсаты:**Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. **Қимылдық ойын: «Шымшық доп»** **Ойын барысы:** Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады. **(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).** Ойнаушылар тақтайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы бола-	***Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын ұйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап.*** (М. Әлімбаев) **Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Алаңдағы еңбек:** Құстарға жемсалғыш жасау.	тыңдау. Қағаздан жасаған таспа **(лента),** неге сыбдырлайды? ***(соққан желден қоз-ғалып сылдырлайды)*** Жерге түскен жапы-рақтарды, жоғары қа-рай лақтырып бақылау. Балалармен желді күн-ні бұлттардың қозға-лысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойна-тамыз айналма ***(вер-тушка),*** желбіреуіш-пен. **Көркем сөз:** ***- Бұлт-ау көктен төнесің,*** ***Қайдан көшіп келесің,*** ***- Мухит үрлесе, желемін!*** ***Жел үрлесе желемін!*** **Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».** **Мақсаты:** Әр –түрлі бағытта жүгіріп жү-руге үйрету, бір-бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойын-ша жүріп тоқтауға жатықтыру. **Алаңдағы еңбек:** Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.	түсі күзде қалай өзгереді? ***(аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).*** Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? ***(Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)*** **Болжам:** Аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. **Жұмбақтар:** ***Аспаннан домалап,*** ***көп моншақ төгілді,*** ***Бусанды бар алып,*** ***терледі, керілді.*** ***Бұл не?*** (Жаңбыр) ***Күндер қысқарады,*** ***Түндер ұзарады.*** ***Кім біледі, кім айтады. Бұл қай кезде болады?*** (Күз) ***Көлігі жоқ, көшеді,*** ***Өзін кезбе деседі.*** (Бұлт) **Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».** **Алаңдағы еңбек:** Қоқыстан тазарту. ***(жапырақ, қағаздарды жинау)***

		ды да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:** **1.Жарысу.** **2.Төбешікке секіру.**			
Сереуннен оралу	Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу				
Балалардың дербес әрекеті	***«Ж»*** дыбысын буын ішінде келтіру: ***Жа-жа-жа – жалау.*** ***Жо-жо-жо – жол.*** ***Жу-жу-жу – жусан.*** ***Жы-жы-жы – жылан.*** ***Жи-жи-жи – жиек.*** ***Же-же-же – жер.*** ***Жә-жә-жә – жәшік.*** ***Аж-аж-аж – гараж.*** **Жаңылтпаш айту.*Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс.*** ***Жоқ әлі еш сыбыс,*** ***Жоғалды бес шыбыш*** ***(Қ.Мырза Әли)***	**Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:** Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту **1.Т: Күй сандықты ашайық** **Б:** До- до- до **П:** Тілдерін біз бастайық **Б:** Ре - ре - ре **П:** Бас дыбысты бастайық **Б:** Ми - ми - ми **П:** Жайлап әнге салайық **Б:** До - до - до **2. Шалқып шығар** сонда күй **Б:** Фа - фа - фа **П:** Бәрі до - дан басталар **Б:** До- до -до **П:** До -ны қоштар басқалар **Б:** До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до.	***Саусақ ойыны: «Қозылар»*** ***Мақсаты:***Саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. ***Тіл дамыту жаттығуы:*** ***Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,*** ***Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,*** ***Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,*** ***Қопарды да өзі сурет салды,*** ***Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы ортаға тұрам деп,*** ***Бүкіл ағаларын итеріп тастады.***	***Дидактикалық ойынның атауы: «Көкөністер мен жемістер»*** ***Мақсаты:*** Көкөністер мен жемістерді ажы- рата білуге үйрету, ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. **Ойынның барысы**: Көкөністер мен жемістерді атап, екі себетке бөліп орналастыру.	***Сюжеттік - рөлді ойын:«Көше»*** ***Мақсаты:*** Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. ***Жағдаят: Бағдарламалық мазмұны:*** ***1.***Балаларға көліктердің түрлері,жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру.Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. ***2.***Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды уйрету. ***Атрибуттар:***Түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдар-

					шам, белгілер, реттеу-шінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. ***Қатысушылар:*** поли-ция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізу-шілер, жаяулар.
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға өз отбасылырының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады	**Ақмаржан мен Айзерег**қойылған сұрақтар бой-ынша жауап беру. Қан-дай геометриялық фигу-раларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?	Сөйлемдерді интона-ция бойынша ажырата отырып (**хабарлы, сұ-раулы, лепті),** сөйлеу барысында қолдану	Асылым мен Нәзіккетауып айту Үй жануарлары тір-шілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?	**Әбілмансұр Шұғыла**әңгімелету Құстарды танып,атын атауға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен бала-лары жайлы сөйлесу.	Дүйсенбіде кездескенше

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Мектепалды «Ә» сыныбы
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 04.12 - 08.12. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.12	Сейсенбі 05.12	Сәрсенбі 06.12	Бейсенбі 07.12	Жұма 08.12
Баалаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларға көп тәттіні бермеуге ескерту.	Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***Дидактикалық ойын: «Мынау қай пішін?»*** **Мақсаты:** Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **Қажетті құралдар:** Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі. **Ойын барысы:** Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Педагогының қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.	***Дидактикалық ойын: «Керісінше айт»*** **Мақсаты:** Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету. **Көрнекілік:** доп **Барысы:** Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. **Мысалы: «таң»** десе, бала **«кеш»** деп жауап береді.	***«Артығын тап» ойыны:*** ***Ойын шарты:*** Педагог балалармен ұйымдасты рады. ***1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас)*** ***2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие)*** ***3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)*** ***4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім)*** ***5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе.***	***Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** **Мақсаты:** Түстер туралы ұғымдарын кеңейту **Барысы:**Педагог қызыл, жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналас-тырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті,төменгі сө-	***Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»*** **Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншықтар-ды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аудара-ды.Осыдан кейін бала-лар көздерін жұмып отырады. Осы кезде

			(терезе)	реге қызыл түсті тәрел-келерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орна-ластыруға көмектесейік-ші деп балаларды ойынға шақырады. **Көрнекілігі:** Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер.	пе-дагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Ба-лалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады. **Керекті құрал-жаб-дықтар:** ойыншықтар
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** ***Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!***	***Жылулық сәті:*** ***Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнапғ бір жүрер Достарым көп, білемін!***	***Жылулық сәті:*** ***Сиқырлы айнадан Өзімді көремін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.***	***Жылулық сәті:*** ***Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.***	***Жылулық сәті:*** ***Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.***
Билингвалды компонент	дос – друг- friend , достар – друзья- friebds , тату – дружно- live together , біздің достарымыз – наши друзья- our frends . Кеше- вчера- yesterday , бүгін-сегодня- today , ертең- завтр- tomorrow . Таңертең- утром- in the morning , күндіз- днем- in the afternoon , кеш- вечер- in the evening , түн- ночь- night : қыс – зима- winter ; қар – снег- snow .				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**1- ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:**Сын есімдер мен үстеулерді қолдану **Мақсаты:** Бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі. **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».** **Ойын шарты:** Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қа-жет. Бірінші болып қол	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыс-тық талдау: сөздегі дыбыс-тардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Дауысты дыбыс-тардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың	**Математика негіздері** **Міндеті:** Денелерді ***(шар, текше, ци-линдр)*** дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. **Мақсаты:** Геомет-риялық денелердің: **текше, шар, цилиндр** ерекше қасиеттері ту-ралы ұғым қалыптас-тыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:**Текше, шар,цилиндр атаула-рын айтуды.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді ды-быстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.	**Математика негіздері** **Міндеті:**Денелерді **(шар, текше, ци-линдр)** дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **Мақсаты:** Геомет-риялық денелердің: **текше, шар, ци-линдр** ерекше қасиет-тері туралы ұғым қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:**Текше, шар, цилиндр атаула-рын айтуды.

	көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады.	қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. – Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. **1.**Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. **2.** Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. **3.**Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. **4.**Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек. **5**.Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек. Педагог дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызыл дөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді. Педагог жұмбақ жасырады. ***Аяз қысып,*** ***Өрнек сызып,*** ***Терезені торлайды. Қарға омбығып,*** ***Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды.*** /Қыс/ **-«Қыс»** сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтаға қыс сөзінің сызбасын іледі.	**Түсінеді:** Осы пішіндердің ерекше қасиеттерін. **Қолданады:**Қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды. Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: **«Фигураны атап көрсет»** үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды.Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қажет.	**Түсінеді:** Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. **«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру **1.** ***Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю.*** (аю) **2.** ***Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан.*** (сауысқан) ***3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр.*** (мысық) ***4. Колғап, көйлек, шалбар, етік.*** (көйлек)	**Түсінеді:** Осы пішіндердің ерекше қасиеттерін. **Қолданады:** Қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды. **Дидактикалық ойыны:** **«Пішінді табыңдар»** Дорбада **(мөлдір емес)** әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар.Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында **«Сиқырлы»** дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: ***«Шардың қабырғала-ры бар ма?*** ***Шар, текше домалайды ма?»*** – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттар-

		-Балалар мен қыс сөзін-дегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелек-термен белгілеп отырыңдар. -Қыс сөзінде неше буын бар? -Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Қыс сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Бірінші дыбысы қандай дыбыс? – Бірінші дыбысы – ***«Қ»*** дыбысы. – ***«Қ»*** дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – ***«Қ»*** дыбысы – дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда, тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен белгілейміз? -Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қыыыс сөзін оқиды. – ***«Ы»*** дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дау-ысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? – Жуан дауысты дыбыс, өйткені ***«Ы»*** дыбысы ай-тылған кезде тіл артқа жиы-рылып, үсті дөң-естеледі, бұлай дауысты жуан дыбыс-тар жасалады, жасалу жолы-на қарап дауысты жуан ды-бысқа		дың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды.

		жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілей-міз. Педагог **«қыссс»** сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. -Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? -Дұрыс айтасыңдар, **«С»** дыбысы естіліп тұр. – **«С»** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? **– «С»** дыбысы дауыссыз дыбыс. – Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? – **«С»** дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. **Қыс** – 1 буын, 3 әріп, 3 дыбыс			
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:**Денелерді**(шар, текше, цилиндр)** дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. **Мақсаты:**Геометриялық денелердің: **текше, шар, цилиндр** ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Текше, шар, цилиндр атауларын айтуды; түсінеді:осы пішіндердің ерекше қасиеттерін. **Қолданады:**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (қыс) **Мақсаты:** Өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. **Қолданады:** Қыс мезгілі туралы өз ойын айтады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз ды-	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (қыс) **Мақсаты:** Өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. **Қолданады:** Қыс мезгілі туралы өз ойын	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады **(жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады)** қоректенеді. **Мақсаты:**Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шош-

	Қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды. Педагог балаларды геометриялық денелердің атауларымен таныстырады. **Текшені көрсетеді.** Бұл текше. Шарды көрсетеді. Бұл шар. **Цилиндрді көрсетеді.** Бұл цилиндр. Жалпылау, куб, доп, цилиндр - бұл геометриялық денелер. Балалар атауларын қайталайды. **Топпен жұмыс.** Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді.Ол әр топқа фигуралар береді. Мүмкіндігінше балаларға көлемді пішіндерді қолмен ұстап көруге беріп, топтарға пішіндерден өз сарайларын салуды және олардың оны қандай пішіндерден жасағанын айтып беруді ұсыну қажет. **Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»** Суреттен шар,текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? - **Қарбыз, доп, глобус.** - Цилиндр неге ұқсайды? **Кружка, стақанға.** -Текше неге ұқсайды? **Текшелер, сыйлық қорапшасына.**	Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. **Жұмбақты шеш:** ***Ақ көрпесін тұйықтап,*** ***Қыстай жатар ұйықтап.*** (Қар) Интерактивті тақтамен жұмыс: ***«Қайсысы артық?» ойыны.*** ***Ойын шарты:*** Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады.	быстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. **Қолданады:** Сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса. – Балалар, **«Қар»** сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтаға **«Қар»** сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды. Педагог балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып **«Қар»** сөзін оқиды. -Балалар мен **«Қар»** сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар. **-«Қар»** сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – **«Қар»** сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – **«Қар»** бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – **«Қ»** дыбысы. – **«Қ»** дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – **«Қ»** дыбысы дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен	айтады. Балалар, қараңдаршы, мына суреттен не көріп тұрсыңдар? – Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? – Қар қандай? ***Әдемі, үлкен, кішкентай, нәзік, жеңіл, үлпілдек, ақ.*** – Кейде қар өте қалың жауады. Қарды үйіп, сырғанақ жасаймыз. Шанамен сырғанаймыз. – Бүгін ақын **Абдрахман Асылбековтың «Қыс»** өлеңімен танысамыз. **«Қыс»** **Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,** **Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.** **Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,** **Басқан жері сықырлап, келіп қалды**. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адам-ның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Неліктен қысты қызық дейміз?	қасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. **Түсінеді:** Олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді. **Қолданады:** Оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады Жұмбақтың шешуін табуға шақырады. **Қор жинайтын жануар:** ***Атжалманның*** (немесе теңіз шошқасының) іс-қимылын бақылау жұмысын ұйымдастырады. Тірі нысанды мұқият қарап шығып, оның іс-қимылдарына, сыртқы келбетіне назар аударады. Атжалманды қатырғықағаз қорапшада немесе ағаштан жасалған жәшікте ұстауға болмайтынын түсіндіреді.Торкөздің ішінде атжалманның үйі бар. Ол үйшікке жасырынып жатқанды жақсы көреді. Үйдің

			белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қааар сөзін оқиды. – **«А»** дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс. – Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? – Жуан дауысты дыбыс, өйткені **«А»** дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог **«қаррр»** сөзін үшінші дыбысты айқын-дап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, **«Р»** дыбысы естіліп тұр. – **«Р»** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – **«Р»** дыбысы – дауыссыз дыбыс. – Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? – **«Р»** дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.	– Қыста дала қандай болады? Неліктен қысты жақсы көресің?	жанында **«қойма»** бар. Ол қоймаға қор жинайды. Атжалманды қанша тойдырып тамақтандырсаң да, ол бәрібір қор жинағанды жақсы көреді. Оның осындай қызықты мінездері бар. Балалар атжалманға көгөніс береді. Оның артқы аяқтарына тұрып, тамақты алдыңғы аяқтарымен ұстап тұрып кеміретінін атап көрсетеді. Астықты аузына толтырып салып, тістерімен қыртылдатып кеміреді. Атжалманның кеміруші деп аталуы тегін болмаса керек. Оның ұртында кішігірім қапшықтары бар. Ол қарны тойғаннан кейін қалған астықты сол қапшықтарға толтырып алып, қоймаға әкеп төгеді.

			– Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. **«Қар»** –1 буын, 3 әрріп, 3 дыбыс		
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **Мақсаты:** Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды атап көрсетеді. **Түсінеді:** Өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді. **Қолданады:** Өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Тіршілік ету үшін өсімдіктерге не қажет? Пікір таласқа Қуаныш пен Айсұлу да қатысады. Кеуіп кетпес үшін өсімдікке су қажет. Гүлдерге бөлме температурасына сай келетін су құяды. Күн	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу **Мақсаты:** Тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады. **Түсінеді:**Қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. **Қолданады:** Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді,жай сөйлеммен жауап береді. -Мынау не? – Бұл – мектеп. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Балалар не істеп жүр? – Мектеп ауласында ойнап жүр. – Саған мектеп көңілді ме? – Иә, мектеп көңілді. Мек-тепте балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – **Дос, дос-ы-ң, се-н-і-**	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, **Мақсаты:**Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:**Жаттаған өлеңнің тақырыбын және авторын біледі, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, сұрақтарға жауап береді. **Түсінеді:**Күзден кейін қыс мезгілі келетінін, суретші тілінде ***«табиғатты пейзаж»*** деп айтатынын, қарды ақ мақтаға, көбелекке теңеуге болатынын. **Қолданады:**Суретке қарап өлеңді жаттайды Қазір біз***"Алғашқы қар"***өлеңімен танысамыз ***О, керемет, керемет!*** ***Бейне аппақ көбелек.*** ***Ақша қар жай көлбеңдеп,*** ***Қонып жатыр жерге***	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қыс-қа және толық нақты жауап беруге баулу. **Мақсаты:** Тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздерін айтады, сөйлем құрастырады. **Түсінеді:** Сұрақтарды түсінеді, дұрыс толық жауап береді. **Қолданады:** Сөздерді дұрыс қолданады, сұрақтарға жауап береді. **Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».** Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым –Аяулым. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Арман. Мен бес жастамын. Менің достарымның	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндетті:** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау. **Мақсаты:** Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. ***«Жер, су , от, ауа» ойыны.*** ***Шарты*:** Шеңбер құру.Ортада бастаушы доп лақтырады, егер ол ***«жер»*** десе, айнала тұрған балалар жерде мекендейтін, ***«су»*** десе суда мекендейтін жануарларды, ***«ауа»*** десе, құстарды айтады. ***«От»*** десе, ұстамайды. Қателессе, айыбын төлейді.

	сәулесі қажет. Өйткені қараңғы жерде гүл өспейді. Жылу қажет. Оны суықта далаға алып шықса, өліп қалады. Ауа мен топырақ қажет.Тану үдерісін топтағы тәрбиеленушілер-ді тәжірибеалдық жұмыстарға тарту арқылы ұйымдастырады.Өсімдіктерге күтім жасау ерекшеліктерін түсіндіріп береді.Педагог баланың іс-қимылдарына пікір білдіреді, қажет жерінде түзетулер енгізеді.Балалар ересек адамның көмегімен өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін көрсетіп береді ***(бір өсімдікті мысал ретінде көрсетеді).*** Гүлді қалай суару керектігін айтып береді ***(суды құмыраның шетіне құямыз, түбіне құюға болмайды).*** Топырақты қалай қопсытатынын, жапырақтарды жуу және су шашу тәртібін көрсетіп береді.	**ң до-сың. Ме-н-і-ң досым.** Айзере, сен кіммен ойнайсың? Альбина, Арлан сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Арлан. – Альбина, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды.	***кеп.*** **Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық».** **А-а-а, ә-ә-ә.** Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: **б, в, г т.б.**	аттары – Арлан, Нұрдәулет.Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды)	
	4- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату:допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен ***(оң және сол қолын алмастыру)*** қағып алу. **Мақсаты:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен ***(оң және сол қолын алмастыру)*** қағып	**Музыка** **Міндеті**: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. **Мақсаты:** Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды	**Музыка** **Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау: «Алатау»** (Н. Тілендиев, үнтаспадан)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу **Мақсаты:**Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілі-

	алу **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. **Түсінеді:** төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. **Қолданады:** Түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: **«Баскетбол» –** допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп ала-ды. Тапсырманы орын-дап болғаннан кейін допты себетке салады.	**Музыка тыңдау:** **«Қазақстан жалауы»** (Д. Омаров) **Ән айту: «Тәуелсіздік таңы»** (А. Шырынбекова) **«Жомарт елім»** (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Жаса, Қазақстан»** (үнтаспада) **«Көңілді балалар»** литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) **Билер: «Қара бала»** биі(«Билеп үйренейік» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:«Илигай»** қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	жаттықтыруға жалғастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды.Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. **Түсінеді:** Төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. **Қолданады:** Түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: **«Баскетбол» –** допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.	**Ән айту:** **«Қазақтың жері»** (Б. Түзелбекова) **«Тәуелсіздік таңы»** (А. Шырынбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Айна»** орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) **Билер: «Еркебұлан» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«Шаңырақ» ойыны**	мен орындау: ***«Баскетбол»*** – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету.Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады.Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. **Түсінеді:** Төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. **Қолданады:** Түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды. **«Допты еденге соқ» -** түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерлік-

					терді дамыту. Нұсқау – допты тура алдығабағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.**				
Серуен	**№1 Маусымдық өзгерістерді бақылау** **Мақсаты:** Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру **(күн қысқарады, түн ұзарады).** Қыс мезгілі-нің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. **Бақылау барысы:**	**№2 Бақшаны бақылау** **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру.Зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** ***Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады,***	**№3 Торғайды бақылау** **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру. Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	**№4 Қардың түсуін бақылау** **Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қардың түсуі туралы білімдерін молайту. Әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **«Қыс» Т. Молдағалиев *Жаура-***	**№5 Ауладағы ағаштарды бақылау:** **Мақсаты:**Ағаштар туралы білімдерін молайту.Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғас-тыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы** ***Қар жамылды бақтарым, Қыратым да, сайым***

	Көркем сөз: Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты ***«тұн-жыр қыс деп атайды».*** Күн қысқа, түн ұзақ, бұл ай-да күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. **Балаларға сұрақтар:** ♦ Желтоқсан айы қай айдан соң келеді? ♦ Қараша айына қарағанда мектеп ауласында қандай өзгерістер болды? Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды? Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар? **Еңбек:**Ағаштар түбін қармен көму. **Мақсаты:** Тірі табиғат-қа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** **«Қар лақтырып ойнау»** **Мақсаты:** Затты лақтыру дағдыларын бекі-ту. Бір аяқпен секіру. **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтауға баулу. **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. **Мақсаты:** Тепе-теңдік-ті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.	***Жып-жылтыр болып жатады.*** ***Аралайды бақшаны,*** ***Үзілмейді жақсы әні.*** ***Гүлденеді бақшалар,*** ***Жауса-жаусын ақша қар.*** Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ***Барлық жерді қар басты.*** Өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? ***Аяз бен желден сақтайтын «көрпе»*** ♦ Бақшалықта қар көп болса, ол жақсыма, жаман ба? ****Жақсы, себебі жер-де ылғал мол болады.*** Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? ***-Жоқ, тегіс жерлер-де бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылғи жерлерде әр-түрлі жиналады.*** Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? ***Ғимарат жанында.*** ♦ Неліктен? ***Соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.*** **Зерттеу жұмысы:** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш	**Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **«Торғайларды қорға»** **Ө. Ақыпбекұлы** ***Шыр-шыр еткен торғайды,*** ***Қорғамасаң болмайды.*** ***Кіп-кішкене торғайлар,*** ***Ағаштарды қорғайды.*** ***Таспен атып торғайды,*** ***Ұя бұзған оңбайды.*** ***Құс өкпелеп кетеді,*** ***Бақшамызға қонбайды.*** Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз? ***-Қыстап қалатын құстар.*** Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? ***Қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтарымық-ты борлады.*** Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? ***-Торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер.*** Торғайлар қыста немен қоректенеді? ***Дәндермен, қалдықтармен.***	***жауа, қар жауып көп,*** ***Шұқырларға толады.*** ***Иығыңа қонады кеп,*** ***Мойныңа да қонады.*** ***Жауып бітер қарды тосып,*** ***Үйіңе де сыймайсың,*** ***Табиғаттың ақ көрпесін,*** ***Басуға да қимайсың.*** Педагог балаларға сұрақ қояды. Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? Аяқ астында қар неге сықырлайды? Қар неге ұлпа болады? Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? А***йнала аппақ, қар беті таптаза т.б.*** **Зерттеу жұмысы:** Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау ***-Ұлпа, мамық.*** **Еңбек:** Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. **Мақсаты:** Бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту **Қимылды ойын:** **«Ыстық-суық».** **Мақсаты:** Мұғалімнің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету. **Жаттығу ойындары:** **Қимылдарын дамыту:**	***да.*** ***Тағыпты қыс ақ қарын,*** ***Үкі етіп қайыңға.*** ***Бүркеніп ақ желекті,*** ***Жарқырайды маңайым.*** ***Ойға шомып теректің,*** ***Ақ шалыпты самайын.*** Мұғалім балаларға сұрақтар қояды:. Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? **Зерттеу жұмысы:** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру. **Еңбек:** Жолды қардан тазалау. **Мақсаты:** Аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»** **Мақсаты:** Доға астын-ан еңбектеп өту дағды-ларын жетілдіру. **Жаттығу ойындары:** **Секіру:** **Мақсаты:** Орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру **Халық болжамы:**

	Халық болжамы: ***«Егер тауық ерте қонақтаса, аяз болады»***	құралмен өлшеу. **Еңбек:** Қардан құрлыс тұрғызу. **Мақсаты:** Қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету.Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** **«Қу түлкі».** **Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. **Жаттығу ойындары:** **«Нысанаға тигіз».** **Мақсаты:** Көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.	Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? ***-Қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.*** Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар? ***Өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады.*** Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? ***Себебі адамдар жанында азық көп болады.*** ***Торғай, торғай,*** ***торғайсың,*** ***Жақын келіп*** ***қонғайсың.*** ***Жем шашайын теріп ал,*** ***Сонда суыққа*** ***тоңбайсың.*** **Еңбек:** Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. **Мақсаты:** Еңбекке деген ықыластарын арттыру. **Қимылды ойын** **«Нысанаға тигіз».** **Мақсаты:** Ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозға-	**Мақсаты:** Қарды алысқа лақтыруға үйрету . **Халық болжамы:** **«*Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.*»**	***«Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады»***

			лыстың дұрыс орындалуын есептей білу. **Жаттығу ойындары:** Қимылдарын дамыту Қарды алыс нысанаға лақтыру **Мақсаты:** Қозғалыс координациясын дамыту.		
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	***Тіл дамытуға арналған жаттығу*** ***Ойын шарты:***Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту **1.*Т:Күй сандықты ашайық*** ***Б:До- до- до*** ***Т:Тілдерін біз бастайық*** ***Б:Ре - ре - ре*** ***Т: Бас дыбысты бастайық*** ***Б: Ми - ми - ми*** ***Т:Жайлап әнге салайық*** ***Б:до - до - до*** ***2. Шалқып шығар сонда күй*** ***Б:фа - фа - фа*** ***Т:Бәрі до - дан басталар*** ***Б:до- до -до*** ***Т:До -ны қоштар басқалар*** ***Б:До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до***	***Қимылды ойын: «Ұшатын құстар»*** ***Мақсаты:*** Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, мұғалімның берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету. ***Ойынның шарты:*** Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Мұғалім құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Мұғалім дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал педагог дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.	***Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».*** ***Ойын шарты:*** Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады.	Интерактивті тақтамен жұмыс. ***Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»*** ***Ойын шарты:*** Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады ***Жұмбақты шеш:*** ***Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар)***	***Саусақ ойындары ойын:«Су толтыру»*** ***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету. ***Керекті құралдар:*** Шұңғыл қасық,шұңғыл тәрелке мен кружка. ***Мазмұны:*** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші педагог өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.
Балалармен жеке жұмыс	Жомарт пен Әділге ойын ойнату. **«Сиқырлы суреттер»** **Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін,ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	Кәусар мен Елдосқа гео-метриялық пішіндер бойынша ажыратуға ойын ойнату **«Қандай пішін жетіспейді?»** **Мақсаты:** Геометрия-	Камшат пен Қ.Исламғадыбыстарды дұрыс айтуға қалыптыстыру. **«Сиқырлы қап»** **Мақсаты:** Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету,	Нұрсұлтан,Нурай **«Кім шапшаң?» ойыны.** **Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.	Асылым Айзере құстарды ажыратуға үйрету. **«Құстар фабрикасы»** **Мақсаты:** Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу.

		лық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	заттарды тануға баулу.		
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 11.12 - 15.12. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.12	Сейсенбі 12.12	Сәрсенбі 13.12	Бейсенбі 14.12	Жұма 15.12
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау.Тазалық шараларын жүргізу.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балалардытамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***Дидактикалық ойын: «Құстарды ажырат»*** ***Бөлімі: Көркем әдебиет*** ***Мақсаты:*** Құстарды танып білуге,оларды атап ажырата білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту құстарды қорғауға тәрбиелеу. ***Құралдар жабдықтар:*** суреттер ***Ойын барысы:*** Құстардың суреті салынған картиналар және соған ұқ-сас суреттері беріледі, балалар құстардың әрбір	***Дидактикалық ойынның атауы: «Ертегіні жалғастыр»*** ***Мақсаты***: Балаларға таныс ертегіні жалғасты руға үйрету, ойөрістерін дамыту. ***Құрал-жабдықтары:*** Ертегінің кейіпкерлерінің суреттері. ***Ойынның барысы***: Педагог ертегі кейіпкер-лерін үстелдің үстіне қояды, ***(мысалы: шалқан,***	***Дидактикалық ойын:«Кемпірқосақ»*** ***Мақсаты:***Түстерді сезі-не білуін дамыту. Бейнені түсіне қарай таңдау іскерлігін дамыту ***Құрал-жабдықтар:*** Кемпірқосақ, түрлі карточкалар ***Ойынның барысы:*** Бұл ойынды балалар педагог пен бірге орындайды.Қағаз бетіне жеті түсті кемпірқосақ бейнеленген су-	***Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді»*** **Мақсаты:** Жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. **Көрнекілік:** Әр түрлі жануарлар,құстар суреті **Ойын барысы:** Әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүреті-	***Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»*** ***Мақсаты:*** Балабақша ауласындағы гүлдер туралы балаларға мағлұмат беру. ***Құралдар жабдықтар:*** Мектеп ауласында өсетін гүлдердің суреттері. ***Ойын барысы:*** Суреттегі бойынша балабақша ауласындағы гүлдерге қақпақ арқылы сәйкес заттарды орналастыру. ***Мысалы:*** Гүлге ара

	түріне,түстеріне көңіл аудара отырып, ерекше белгілері арқылы дәл осындай суреттерді табады.	***атасы, апасы, немересі)*** балалар әрі қарай ертегінің атауын тауып, сол ертегіні жалғастыруы керек.	рет салынады.Содан соң балалар жеті түсті кемпірқосақтың барлық түсінің реті бойынша және оған сәйкестендіре отырып орналастырады. Кімнің карточкасы түсі бойынша сәйкес келсе, сол бала заттық суретті сала алады.	нін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады.Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.	қонады , гүлге су құю.
Ертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** ***Біз әдепті баламыз,*** ***Айтқан тілді аламыз.*** ***Үлкенге де –«сіз»*** ***Кішіге де – «сіз»*** ***Бас иеміз біз!***	***Жылулық сәті:*** ***Қосыл,қосыл шаттық шеңберіне,*** ***Нағыз адал дос болып. Қосыл,қосыл шаттық шеңберіне,*** ***Ең сенімді дос болып.***	***Жылулық сәті:*** ***Достық туралы әңгімелеп,*** ***балалардың қолына гүл шоқтарын*** ***ұсынып, бір-бірлеріне жақсы тілек айтқызады.***	***Жылулық сәті:*** ***Қайырлы таң, балалар! Арайлап таң атты. Алтын сәуле тарапты,*** ***Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң, достарым!***	***Жылулық сәті:*** ***Күлімде күн, күлімде,*** ***Жер жасарып көгерсін.*** ***Кешегідей бүгін де,*** ***Қанат қақсын көгершін.***
Билингвалды компонент	орман – лес- forest; тоқылдақ – дятел- woodpecker, дыбыстық талдау – звуковой анализ- sound analysis, алдымен-сначала- at first. содан кейін- после- after: Отан – Родина- Motherland, аққала – снеговик- snowman, далада қар жауып тұр – на улице идет снег- it is snowing outside				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**1- ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:**Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Жаттаған өлеңнің тақырыбын және авторын біледі, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, сұрақтарға жауап береді. **Түсінеді:** Күзден кейін қыс мезгілі келетінін, суретші тілінде ***«табиғатты пейзаж»*** деп ай-татынын, қарды ақ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. **Қолданады:** Сызбаға сәйкес сөзді	**Математика негіздері** **Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын **«кеше», «бүгін», «ертең»,** оқиғалардың ретін **«алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»** анықтау. **Мақсаты:**Уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер**: **Меңгереді:**Оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: **кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн.** Уақытты циферблат арқылы анықтауды	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:**Сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. **Қолданады:** Сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.	**Математика негіздері** **Міндеті:**Тәулік бөліктерінің ауысуын **«кеше», «бүгін», «ертең»,** оқиғалардың ретін **«алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»** анықтау **Мақсаты:**Уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер**: **Меңгереді**: Оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды:**кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн.** Уақытты циферблат арқылы анықтауды.

	мақ-таға, көбелекке теңеуге болатынын. **Қолданады:**Суретке қарап өлеңді жаттайды. **Педагог:** **1.**Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. **2.**Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ Педагог балаларға сұрақтар қояды. ***«Алғашқы қар.»*** –Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында ***«пейзаж»*** деп айтады. –Өлеңде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түрі-не қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді,қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады.	анықтайды **Дидактикалық ойын-жаттығуы: «Жалауша»** Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. **1.**Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. **2**.Сөзде неше буын, не-ше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. **3.**Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. **4**.Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.	**Түсінеді:**Тәулік мезгілдерінің кезектілігін. **Қолданады:**Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Сағаттың модельдерімен жұмыс.Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі.Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? **Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.** Педагог балаларға өлең тындауды ұсынады. ***Таңертең тұрамын, тараймын.*** ***Киімімді Бетімді жуамын.*** ***Тісімді тазалап,*** ***Шашымды киемін,*** ***Мектепке келемін*** ***Мен әдепті баламын.*** Балалар өлең тындап отырып топпен жұмыс жасайды: сағат тілін өз бетінше қозғап, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалайды.	**«Доп»** сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. **«Д»**-дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз **«О»** -жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. **«П»** -қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. **Доп** – 1 буын,3 әріп, 3 -дыбыс,	**Түсінеді:** Тәулік мезгілдерінің кезектілігін. **Қолданады:** Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. **«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог **«күн»** деген кезде, балалар секіреді, **«түн»** дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды. **2-тапсырма:** Мәтінді тыңдайды. Сағат тілін аяқтап сызып салады, суреттермен сәйкестіреді.Кейін мәтінді оқиды. -Балалар таңғы сағат 8-де балабақшаға барады. - Суретке қараңыз, сағат тілі қай жерде орналасуы керек? Оны салыңыз. Содан кейін педагог тапсырманы оқиды, ал балалар оны өз бетінше орындайды. -Отбасы кешкі сағат 7-де тамақ ішеді. -Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды. Тапсырманы жұппен тексерген дұрыс.Педагог **«кеше», «бүгін», «ертең»** сөздерін енгізеді. Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?

	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:**Тәулік бөліктерінің ауысуын **«кеше», «бүгін», «ертең»,** оқиғалардың ретін **«алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»**анықтау **Мақсаты:** Уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:**Оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: **кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн.** Уақытты циферблат арқылы анықтауды. **Түсінеді:** Тәулік мезгілдерінің кезектілігін. **Қолданады:** Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты **кеше, бүгін, ертең** сөздерін қолдануды. Педагог балалардың таңертең, **күндіз, кешке, түнде** не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды мектепке қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді? Педагог демонстрациялық материалдан 10-кестедегі суреттерді көрсетеді. Сағаттың үлгісін қолданады **(циферблат сағат тілімен).** 10-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты:** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. **Қолданады:** Қазақстан Республика туралы өз ойын айтады. Біз қай республикада тұрамыз? -Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет.Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар.Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын **Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан»** атты өлеңімен танысамыз.Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. **Қолданады:** Сызбаға сәйкес сөзді анықтайды **«Шар»** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. **«Шар»** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, **«Шар»**сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударыңдар. **«Шар»** сөзінде неше буын бар? -Дұрыс айтасыңдар,1 буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. **«Шар»** сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. -«**Шшшар»** бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – **«Ш»** дыбысы. **«Ш»** дыбысы дауысты дыбыс па, әлде	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. **Мақсаты:** Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Әңгімені мазмұндайды. **Түсінеді:** Әңгіменің мазмұнын түсінеді. **Қолданады:**Сұрақтарға толық жауап береді – Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? **(Слайдтан көрсету, әңгімелеу).** – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны ***«орман дәрігері»*** деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы **Максим Зверевтің «Орман емшілері»** әңгімесімен танысамыз.	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:**Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру **Мақсаты:** Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру. Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады? Балықтарды не үшін үйде, аквариумда ұстайды? Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатанын айтады. Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі:ол өте әдемі.Онда тіршілік ете-тін балықтар аквариум балықтары немесе деко-ративті балықтар деп аталады.Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі. Балықтардың атауларын атайды:гуппи, семсербалық, кішкентай лақа, шілтеқұйрық. **Қуаныш күрделі сұрақ қояды:** Ондағы балықтар адамның қамқорлығынсыз тіршілік ете ала ма? **Зерттеу жұмысы:** Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады.

	балалардан тәуліктің қай мезгілі бейнеленгенін сұрайды. Балалар күннің бөліктерін анықтайды, атайды. Педагог балалардан жауаптарын түсіндіріп беруін сұрайды:таңертең балалар беттерін жуады, тістерін тазалайды. Күндіз балалар мектепте оқиды. Кешке анасы ұйықтар алдында балаларға кітап оқиды. Балалар түнде ұйықтайды. -Бұл қай тәулікте болады? Сағатпен танысу. **(№ 23 демонстрациялық материал (циферблат сағат тілімен).** Сағат не үшін керек? Сағаттың қай түрін көрдің? **(қабырға сағаты, қол сағаты, үстелге қоятын сағат)** Саны бар шеңберді циферблат деп атаймыз.Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Егер ұзын тілі 12-ні, ал қысқа тілі 1 цифрасын көрсетсе, бұл сағаттың 1 болғанын көрсетеді.	Педагог **«Тәуелсіз Қазақстан»** өлеңін мәнерлеп оқиды.	дауыссыз дыбыс па? **«Ш»** дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап **«шааар»** сөзін оқиды. **«А»** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? Жуан дауысты дыбыс, өйткені **«А»** дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог **«шаррр»** сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. -Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? Дұрыс айтасыңдар, **«Р»** дыбысы естіліп тұр. – **«Р»** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? **«Р»** дыбысы дауыссыз дыбыс. Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді		Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі.Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды, тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор.Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуі тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді.Ұлулар –аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрес-

			дауыссыз ба? «Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. **Шар** – 1 буын, 3 әріп, 3 дыбыс.		сордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін. Бірақ ондағы суды қатты жылытуға да болмайды. Қатты жылытылған су лайланып кетеді және онда оттегі аз болады.Салдарынан экожүйедегі тепе-теңдік жойылып, балықтар өліп қалуы мүмкін. Сондықтан аквариумда белгілі бір температура сақтаған жөн.
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (***жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады***); қоректенеді. **Мақсаты:** Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. **Түсінеді:** Олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қан-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Мақсаты:** Әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды. **Түсінеді:** Қарапайым сұрақтарды түсінеді. **Қолданады:** Мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу **Мақсаты:**Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады. **Түсінеді:** ***өңір, желу*** сөздерінің мағынасын; **Қолданады:** Қыс мез-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. **Мақсаты:** Әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады. **Түсінеді:** Қарапайым сұрақтарды түсінеді. **Қолданады:** Жаңа	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті Мүсіндеу** **Міндеті**: Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау. **Мақсаты:**Мерекелік, мүсіндеуді үйрету. **«Қуыршақтың ыдыстары» ойыны.** **Шарты:** Үлестірмелі материалдардың ішінен қуыршаққа арнап жасалған ыдыстарды тауып қойғызу. Суреттердің ішінен лайықтысын,өздері мүсіндеген ыдыстарын қуыршақтың үстеліне қояды.

	дай тамақ жейтінін түсінеді. **Қолданады:** Оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады **Педагог «Текше» техникасын пайдалана отырып, *«Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер»* тақырыбында *салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады*.** Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не *«айтып»* тұрғанын табады: ***Сипатта*** – балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. ***Салыстыр*** – балалар қыс пен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. ***Ұқсас заттарды тап*** – тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу ***(балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қоян, тасбақа).*** ***Талда*** – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. ***Пайдалан –*** балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін	**Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?»** Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. **«Кім болып істейді?»** сұрағымен таныстырады.Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар: Менің есімім жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	гіліне байланысты ойын түрлерін ***«Менің Отаным»*** ***Әйнегі – күн,*** ***Шатыры – аспан,*** ***Кең далам асқақ.*** ***Төсі толған егін,*** ***Көлдері күміс шашқан,*** ***Қазақстан*** ***Республикам менің!***	сөздерін сөйлем құруда қолданады. **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). ***Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.*** ***Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.*** ***Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-лыс-шы – құрылысшы.*** ***Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер*** Жаңылтпашпен таныстыру. ***Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма?*** ***Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма?*** Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу	Ыдыспен не істейтіні, қалай пайдаланатыны туралы айтып береді.

	көптеп салуы тиіс. ***Дәлелде*** – балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет. **Әліппе-дәптермен жұмыс істеу.** Досыңмен бірге бұл жануарлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тап. Қояннның қорегін қарындашпен қоршап сыз. Бұйра тотықұстың суретін боя. **Дидактикалық ойыны:** **«Ұқсайды – ұқсамайды»** **Ойын шарты:** Балалардың бірі белгілі бір жануардың атын жасырып, сипаттайды. Қалғандары оның атын табады.				
	4- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру. **Мақсаты:** Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **«Еденде тұрып қалма». (4 рет)** Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді.	**Музыка** **Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру. **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау:** **«Алатау»** (Н. Тілендиев, үнтаспадан) **Ән айту:** **«Қазақтың жері»** (Б. Түзелбекова) «**Тәуелсіздік таңы»** (А. Шырынбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Айна» орыс х.ә.** (өңдеген М. Раухвергер)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу. **Мақсаты:** Баланы сезіну ***(сенсорлы)***үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. **«Допты еденге соқ».** Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне,екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты	**Музыка** **Міндеті:**Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту **Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. **Музыка тыңдау:** **«Желтоқсан»** (П. Чайковский) **Ән айту:** **«Шырша әні»** (К. Қуатбаев) **«Қазақтың жері»** (Б. Түзелбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). **Мақсаты:** Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды ***(асықтарды)*** лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету ***«Қазан»*** -2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. **Б.қ.:** Аяқты иық деңгейінен алшақ қою:оң аяқты артқа жіберіп,оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру.Асық-

	Педагогтің: **«Ұста!»** деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады.	**Билер: «Еркебұлан» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Илигай»** қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) »	еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру ***(өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).***Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.	**«Айна»** орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) **Билер: «Еркебұлан»** биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:«Айналмалы дөңгелек»** («Дидактикалық ойындар» жинағы) **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Илигай» қ.х.ә**. (өңд. Б. Дәлденбай)	ты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. ***«Қазан»*** ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.**				
Серуендеу	**Аула тазалаушының еңбегін бақылау:** **Мақсаты:** Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру. Сөздік қорларын байыту. Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құрмет сезіміне тәрбиелеу.Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Бақылау барысы:** Педагог балаларға сұрақтар қояды: *Аула тазалаушы қыста мектеп ауласында не істейді?	**Ауладағы ағаштарды бақылау:** **Мақсаты:** Ағаштар туралы білімдерін бекіту. Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:«Ағаштар»** **М.Әлімбаев** ***Қысында да шырайлы,*** ***Жасыл шырша ұнайды.*** ***Түні бойы жауды қар,*** ***Салбырады сәнді тал.*** ***Тау баурайы төменде,*** ***Өседі жас емендер.*** ***Ауыл сәні терек,*** ***Терек егу керек.***	**Қара қарғаны бақылау:** Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау. Басқа құстардан айырмашылығын табу. ***(сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).*** **Бақылау барысы:** **Көркем сөз: « Құстар қыста тоңады»** **Ө. Ақыпбеков** ***Құстар қыста тоңады,*** ***Жоқ киетін ішігі.*** ***Желде қатты соғады,***	**Желді бақылау** **Мақсаты:** Өлі табиғат туралы білімдерін байыту.Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **« Ұйытқыма жел»** **Ө. Ақыпбекұлы** ***Ұбырып-шұбырып,*** ***Ұйтқиды құбылып.*** ***Ұлпадай ақ қарды,*** ***Ұршықтай үйіріп.*** ***Ұлиды қасқырдай,*** ***Ұйтқып көз аштырмай.***	**Көпшілік көліктерін бақылау:** **Мақсаты:** Көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу. Үлкендер еңбегімен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** Балалармен әңгімелесу өткізу. ♦Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? **-Аялдама.** ♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды?

	Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? **Еңбек:** Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Екі аяз»** **Мақсаты:** Жүкіруге жаттықтыру.Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау **Жаттығу ойындары:** Шаңғымен жүру. **Мақсаты:** Шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептілік-терін, шыдамдылық-тарын дамыту.	***Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш. Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады.*** **Балаларға сұрақтар:** Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған? Ағаштар не үшін керек? Ол адамға не береді? Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады? **Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қорытынды жасайды. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.	***Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып.*** **Балаларға сұрақтар:** *Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? **(қар...қар).** * Қарғаның түсі қандай? * Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? * Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. **Еңбек:** Алаңды қардан тазалау. **Мақсаты:** Ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты:** Жүгіру жылдамды-	***Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай.*** **Балаларға сұрақтар:** Бүгін ауа райы қандай? **-Суық, желді, аязды.** Қыс мезгілінде желді қалай атайды? **-Боран,үскірік.** Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады? **-Компаспен, зырылдауықпен.** Жел қалай пайда болады?	**-Маршруттар, таксилер.** ♦Автобусқа қай есіктен міну керек? **-Алдыңғы.** ♦ Қай есіктен шығу керек? **-Артқы.** ♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? **-Арт жағынан.** ♦ Неге? **-Жолда кележатқан көліктер жақсы көрінеді.** ♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісімінді. Сен не істейсің? Неге? ♦ Жолдан қалай өту керек? **-Асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек.** ♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? **-Жасыл.** **Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу. **Мақсаты:**Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. **Қимылды ойын: «Жүргізушілер және жаяулар».** **Мақсаты:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

		Қимылды ойын: «Аулада қандай ағаштар өседі?». **Мақсаты:** Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау. Сөздік қорларын байыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту:** «Аңдар биі» **Мақсаты:** Әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.	ғын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. **Жаттығу ойындары:** Шаңғымен жүруге жаттықтыру **Мақсаты:** Күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.		**Жаттығу ойындары:** ***«Қозғалыстарын дамыту»*** **Мақсаты:** 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту.
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	***Жаңылтпашты жаттату:*** ***Қанат қанағаттанарлық баға алды,*** ***Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды.*** ***Бірқатар қада қада,*** ***Қадаларды қатар-қатар қада.***	***Санамақ жаттау:*** ***Төрт дөңгелек арбада,*** ***Төрт аяқ бар малда да.*** ***Тауыса алмай бидайды,*** ***Төрт тышқан жүр қаңбада.***	***Тіл ұстарту:*** ***Ақ-ақ-ақ, Тастан-тасқа секірді лақ.*** ***Ма-ма-ма,*** ***Лақты қораға қама.*** ***Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым таң.*** ***Рақ-рақ-рақ,*** ***Керек маған тарақ.*** ***Уық-уық-уық,*** ***Қорада тұр тауық.***	***Жұмбақтарды шешу:*** ***1.Дәні сондай тәтті.*** ***Шағын қара таңдап,*** ***Оның аты*** (Жаңғақ) ***2. Дөп дөңелек сары,*** ***Ішінде дәні бар.*** ***Қызығасың көріп,*** ***Оның аты*** (Өрік) ***3.Жапырақты тасалап,*** ***Өсетін жері бақша бау.*** ***Күрең қызыл шіркінай,*** ***Оның аты*** (Құлпынай) ***4.Жатып жерде желіндейді*** ***Түскенше желінбейді*** (Қауын)	***Жаңылтпашты жаттату:*** ***Зура зурнада ойнайды,*** ***Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,*** ***Зара да, Зере де зурнада ойнайды.*** ***Инелік илеуде иленбейді.*** ***Итбалық итмұрынды ішкемейді.*** ***Пай-пай-пай,*** ***Жайылып жүр тай.***
Балалармен жеке жұмыс	О.Ислам ,Айнат барлық дыбыстарды анық айтуға үйрету. **Ойын: «Сөзімді қайтала»**	Айтуар Әбумансұр геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. **Д/ойын: «пішіндерді ажырат»**	Нұрмұхамбед Балсезім пішінді алманың суретін салуға, қарын-дашты дұрыс ұстауға үйрету.	Айкөркем Ақжарқын жануарларды ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»**	Шұғыла мен Нәзікті бейненің жартысын тауып атауға және сипаттауға үйрету. **Ойын: «Жартысын тап»**

Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақ-тарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен бала-лары жайлы сөйлесу.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 18.12 - 22.12. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 18.12**	**Сейсенбі 19.12**	**Сәрсенбі 20.12**	**Бейсенбі 21.12**	**Жұма 22.12**
Балаларды қабылару	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты – жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен не-месе баланың бас-қа заңды өкілдері-мен, кеңес, әңгімелесу		Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеу-ге үйретулерін ескерту.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дер-бес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		***Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата»*** ***Ойын шарты:*** Балалар педа-гог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. ***1.*** Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... ***(жидектер)*** ***2.*** Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... ***(гүлдер)*** ***3.*** Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... ***(жәндіктер)*** ***4.*** Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... ***(малдар)***	***Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?»*** ***Мақсаты:*** Әрбір үй жану-арларының төлдерінің атта-ры мен жабайы жануарлар-дың аттарын үйрету. ***Ойын барысы:***Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. ***Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б***	***Дидактикалық ойын: «Кері әрекетті айт»*** ***Ойын шарты:*** Педагог балаларға сөйлем айтады, балалар сөйлемнің кері әрекетін тауып айтады. ***1. Асан кірді, анам ... (шықты)*** ***2. Анам құйды, Марат ... (төкті)*** ***3. Айгүл жинады, Айсұлу... (шашты)*** ***4. Әкем келді, ағам... (кетті)***	***Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** ***Мақсаты:***Түстер тура-лы ұғымдарын кеңейту ***Ойын барысы:***Педагог қызыл,жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрел-келерді әкелді. Дүкеншілер олар-ды сөрелерге орналас-тырды.Жоғарғы сөреге

		5. Күн, түн, таңертең, кеш – ***... (күн уақыты)***	***Көрнекілігі:*** Үй және жабайы жануарлар суреттері.	***5. Атам аштыы, әжем... (жапты)***	сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікшідеп балаларды ойынға шақырады. ***Көрнекілігі:*** Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер.
Ертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық		***Жылулық сәті:*** ***Қуанамын, күлемін,*** ***Жылы менің жүрегім.*** ***Достарыма үнемі,*** ***Риза болып жүремін.***	***Жылулық сәті:*** ***Аманбысың ,алтын күн!*** ***Аманбысың, жарқын күн!*** ***Маған жылу, жарық бер,*** ***Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық сәті:*** ***Қоңыраудың сиқырлы,*** ***Естіледі сыңғырлы*** ***Қолыңды бер дейді.*** ***Шеңберге кел дейді.***	***Жылулық сәті:*** ***Аспан ашық ,көгілдір*** ***Күн шуағын төгіп тұр!*** ***Қол ұстасқан біздерді,*** ***Тереземнен көріп тұр.***
Билингвалды компонет	Соқыр – слепой- blind , мылқау – немой- dumb . дыбыстық талдау – звуковой анализ-.sound analysis				
	1- ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет		**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Дидактикалық ойыны:**	**Математика негіздері (18.12)** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. **Мақсаты:** Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды. **Түсінеді:** Оқиғалар уақытының кезектілігін **(алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек).**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. **Мақсаты:** Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды. **Түсінеді:** Оқиғалар уақытының кезектілігін **алдымен, одан кейін, бұрын,**

		«Кім білгіш?» **Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.** Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше. - Дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.	**Қолданады:** Апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды. Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен (13-кесте) ойын ойнауға шақырады: **дүйсенбі ... жексенбі.** Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды ***(7).*** Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: **дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн.** Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. **Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»** Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды **Математика негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту **Мақсаты:** Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды. **Түсінеді:** Оқиғалар уақытының кезектілігін **(алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек).**	**«Тал» сөзінің дыбыстық талдауы.** **«Т»** дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. **«А»** дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. **«А»** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. **«Л»** – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді. **«Л»** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. **«Тал»** сөзінде 1 буын, 3 әріп, 3 дыбыс бар.	**кейінірек**. **Қолданады:**Апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.Апта күндерін атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды. Жұмбақ шешуді сұрайды. ***Жаңбыр жауып басылды,*** ***Аспан шәйдай ашылды.*** ***Қызыл, сары, жасылды,*** ***Көк те бір зат асылды.*** (Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар. **3-тапсырма:**Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды **Дидактикалық ойыны:** «**Келесі апта күнін ата» (доппен)** **Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек.

			Қолданады: Апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды. **Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»** Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар.		
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
		Көркем әдебиет **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. **Мақсаты:** Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Әңгімені мазмұндайды. **Түсінеді:** Әңгіменің мазмұнын түсінеді. **Қолданады:** Сұрақтарға толық жауап береді **Жұмбақты шеш:** ***Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап.*** (Тоқылдақ) 3.Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Үйқасын тап. ***Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ...*** (Шымшық) **Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Дидактикалық ойыны**: «**Айтылған дыбысқа сөз ойла»** Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. **1-тапсырма:**Педагог балаларға **«Д»** дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. **-Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ** т.б. **2-тапсырма:** Педагог балаларға **«М»** дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келті-	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту. **Мақсаты:** Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны **«орман дәрігері»** деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы **Максим Зверевтің «Орман емшілері»** әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді	**Қоршаған ортамен танысу (18.12)** **Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау. **Міндеті:**Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау **Мақсаты:** Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды**: Жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. **Түсінеді:** Олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.

		Мақсаты: Балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. **Материал:** Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады.	руге тапсырма береді. – **Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл** т.б. **3-тапсырма.** Педагог балаларға **«Т»** дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. **-Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз** т.б.	(қосымшаны қараңыз).	**Қолданады:** Оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады **Педагог «Текше» техникасын пайдалана отырып, *«Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер»* тақырыбында *салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.*** Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не *«айтып»* тұрғанын табады: ***Сипатта –*** балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. ***Салыстыр*** – балалар қыс пен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. ***Ұқсас заттарды тап –*** тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жер-лерін тауып, үзінді оқу ***(балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қояын, тасбақа).*** ***Талда*** – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. ***Пайдалан*** – балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін көптеп салуы тиіс.

					Дәлелде – балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет.
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
		Қазақ тілі **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы**).** **Мақсаты:** Меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Дыбыстарды естіп ажырата алады. **Түсінеді:** Тапсырмаларды түсінеді. **Қолданады:** Қазақ тіліне тән дыбыстары, сөздерді дұрыс айта біледі. Жұмбақтың шешуі – дыбыстар. **Жұмбақ жасыру:** Педагог сөздегі тиісті дыбысты созып оқиды. ***1.Әкеңде бар,*** ***Атаңда жоқ.*** ***Тәтеңде бар,*** ***Апаңда жоқ.*** (Ә) ***2. Жоқта бар,*** ***Барда жоқ.*** ***Шоқта бар,*** ***Талда жоқ.*** (Қ) ***3.Күнде бар,*** ***Айда жоқ.*** ***Түнде бар,*** ***Таңда жоқ.*** (Ү) **Ойын: «Кім тапқыр».**	**Сөйлеуді дамыту(18.12)** **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу**.** **Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту **Мақсаты:** ***«М» – «Н»*** дыбыстарын салыстыру. ***«М»*** дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. ***Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.*** ***Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.*** **«Н»** дыбысының дұрыс артикуляциясы: ***Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.*** **«Н»** дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау**. «Н»** дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді,сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. **Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».** **Мақсаты:** Салынған сурет-ті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. **Мақсаты:** Қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету . -Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. **1-жағдаят:** Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. **2-жағдаят:** Екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы. – Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – **«Кешір»** деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Құрастыру** **Міндеті:**Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру **Мақсаты:** Құрылыс материалдарымен және **«Лего»** конструкторларымен жұмыс жасай білуге үйрету. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады. **Түсінеді:** Бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастырады, олардың бөлшектерін берік орнатады және бөліктерінің аттарын атай алады. **Қолданады: «Лего»** конструкторлардың пішініне, көлеміне қарай таңдай отырып одан әртүрлі көліктер құрастырады, оларды сөзбен сипаттап айтып береді, оларды құру кезеңдерін жоспарлай алады.

		Аталған дыбыс бар буын, сөз құрайды. **Мысалы: *ә-к- әке, ә-т-әтеш, ә-п әпке.***			
	4- ұйымдастыр.ылған іс-әрекет				
		Музыка **Міндеті:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту **Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. **Музыка тыңдау: «Желтоқсан»** (П. Чайковский) **Ән айту: «Шырша әні»** (К. Қуатбаев) **«Қазақтың жері»** (Б. Түзелбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна»** орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) **Билер: «Еркебұлан» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек»** («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: **«Илигай» қ.х.ә.** (өңд. Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру(18.12)** **Міндеті:** Сапқа тұру, сап түзеу,сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, **Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепетеңдік сақтап жүру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)** Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. ***«Артық»*** ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. ***«Артық»*** бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. **Дене шынықтыру(20.12)** **Міндеті**: Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. **Мақсаты**: 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу»** Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. **«Асық лақтыру»** – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып,	**Музыка** **Міндеті:**Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету. **Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. **Музыка тыңдау: «Жаңа жыл»** (Қ. Шілдебаев) **Ән айту: «Ақша қар»** (Е. Өміров) **«Шырша әні»** (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат»** (Е. Андосов) **Билер:«Ұлпақарлар биі» («Вальс»** П Чайковский үнтаспада, **«Билеп үйренейік»** жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Полька»** (А. Филиппенко	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. **Мақсаты:** Баланың кенестикалық ***(көру мен тыңдау арқылы қабылдауы)*** қабілеттерін дамыту. ***1.«Қарда жүргіш мәшина»:*** бір тізбекпен жүреді. ***«Орман тұрғындары» жаттығулары:*** Тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. ***II.ЖДЖ*** ойын түрінде ***(«орман алаңқайында жылынамыз»)*** ***«Артымнан қайтала».*** Педагог жаттығуларды көрсетеді.Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. ***Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».*** •Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. •Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару.

			көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Б .қ: Аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.		•Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару ***(қол білезіктерін айналдыру).***
Серуенге дайындық					
Серуендеу		**Суықторғайды бақылау:** **Мақсаты:** Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру. Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **«Суықторғайлар»** **А. Меңдібай** ***Қарағай мен шыршаның,*** ***Суықтан дені тоңып тұр.*** ***Бұл не ғажап қарасаң,*** ***Қайыңда алма өсіп тұр!*** ***Жақын келіп қарасам,*** ***Көзіме өзім сенбедім*** ***Алқызыл болып көрінген,*** ***Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің?*** Педагог жұмбақ жасырады: ***Айналаны қар басса да,*** ***Суықтан еш тоңбайды.*** ***Құс екенін бұл қандай,*** ***Қане, кім болжайды?*** ***Кеудесі қызыл әсем бізге қай уақытта ұшып келеді?*** Суықторғайдың кеу-десінің түсі қандай?	**Боранды бақылау** **Мақсаты:** Желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. **Бақылау барысы:** Педагог жұмбақ жасырады: ***Жерді тырнап, бұтаны ырғап,*** ***Шөпті сипап, ұшады зырлап,*** ***Жанын қинап, ұлиды зарлап***. (Боран) **Көркем сөз:** **«Ақ боран» Ә. Табылды** ***Ақ көрпесін жапты да,*** ***Аяз кенет аптыға,*** ***Айналаны үрледі,*** ***Ақ боран гуледі.*** ***Ау, ақ боран, ақ боран,*** ***Алай түлей соқ борпан.*** ***Ақ қар ұшып үйрілсін,*** ***Ауламызға үйілсін.*** ***Жас ұланмын шыныққан,*** ***Жасқанбаймын суықтан.*** ***Қардан жасап аққала,*** ***Сырғанаймын шаттана***. Педагог сұрақтары: Қалай ойлайсыңдар, боран	**Қардағы құс** **Мақсаты:** Қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. **Бақылау барысы:** Балаларға сұрақтар: Із дегеніміз не? ***-Қардың үстінде қалған белгі.*** Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну. Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? ***-Құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады.*** Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі. Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? **Зерттеу жұмысы:** Алаңдағы шағын жердегі	**Желді бақылау** **Мақсаты:** Желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатындығын,баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру. **Сұрақ:** -Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? -Үй мұржаларынан шыққан түтіннен. -Қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен -Орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. **Көркем сөз:** ***Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.*** **Қимылды ойын:** **«Әткеншек»** **Мақсаты:** Алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. **Еңбек:** Алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті

		–Ашық қызыл Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? ***-Қалың орман көлеңкесінде аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.*** Суықторғайлар қай уақытта ұшып келеді? ***Алғашқы аяз түскенде.*** Суықторғайлар немен қоректенеді? ***-Өсімдіктер дәндеріме.*** Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? ***-Мамыр айында.*** Суықторғайдың ыс-қырығы ***(дыбысы)*** ненің дыбысына ұқсайды? ***-Флейта аспабының дыбысына ұяң, мұңды.*** Қандай құстар қыстан қорықпайды? С***уықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай.*** **Зерттеу жұмысы:** Құстар ізін қарау.Оларды қарға мен жануарлар ***(мысық, ит)*** іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? **Еңбек:** **Мақсаты:**Ойын алаңын қардан тазалау. **Мақсаты:** Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу **Қимылды ойын :** **« Ұшты ұшты »** **Жаттығу ойындары:** **«Қапшықтағы жемді жеткіз »** **Мақсаты:** Тепе теңдікті сақтауға жаттықтыру. **Халық болжамы: «*Құстар асыға қоректенсе ауа райы*	дегеніміз не? ***-Қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір.*** Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? ***-Қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр.*** Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, , әлде жаман ба? ***-Ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды.*** Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? ***-Қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады.*** **Зерттеу жұмысы:** Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. **Еңбек:** Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын** **« Желдиірмен»** **Мақсаты:** Біріне ойын мазмұнына сай қимыл-дар жасау. **Жаттығу ойындары:** Қимылдарды дамыту **Мақсаты:** Араласуы.Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап секіру	қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін сал **Еңбек:** Қардан қала тұрғызуға қар жинау. **Мақсаты:** Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру.Жұмысты жоспарлау . **Қимылды ойын:** **«Ізбе із »** **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу. **Жаттығу ойындары:** Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру. Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? ***Құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба***? Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. **Қимылды ойын:** **«Бағдаршам».** **Мақсаты :** Қимыл –қозғалыстарын дамыту. **Халық болжамы:** ***«Қар көп болса, нан мол болады»*** ***«Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.»*** ***«Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.»*** ***«Қыс аязды болса, жаз ыстық болады»***	мұз кесінділерін дайындап қою.

		бұзылады»	техникала-рын дамыту (барлық түрінен)		
Серуеннен оралу	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.**				
Балалардың дербес әрекеті		*«Ж»* дыбысын буын ішінде келтіру: ***Жа-жа-жа – жалау.*** ***Жо-жо-жо – жол.*** ***Жу-жу-жу – жусан.*** ***Жы-жы-жы – жылан.*** ***Жи-жи-жи – жиек.*** ***Же-же-же – жер.*** ***Жә-жә-жә – жәшік.*** ***Аж-аж-аж – гараж.*** **Жаңылтпаш айту:** ***Жоғалды бес шыбыш,*** ***Жоқ әлі еш сыбыс.*** ***Жоқ әлі еш сыбыс,*** ***Жоғалды бес шыбыш*** ***(Қ.Мырза Әли)*** **Балалармен жеке жұмыс:** **(Гүлім, Мансұр)**	***«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны*** – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. ***Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ...(ірімшік),сары...(өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...(алма) т.б.*** **Балалармен жеке жұмыс:** **(Санжар, Медина)**	***Саусақ ойыны:«Қозылар»*** ***Мақсаты:*** Саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. ***Тіл дамыту жаттығуы:*** ***Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,*** ***Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,*** ***Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,*** ***Қопарды да өзі сурет салды,*** ***Мә -мә -мә -мә -мә -мә - мә,*** ***Қозыларды мен жақсы көрем,*** ***Мына қозы ортаға тұрам деп,*** ***Бүкіл ағаларын итеріп тастады.*** **Балалармен жеке жұмыс:** **(Айжан, Әлинұр)**	***Сюжеттік - рөлді ойын:«Көше»*** ***Мақсаты:*** Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. ***Жағдаят:*** ***Бағдарламалық мазмұны:*** ***1.***Балаларға көліктердің түрлері,жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру.Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. ***2.***Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды уйрету. ***Атрибуттар:***Түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. ***Қатысушылар:*** полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар. **Балалармен жеке**

					жұмыс: (Арлан, Багустар)
Балалармен жеке жұмыс		Әбілмансүр мен Ақмаржанға З дыбы-стың айтылуын жаттықтыру,	Шұғыла мен Ақжарқынға зат-тардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.	**Дидактикалық ойын: «Түстерді топтастыр»** Нәзік пен Жомартқа түстерді ажыратуға үйрету.	Әділ мен Каусарға қағаздан түрлі геомет-риялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.
Балалардың үйге қайтуы		Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 25.12 - 28.12. 2023 ж.

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 25.12**	**Сейсенбі 26.12**	**Сәрсенбі 27.12**	**Бейсенбі 28.12**	**Жұма 29.12**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын «Зат не үшін қажет?»** **Мақсаты:** Балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	**Дидактикалық ойыны: «Әрекетті бағала»** **Мақсаты:** Сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	**Дидактикалық ойын: «Бұл нені білдіреді?»** **Мақсаты:** Балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету.	**Дидактикалық ойын: «Бөлшектен үй құрастыр»** **Мақсаты:** Үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту.	
Таңертеңгі жаттығу жаттығу	**Жаттығулар кешені (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)**				

Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері:*** ***Аманбысың ,алтын күн!*** ***Аманбысың, жарқын күн!*** ***Маған жылу, жарық бер,*** ***Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық шеңбері:*** ***Мына аспан астында*** ***Жақсы дос көп табылар*** ***Мен де соның бірімін,*** ***Сыйлығымды қабыл ал!***	***Жылулық шеңбері:*** ***Жарық болса күніміз.*** ***Жарқын шығар үніміз.*** ***Елін сүйіп ержетер*** ***Біз болашақ гүліміз***	***Жылулық шеңбері:*** ***Достарымның барлығын,*** ***Сыйлап, жақсы көремін.*** ***Алақаным арқылы*** ***Жылуымды беремін.***	
Билингвалды компонент	Жаңа жыл – Новый год-new year; шырша – ёлка- Christmas tree . жақсы өнеге – хорошие манеры- good manners , әдепті – воспитанный- educated , рақмет – спасибо- thank you , кешіріңіз – извините- sorry , өтінемін – пожалуйста- you are welcome.				
	1- ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау. **Мақсаты: «Сөз», «Сөйлем»** деген не екенін түсіндіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады. **Түсінеді:** Өңір, желу сөздерінің мағынасын. **Қолданады:**Қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін. –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар еке-нін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады. ***Демонстрациялық материал.*** –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көрген-	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті**: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты: Ү**ш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Дыбыстармен жұмыс.** **Дидактикалық жаттығуы:** **«Дұрыс көрсет»** Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. **Мысалы:** ***тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай*** **т.б**	**Математика негіздері** **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. **Мақсаты: А**йлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:** Жыл айларының реттілігімен таныстыру. **Түсінеді:** Жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын. **Қолданады:** Жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы Суреттерді қарайды. Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдайды. Оларды жапсырады. **Дидактикңалық ойыны:** **«Жыл бойы»** Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай?	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті**:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. **Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. **Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.** **2.** Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерлеріне дыбыстық талдау жасайтындарын айтады. **Әже, нар, тай** суреттері астына дыбыстық талдау жасайды. -Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып,	

	деріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. -Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?деген ұсыныс айтады педагог.Педагог балалардың ойларын қорыта келе: Бұл суреттің тақырыбын ***"Ажарлы қыс "*** деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. –Балалар ***"Ажарлы "***-сөзі ***«көрікті, әсем, тамаша, сұлу»*** деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды.		– Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б.	дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Қателескен жерлерін тақтадағы сызбамен түзейді. **«Әже»** сөзінің дыбыстық сызбасын педагог тақтаға іледі. **«Әже»** сөзінде 2 буын, 3 әріп, 3 дыбыс бар. Бірінші дыбыс – **«Ә»** жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік. Екіншісі -**«Ж»** ұяң, дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. Үшіншісі- **«Е»** жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.	
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті**: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау **Мақсаты:** Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру **Күтілетін нәтижелер:** **Меңгереді:**Жыл айларының реттілігімен таныстыру. **Түсінеді:** Жыл мезгілдері-	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Мақсаты:** Өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Өлеңнің мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін жасайды. **Түсінеді:** Өлеңнің мазмұнын түсінеді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Мақсаты:** Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** Сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Мақсаты:** Өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз?	

	нің маусымдық айырмашылықтарын. **Қолданады:** Жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы. Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады.Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог 18-кесте бойынша жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.	**Қолданады:** Өз ойын айтады, сұрақтарға жауап береді. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын **Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді»** өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі еке-нін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрық-ша сезімдерді ұйқас сөздер-мен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. **«Жаңа жыл келді»** **Жаңа жыл да келеді** **Бізге қарай жылыстап.** **Өлең де әзір, ән де әзір,** **Ойын да әзір, бәрі әзір.** **Кел, Жаңа жыл, біздерге,** **Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!**	**Қолданады:** Дыбыстарды ажыратады **Дидактикалық ойыны: «Кім алғыр»** –Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. **Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, h, ф, х, ц, ч, ш, у.**	– Қандай мереке шыршасыз өтпейді? – Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын **Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді»** өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді **Жұмбақты шеш.** **Жасыл ине киімім,** **Жайлаймын тау биігін.** **Жаңа жылды тойласаң,** **Төріндемін үйіңнің.** (Шырша) Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.	
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:**Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. **«Өлі табиғат»** ұғымымен таныстыру **Мақсаты:** Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Қыста табиғат-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу. **Мақсаты:** Сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. **Түсінеді:** Ұжымдық ойына бір-біріне көмектесу керек	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау. **Мақсаты:*«Ажарлы қыс»*** үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету **Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап».** Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырма-	**Қазақ тілі** **Міндеті**:Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу **Мақсаты:** Сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** Берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. **Түсінеді:** Ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу	

	та болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады. **Түсінеді:** Қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді. **Қолданады:** Зерттеушілік дағдысын пайдаланады. Қыста өте көп қар жауады. Әдемі, үлпілдеген, аппақ қар жерге, үйлердің шатырына, ағаштарға жауады. Олар да жаңбыр сияқты бұлттан пайда болады. Бірақ олардың түзілу жолы сәл өзгешелеу. Бұрын біз қар дегеніміз қатып қалған су тамшылары деп ойлайтынбыз. Бірақ олай емес екен. Ғалымдар қардың пайда болу құпиясын ашты. Қардың ешқашан тамшыдан пайда болмайтынын білді.Су тамшылары қатып, мұзға, яғни бұршаққа айналуы мүмкін.Ондай бұршақтарды біз жаздыгүні күн күркіреп, қатты жаңбыр жауғанда көреміз. Ал қар жерден өте биікке, ауасы үнемі суық болып тұратын жерлерге көтерілген су буынан пайда болады екен.Су буынан бастапқыда кішкентай мұз түйіршіктері – кристалдар пайда болады.Бірақ оларды жерге жауатын қар деуге болмайды. Өйткені олар өте ұсақ. Сол ұсақ кристалдар біртіндеп үлкейіп, қарға айналады	екенін түсінеді. **Қолданады:** Сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. **Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»** – Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? ***Апаң сенің базардан*** ***Алма сатып әкелді.*** ***Ең үлкенін, жақсысын*** ***Саған таңдап әперді.*** ***Не деп айтып жеу керек?*** ***«Рақмет, апа!» – деу керек.*** ***Балалар жүр көшеде,*** ***Естілді шу-айғай.*** ***Сен де шықтың досыңды,*** ***Қағып кеттің байқамай.*** ***Мұндайда не деу керек?*** ***«Кешір досым», – деу керек.*** ***Осы келген бетіңде,*** ***Допты құдың жарыстың.*** ***Көшенің сол шетінде,*** ***Кезікті бір апайың,*** ***Ұмыттың сен не деу керек?*** ***«Сәлеметсіз бе!» – деу керек.***	шылығын табу керек. **Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».** **Ойын шарты:** Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.	керек екенін түсінеді. **Қолданады:** Сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. **«Сіз»** деген – әдеп, **«Біз»** деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын: «Сұраққа жауап бер».** – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.	

	4- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру **Мақсаты:** 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. **«Сілеусін»** – бөренеден түсу. Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)	**Музыка** **Міндеті:** Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. **Музыка тыңдау: «Жаңа жыл»** (Қ. Шілдебаев) **Ән айту: «Ақша қар»** (Е. Өміров) **«Шырша әні»** (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат»** (Е. Андосов) **Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс»** П. Чайковский үнтаспада, **«Билеп үйренейік»** жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау: «Полька»** (А. Филиппенко)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Түзу бағытта адымдап жүру **Мақсаты:** Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** ***«Қасқыр мен лақтар». (3 рет)*** Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында ***«қасқыр»*** тұрады. ***«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».*** Белгіден кейін залдың екінші шетіне ***«лақтар»*** жүгіреді, ***«қасқыр»*** оларды ұстап алуға тырысады.	**Музыка** **Міндеті:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу **Мақсаты:** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пенептілікті білдіру. **Музыка тыңдау: «Қыс»** (А. Вивальди, үнтаспадан) **Ән айту: «Ақша қар»** (К. Қуатбаев) **«Ақша қар»** (Е. Өміров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр»** (Л. Бетховен) **Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс»** П. Чайковский үнтаспада, **«Билеп үйренейік»** жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр»** **Музыкалық аспапта ойнау: «Полька»** (А. Филиппенко)	
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Күн мен түн неге ауысады?** **Мақсаты:** Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру **Бақылау барысы:** Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн	**Қ ар жамылған ағаштарды бақылау:** **Мақсаты:** Ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру.Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. **Әңгімелесу:** Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? ***-Ағаш бұтағы сынуы немесе***	**Қарғаларды бақылау:** **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. Қарғалардың тіршілігін бақылау құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:**Педагог балаларға жұмбақ жасырады. ***Қара түсті қарқылдақ,*** ***Ұшып, қонып жалпылдап.*** ***Қоқыстарды шоқиды,*** ***Жем іздейді там тұмдап.*** (Қарға) Қарға қыстап қалатын құс. Ол	**Қар ұшқындарын** **Мақсаты:** Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару.Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **«Суретші қыс» К. Нүсіпов** ***Қонақтайды бақтарға,*** ***Ақ көбелек, ақ мамық.*** ***Аунап таза ақ қарға,*** ***Балалар жүр мақтанып.*** ***Тазарып бар кір, шаңнан,***	

	болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. **Балаларға сұрақтар:** Жұлдыздар түнде қайда кетеді? ***- Жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді.*** Күн неге батады? ***-Жер күнді айналады, сондықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.*** **Зерттеу жұмысы:** Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу.Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады.Түсте көлеңке қысқа болады. **Еңбек:** Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу . **Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы».** **Мақсаты:** Күн туралы білімдерін бекіту. **Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. «Шығырыққа лақтыру».** **Мақсаты:** Мергендіктерін дамыту. **Мақал:»Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық»**	***төбеңе қар құлауы мүмкін.*** Ағаштар неге қыста өспейді? Ағаш тамырлары қалай қыстайды? Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? Ағаштар қыста неге тоңбайды? ***Қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады.*** Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау. **Көркем сөз:** **«Аядым» М. Әлімбаев** ***Жауған күні қар алғаш,*** ***Ағаштарды аядым*** ***«Тоңбасын» деп бұл ағаш,*** ***Орап қойдым аяғын.*** **Балаларға сұрақтар .** Ағаштардың қандай пайдасы бар? Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? -**Күзгі ағаштар.** **Зеттеу жұмысы:** Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. . **Еңбек:** Жауған қарды ағаш түбіне үю. **Мақсаты:** Ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу **Қимылды ойын: « Кім ағашқа бұрын жетеді?».**	өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс әрекетіне қарап ауа райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қар-қылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған. **Көркем сөз: «Қарға»** **С.Сейфуллин** **Қарға, қарға, қарғалар,** **Көзден жасы сорғалар.** **Қар үстінде жорғалар.** **Боран соқса қор болар,** **Бұтаға келіп қорғалар.** **Қысып кетсе сары аяз,** **Қар үстінде жем көрсе,** **Қапелімде қолға алар.** **Екі шоқып, бір қарар,** **Деп «жолымды» оңғарар** **Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру. **Еңбек:** Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. **Мақсаты:** бірлесе еңбек етуге баулу. **Қимылды ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр».** **Мақсаты:** Екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арсына допты қыстырып алға жылжу. **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. **Мақсаты:** Нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.	***Қыс өнерін бастады.*** ***Терезеге қыраудан,*** ***Сурет сала бастады.*** **Балаларға сұрақтар:** Жауған қар қандай? Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма? **Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».** Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір біріне ұқсастарын табу . Зерттеу жұмысы: Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? **Еңбек:** Қардан қамал тұрғызу **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; Бастаған істі аяқтауға үйрету. **Қимылды ойын «Екі аяз»** **Мақсаты:** Педагог белгісі бойынша әрекет ете білу. және назар аудара білу дағдыларын дамыту. **Жаттығу ойындары: «Байқап өт».** **Мақсаты:** Заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.	

		Мақсаты: Ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту. **Жеке жұмыс: «Затты тап»** **Мақсаты:** Мектеп ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.			
Серуеннне оралу	**Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.**				
Балалардың дербес әрекеті	***Саусақ туралы жаттау:*** ***Бас бармағым- атам үйдің данасы,*** ***Балан үйрек-әжем ошақ анасы,*** ***Ортан терек- әкем отау панасы,*** ***Шылдыр шүмек- ше- шем шаңырақ ажары,*** ***Титтей бөбек-мен бәрінің базары.***	***Дидактикалық ойын: «Кері айт»*** ***Мақсаты:*** Мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту,тілін дамыту.Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	***Тіл ұстарту: (л, р)*** ***Ла, -ла, -ла - ол білімді бала,*** ***Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала.*** ***Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала,*** ***Рет, -рет, -рет - бала салды сурет.***	***Жаңылтпашты жаттау:*** ***Ян-ян-ян*** ***Жүгіріп жүр қоян.*** ***Ян-ян-ян*** ***Бұл қоян емес, шаян!***	
Балалармен жеке жұмыс	Айкөркем мен Балсезімге сандарды санауға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам!**	Елдос пен Камшатқа сөздер-ді анық айтуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөзді айтуға көмектес»**	Нұрмұхамбед пен Әбумансұрға пішіндерді ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Пішіндер доминосы»**	О.Ислам мен Нұрсұлтанға қарын-дашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу **«Үзік сызықтарды қос»**	
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 08.01 - 12.01. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.01	Сейсенбі 09 .01	Сәрсенбі 10.01	Бейсенбі 11.01	Жұма12. 01.
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен неме-се баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды жақсы көңіл күймен қабылдау. Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналарға балалар- ға көп тәттіні бермеу- ге ескерту..
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті	***Танымдық ойын «Заттарды салыстыр»*** ***Білімділік:*** Балалардың	***Дидакикалық ойын:«Төлін айт» Ойын***	***Дидактикалық ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»***	***Дидактикалық ойын: «Керісінше айт»*** ***Ойынның шарты:***	***Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Жуылмаған***

ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	үлкен-кіші,көп-аз туралы ұғымдарын қалыптастыру.Көп-аз,үлкен - кішіні ажыратып күнделікті өмірде қолдана білуге және бір-бірін аттарымен атай білуге нәрету.Бала-лар бойына достық, мейірімділік сезімін егу. Заттарды түстеріне,түрлері-не қарай ажыратып салыстыруды меңгерту. Ойлау, кәріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қоршаған ортамен жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.	***шарты:*** Педагог балаларға жабайы жануарларының суретін көрсетеді, балалар төлдерін тауп айтады. **1. Аюда – ... (қонжық) 2. Түлкіде – ... (мыршай)** **3. Қасқырда – ... (бөлтірік)** **4. Қоянда – ... (көжек)**	***Мақсаты:*** Табиғатта бо-латын өзгерістерді, олар-дың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беру барысында,табиғат құбы-лыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету.Табиғатты сүюге, оны құрметтеуге тәрбиелеу. **Көрнекі құралдар:** Табиғат құбылыстарының суреттері	Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. ***Ойынның құрал-жабдықтары: Доп*** ***Ойынның мазмұны:*** Педагог балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. ***Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық.***	***жемістер» (5-10 мин)*** ***Мақсаты:*** Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту, жемістерді атай алу жә-не олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. ***Керекті құралдар:*** Кез-келген жеміс ***(сәбіз, картоп),*** қатты ысқыш, шұңқыр ыдыс. ***Мазмұны:*** Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.
Ертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** ***Достарымның барлығын,*** ***Сыйлап, жақсы көремін.*** ***Алақаным арқылы*** ***Жылуымды беремін.***	***Жылулық сәті:*** ***Көңілденіп күленіп,*** ***Бақытты боп жүремін.*** ***Бәрін біліп алатын,*** ***Мен ақылды баламын***.	***Жылулық сәті:*** ***Күнім күліп арайлы,*** ***Тереземнен қарайды.*** ***Достарыммен шеңберге,*** ***Тұрғанымды қалайды.***	***Жылулық сәті:*** ***Қуанамыз күлеміз,*** ***Бар әлемде сүйеміз.*** ***Қол ұстасып,*** ***қуанып,*** ***Достарымен бір жүреміз.***	***Жылулық сәті:*** ***Аспан ашық , көгілдір,*** ***Күн шуағын төгіп тұр*** ***Қол ұстасқан біздерді*** ***Тереземнен көріп тұр.***
Билингвалды компонент	нан – хлеб- bread . лақ – козленок- a little goat . Қайың – береза- birch , табиғат – природа- nature . ауыр, жеңіл- easy , өлшеу-измерять- measure жақсы – хорошо- good ; жаман – плохо- bad құстар-птицы- birds				
	1- ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Алуан түрлі заттарды сипаттауға,қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану. **Мақсаты:** Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Дыбыстық талдау жасаулары одан	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру - **Мақсаты: З**аттардың салмағы ***«жеңіл», «ауыр»*** туралы ұғым қалыптастыру.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру **Мақсаты:** Қолды жазуға үйрету.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру**.** **Мақсаты:** Заттардың салмағы ***«жеңіл», «ауыр»*** туралы ұғым қалыптастыру.

	–Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. **Мақал-мәтелдер:** 1.***Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.*** ***2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, Салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.*** ***3.Қарағайға қарап – тал өсер,*** ***Қатарына қарап – бала өсер*** –Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа ***«шыршаның»*** екінші топқа ***«қайыңның»*** сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог **М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз»** әңгімесін оқып береді. Педагог әңгіме мазмұнын балалармен бірге талқылайды. Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Шыбық тисе шыңқ етер – өте ашуланшақ екенін түсіндіреді. Педагог балаларға ертегі бойынша сұрақтар қояды: - Біз бүгін **М.Төрежановтың** қандай ертегісімен таныстық? – Ертегі не туралы ?	әрі жетілдіру. Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. **Мысалы:** Жуан дауысты дыбыстар -**а, о, ұ, ы, у**. Жіңішке дауысты дыбыстар -***ә, ө, е, э, і, и, ү, у.*** **Дидактикалық ойыны: «Сөздерді буынға бөл»** -Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. **Мысалы:** ***та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі, мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, түй-е, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар.***	**Эксперименттік іс-әрекет:** Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар. Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? ***Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы*** Не жеңіл? Не ауыр? ***Мақта жеңіл, ал металл ауыр.*** Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? ***Мақта ұшып кетті.*** Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? ***Гайкілер қозғалмайды.*** Неліктен? ***Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді.***	**2.** Дыбыстық талдау жаса. **4**. Штрихта. **5.** Үзік сызықтарды басты, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады	Тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Ауыр және жеңіл заттарды тауып, оларды жапсырады. Балалар заттарды атайды, олардың салмағын анықтайды. Ауыр зат – үлкен жолдорба мен белтемір, жеңіл – доп және кішкентай жолдорба. Заттарды жапсырады.
	2- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру. **Мақсаты:** Заттардың салмағы **«жеңіл», «ауыр»** ту-	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Мақсаты:** Әдеби шығарманы мәнерлеу құралда-	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Мақсаты:** Әдеби шығарманы мәнерлеу құ-	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау **Мақсаты:** Құстардың

	ралы ұғым қалыптастыру. **Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтай-ды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар. Дәптермен жұмыс істеу: 1 -тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. -Кімнің жолдорбасы ауыр? -Кімнің жолдорбасы жеңіл? Педагог балалармен бірге тап-сырманы орындайды, талқы-лайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді. Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі	рына байланысты қабылдауға дағдыландыру. «**Мен қандаймын» ойыны:** -Шеңберге тұрып, мен қолымдағы допты біреу іңе лақтырамын. Допты қағып алған балаға сұрақ қоямын. -Сен қандай баласың? ***Мен әдепті баламын.*** -Арман, сен қандай баласың? ***-Мен жақсы баламын.*** Бойымызда осындай жақсы қасиеттердің болғанына қуаныштымын. Ал енді кейде нашар әдеттердің де кездесетіні туралы әңгімелесейік.Тақтадағы,слайдтағы суреттерге назар аударайық. -Суреттен кімді көріп тұрсың? ***Баланы***. -Балаға ат қояйықшы. ***Арман***. -Арман не істеді? -Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? -***Саматты***. -Ол не істеп тұр? -Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс? – Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік. Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз.	**Мақсаты:** Дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру. Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. ***Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, камаз, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б.*** -Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз. -Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? -Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар, сөзде неше буын бар, соны анықтап алады екенбіз. Содан кейін не істейміз? ***-Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз.*** Педагог тақтаға ***«нан»*** сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында орындайды. ***Нан*** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. ***Н*** – үнді дауыссыз, өйткені созып әндетіп айтылмайды, салдырға қа-	ралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру. «**Жақсы мен жаман»** ***Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.*** **Сөздік жұмыс:** жақсы бала-ақылды,таза, ұқыпты бала шалалық – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: -Өлең қалай аталады? -Өлеңде не туралы айтылған? -Саған ұнады ма? -Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? Сен қандай бала болғың келеді?	қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. **«Құстар болмаса не болады?»** деген сұраққа қатысты пікірлерін айтады. ***«Біз құстарды тамақтандыру үшін жемсауыт іліп қойсақ болады, ата-аналарымызбен бірге оларға ұя жасауға болады, ағаштардың бұталарына мақта мен жүн қиындыларын іліп қоюға болады»*** деген тұжырым жасайды. Өзара ақылдасып, ***«Құстар үшін ең қиын уақыт – ақпан айы»*** деген қорытындыға келеді. Өйткені ақпанда қарлы боран соғады. Құстардың жемі таусылады **Дидактикалық ойын: БҰЛ ҚАЙ ҚҰС?»** **Мақсаты:** Балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді ***(немесе жұмбақтар жасырады),*** ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс. Содан кейін

		-Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың ***«Жақсы мен жаман»*** өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адам-ның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. – Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз.	рағанда үн басым, бәсең үн бар.Сызбада көк дөңгелекпен белгілеп көрсетеміз. ***А-*** жуан дауысты, дау--ыстап әндетіп айтуға болады. Жуан дыбысқа жатқызамыз өйткені ***А-*** адыбысын айтқанда тілдің үсті дөңестеліп, кері шегінеді. Қызыл дөңгелекпен белгіленеді. **Н** - үнді дауыссыз дыбыс. Көк дөңгелекпен белгілейміз		орындарымен ауысады.
	3- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті: Ж**ыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу **Мақсаты:** Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал жылқұстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады. Балалар педагогті мұқият тыңдайды, жеке өміріндегі тәжі-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бірбірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. **Мақсаты:** Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.. **Дидактикалық ойын: «Не артық?».** Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. ***Жануарлар және көйлек суреттері.*** –Көйлек неге артық? ***–Көйлек – киім.*** –Сендерде қандай киім бар?	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Балаларды бірбіріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу. **Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту **Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».** **Ойын шарты:** Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бірбірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, **Мақсаты:**Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Суреттермен жұмыс: –Мынау не? ***–Мынау – шұлық.*** –Мынау нелер? ***–Мынау – шұлықтар.*** –Мынау не? ***–Мынау – жемпір***. –Мынау нелер? ***–Мынау – жемпірлер***. Жемпір не? ***–Жемпір – киім.*** –Сен не кидің?	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Сурет** **Міндеті**: Балаларды қазақтың қонақ жайлылығымен таныстыру. **Мақсаты:** Мерекелік дастархан суретін салу. Үлгіні талдау барысында дастарқанды салу техникасы мен ою-өрнектерге назар аударады. – Алдымен дастарқанның суретін салып аламыз. -Дастарқан қандай геометриялық пішінге ұқсас? Дастарқанды бір түсті бояумен салайық. **Көркем сөз:** ***Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін.***

	рибесімен бөліседі.Өздері білетін құстардың атауларын айтады. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. Өлкеде қыстап қалатын құстарды атайды. Күз жақындаған кезде күн қысқара бастайды.Бұл- құстарға жолға шығу керектігін білдіретін өзіндік белгі. Жәндіктер де жоғалып кетеді. Олар ағаш қабықтарының арасындағы жарықшақтарға, үйлер мен қоршаулардың тесіктеріне, құрғақ жапырақтар арасына жасырынады. Шөп құрайды.Тоғанда су мен өзендер қатады.Топырақты қар басады. Жарық күн сайын азайған үстіне азаяды. **Ұқсастықтары:** Құстардың бәрінің тұмсығы, қанаттары мен қауырсыны бар. Олар бірбірінен құйрығының пішінімен және үлкендігімен, қанаттарының көлемімен ерекшеленеді. Құстардың денесіндегі қауырсындарының бәрі бірдей ма? Қанатында желпуіш қауырсындар болады. Олар құстарға ұшуға көмектеседі.Құйрығында бағыттаушы қауырсындар болады. Ол ұшуды басқаруға көмектеседі.Ал мамық қауырсындар денесін жарақаттан, сызаттан, суық пен ыстықтан, су өтуден және кеуіп кетуден сақтайды. Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырсын не үшін	***Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.*** -Көйлек, шалбар, жейде -нелер? ***-Көйлек -киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.*** Мынау қандай жейде? ***Мынау – ұзын жең жейде.*** Мынау қандай көйлек? ***Мынау – қысқа жең көйлек.*** Сөйлемдерді айтып жаттығады. ***Жең, ұзын*** сөздерін дұрыс айтып жаттығу. ***Ең-ең-жең.*** ***Ұұзын жең.*** ***Қа-қа-қысқа – қысқа жең.***		***Балалар өз киімдерін атайды.*** –Сенің көйлегің қандай? ***–Менің көйлегім қызыл: ұзын жеңді, әдемі.***	***Ол халқымның ақ наны,*** ***Кең пейілді, арайлы,*** ***Осы жерден тарайды.*** Педагог дастарқанды әшекейлеу жолдарын көрсетеді, салып түсіндіреді. Өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. – Тік төртбұрышты дастарқанның шеттеріне, бұрыштарына, ортасына түрлі түсті ***«қызғалдақ», «қошқармүйіз»*** өрнектерін үйлестіре салайық. Педагог көптілділік компонент бойынша дастарқан – дастархан, ою-орнамент ornament, өрнек –узор-pattern ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.

	қажет?				
	4- ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. **Мақсаты:** Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. **І.«Құмырсқалар соқпақпен келеді».** Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. **«Артқа бұрыл!»** бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.	**Музыка** **Міндеті:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. **Мақсаты:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: **«Вальс»** (С. Майкапар) **Ән айту:** **«Қыс қызығы»** (И. Нүсіпбаев) **«Ақша қар»** (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі»** (Е. Тиличеева) **Билер: «Испан биі»** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«Төмен және жоғары дыбыстар»** ойыны **Музыкалық аспапта ойнау: «Полька»** (А. Филиппенко)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру ***(қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру).*** Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. **Мақсаты:** Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. ***«Тауға өрмелеп шығу».*** Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды. Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі. Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. **«Құмырсқаға үй тұрғызу»:** поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.	**Музыка** **Міндеті:** Балаларға ***«Қаражорға»*** биін билету **Мақсаты:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: **«Вальс»** (С. Майкапар) **Ән айту:** **«Қыс қызығы»** (И. Нүсіпбаев) **«Ақша қар»** (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі»** (Е. Тиличеева) **Билер: «Испан биі»** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«Төмен және жоғары дыбыстар»** ойыны **Музыкалық аспапта ойнау: «Полька»** (А. Филиппенко)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты жоғарыдан ***(алға және артқа)*** бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. **Мақсаты:**Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету . **І«Көңілді шарлардың»** тапсырмасын балаларға айтады. Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді. ІІ. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2): Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет. **Шұңқырға секіру:** 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге

					тырысады.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуен	**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау** **Мақсаты:** Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ро-лі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту. Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: ***«Бұл неткен күшті тазалаушы еді,*** ***Үйілген қарды,*** ***Әп сәтте жинап алды?»*** ***-Қар жинайтын машина.*** Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. ♦ Олар неден жасалған? ***-Темір сымдардан.*** Олардың қылшықтары қандай? ***-Қатты, тікенекті.*** Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? ***-Үлкен екі бұрандасы бар.*** Бұл бұрандалар не істейді? ***-Еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады,ол қарды алысқа лақтырады.*** ♦ Бұл машиналар несімен	**Қарды бақылау:** **Мақсаты:** Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** **«Қыс» Қ. Жұмағалиев** ***Қысым ақ, қысым ақ*** ***Жібердің қысып ақ,.*** ***Қалмаспыз біз деген,*** ***Боранға ұшырап.*** ***Аппақ қар жауа бер,*** ***Риза ғой саған ел.*** ***Боратты ау бораным,*** ***Қайратын қарай көр.*** ***Біз батыл баламыз,*** ***Жылы үй, қорамыз.*** ***Ақ ұлпа қарыңнан,*** ***Аққала соғамыз.*** Халықта мынадай болжам бар: **қарға қарқылдаса, қар жауады.** Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері	**Қардың қалыңдығын бақылау:** **Жұмбақ*:*** ***Көктен түсіп көбейді,*** ***Ұқсайды өзі шекерге,*** ***Бірақ ешкім жемейді,*** ***Жерде жатыр бекерге.*** ***Ол не?*** (Қар). **Бақылау:** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету ж ә не р жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын.** **«Ақшақарды ізде».** **Мақсаты:**Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек:** Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (***қарды тоқтатады, жел соққанда),*** қардан кедергілер жасау, педагогке көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.	**Бұлтты бақылау:** **Мақсаты:** Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту.Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту. **Бақылау барысы:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: ***1Етек жеңі жиналмай,*** ***Дауыл тұрса дым қалмай.*** ***Түйдектеліп көшеді,*** ***Тоз тоз болып өшеді.*** ***2.Көшіп жүріп желменен,*** ***Сеуіп шықты тамшысын,*** ***Қыраттарға шөлдеген.*** Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.	**Теректі бақылау:** **Мақсаты:** Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту. Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:**Педагог әңгімелейді. Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа. ♦ Қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз **«Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек»** деген. ***Ауыл маңы терек,*** ***Терек егу керек.*** ***Әсем биік теректер,*** ***Балаларды өбектер .***

	ұқсас? ***-Екеуі де көшені қардан тазалайды.*** -Қар тазалағыш маши-налар көліктің қай түріне жатады? ***Арнайы көлік түрлеріне.*** **Зерттеу жұмысы:** Қар тазалайтын машина мен «***Жедел жәрдем»*** машинасын салыстыру. **Еңбек:** Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру. **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету.Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** **«Аңшылар мен аңдар»** **Мақсаты:** Қозғалыс дағдыларын бекіту. Батылдықтары менептіліктерін дамыту. **Жаттығу ойындары:** **«Көпірден өт».** **Мақсаты:** Тепе теңдікті сақтауға жаттықтыру. **Халық болжамы:** «***Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады»***	өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді.Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. Педагогтың сұрақтары. ♦ Қыс айларын атаңдар? *Қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? *Қарқатқақ қалай пайда болады? **Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа? Неге? **Еңбек:** Сырғанаққа су себу. **Мақсаты:** Суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. **Қимылды ойын:** **«Екі аяз»** **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. **Жаттығу ойындары** **«Кім алысқа секіреді?».** **Халық болжамы:** «***Қар көп болса, нан мол болады.»***	**Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен, 2- 3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына іс- әрекет ету.	**Балаларға сұрақтар:** Бұлттар қандай болады? Олар қайдан пайда болады? Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы:** Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек:** Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау. **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қимылды ойын:** **«Қар үстіндегі хоккей».** **Мақсаты:** Шайбаны қақпаға домалатуға үйрету. **Жаттығу ойындары:** **Қимылдарын дамыту.** **Мақсаты:** — Сырғанауға үйрету. — Сырғанау кезінде отыруға үйрету.	Теректер қайда көбірек өседі? **-Қалада.** Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі? Ағаштар қалада не үшін керек? ***Ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады***. Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? ***-Күз соңында.*** Неге ағаш жапырақтары күзде түседі? ***Себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін.*** ***Зерттеу жұмысы:*** Ауладағы ағаштарды қарау.Қай ағаш қалай тұр? ***-Кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр*** **Еңбек:** Кіші топ балаларына қар жинауға. **Мақсаты:**Көмектесу. Кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** **«Бәйге»** **Мақсаты:**Педагогтың белгісі бойынша жүгіруге үйрету. **Жаттығу ойындары:** Бір аяқпен секіру. **Мақсаты:** Жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру. **Мақал мәтел:**

					«Бір тал кессең, он тал ек» **Тыйым сөздер:** ***«Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды.»*** ***«От жағуға қураған ағашты пайдалану керек.»***
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру				
Балалардың дербес әрекеті	***Ойын: «Оң жақта»*** ***Мақсаты:*** Кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. ***Ойын барысы:*** Балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан. ***1 нұсқа:*** Педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады. ***2 нұсқа:*** Педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді. ***3 нұсқа:*** Педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың ***(ойыншықтар атауын атайды)*** оң жағында орналасындай тұруын өтінеді. ***Қажетті заттар:*** Әртүрлі ойыншықтар.	***Саусақ гимнастикасы:*** Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді. ***1.«Кір жуамыз».*** Балалар жұдырығын қысып,***«кіржуамыз»***дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады**.*** ***2. «Тары мен күріште жинау»*** Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күріш-ті екінші кесеге салу тапсырылады. ***3. «Қуыршақтың белбеуін байла.»*** Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп,***«қуыршақтың белбеуін байла»***деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін	***Үстел үстінде ойналатын ойындар.*** ***Ойын: «Жуылмаған жемістер»(***5-10 мин) ***Мақсаты:***Балалардың мә-дени – эстетикалық тал-ғамдарын байыту, жеміс-терді атай алу және олар-дан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. ***Керекті құралдар:*** Кезкелген жеміс ***(сәбіз, картоп),***қатты ысқыш, шұңқыр ыдыс. ***Мазмұны:***Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді. Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.	***Дыбыстармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы:*** Балалар мен сендерге сөз-дер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі ды-быстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. ***Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай*** т ***"Л" дыбысының буын арасында кездесуі.*** ***Ла-ла-ла – лақ.*** ***Лә-лә-лә – Ләззәт.*** ***Да-да-да – дала.*** ***До-до-до – долана.*** ***Құ-лан. Құ-лақ.***	***Дидактикалық ойыны «Артық сөзді тап»*** ***Ойын шарты:*** Мұнда балаларға суреттер сериясы беріледі. Әрбір серия***4*** суреттен тұрады,оның ***3*** суреті бір тектес және оларға тән ортақ қасиет бойынша біріктіріледі де ***1*** сурет алып тасталынады. ***Суреттер сериясы:*** ***1. әке, ана, дәрігер, апа*** ***2. нан, сүт, ірімшік, қаймақ.***

		өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.			
Балалармен жеке жұмыс	Амиржан мен Ә.Айзере құстарды танып,атын атауға үйрету.	Зере мен Нұрдәулет түстерді ажыратуға үйрету. **Д/ойын: «Түстерді топтастыр»**	Еркеназ бер Аяулым карандашты дұрыс ұстауға үйрету.Суреттен ойын-жаттығу **«Үзік сызықтарды қос»**	Нұржан мен Исламды ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»**	Даниал мен Ансарды түстерді ажыратуға үйрету. **Д/ойын: «Түстерді топтастыр»**
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 15.01 - 19.01. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.01	Сейсенбі 16.01	Сәрсенбі 17.01	Бейсенбі 18.01	Жұма 19.01
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ..
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-	***Үстел үстінде ойналатын ойын: «Жуылмаған***	***Қимылды,еңбек ойын: «Ойын алаңын***	***Дидактикалық ойыны: «Не артық?»***	***Сюжетті-рөлді ойын:***	***Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап»***

ды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***жемістер»(5-10 мин)*** ***Мақсаты:*** Балалардың мә-дени – эстетикалық талғам-дарын байыту, жемістерді атай алу және олардан қан-дай тағам жасай алуға болатынын үйрету. ***Керекті құралдар:*** Кезкел-ген жеміс ***(сәбіз,картоп),*** қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс. ***Мазмұны:***Ортаға үстел қойып, сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картоп-ты көрсетеміз. Одан кейін оны щеткамен қалай жу-уға болатынын көрсетеді. Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.	***тазалау»*** ***Мақсаты:***Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. ***Құралдар:*** Сыпыртқы, күрек, қап; ***Ойын шарты:*** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Педагогтің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. ***Жаттату:*** ***Қандай қызық қыс деген,*** ***Бәрін шебер істеген.*** ***Бақша, бауды, тауды да*** ***Бояған аппақ түспенен.***	***Ойын шарты:*** Педагог бір топқа жататын сөздер ді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек. ***Мысалы: нан, шай, май, тай – ...(тай)*** ***Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (тақ)*** ***Алма, шие, бөрік, өрік – ... (бөрік)*** ***Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (кес)***	***« Құрылысшы »*** ***Мақсаты:*** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. ***Педагогтің іс-әрекеті:*** Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы мамандының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	***Мақсаты:*** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. ***Қажетті құралдар:***Түрлі-түсті дөңгелектер. ***Ойын барысы:***Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөң-гелектерінің түсі бой-ынша үлкен шеңберілер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.
Таңертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені(Жан-жақты дамытушы жаттығуы)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** ***Шаттанамын, күлемін,*** ***Бақытты боп жүремін.*** ***Қатар тұрар шеңберде*** ***Досым көбін білемін***	***Жылулық сәті:*** ***Көңілденіп , күлемін,*** ***Бақытты боп жүремін.*** ***Бәрін біліп алатын*** ***Мен ақылды баламын***	***Жылулық сәті:*** ***Бақыт толы шеңберге,*** ***Шаттық толы шеңберге*** ***Қол ұстасып келдік біз,*** ***Жан достармыз енді біз***	***Жылулық сәті:*** ***Күн жылуын аямасын,*** ***Шуағын аяласын.*** ***«Достық» деген бәйтеректі*** ***Барлық бала саяласын.***	***Жылулық сәті:*** ***Сиқырлы айнадан*** ***Өзіді көремін,*** ***Бақыттан жайнаған*** ***Көзімді көремін.***
Билингвалды компонент	Құлан – кулан- kulan , жабайы – дикий- wild , аңшы – охотник-hunter. диірмен – мельница- mill ; балта – топор- axe ; алтын балта – золотой топор-the golden axe. көбірек-побольше- more , азырақ- поменьше-less , тең- равно- equally -				
	1- ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. **Мақсаты: «Ақсақ құлан»** аңызын мазмұны бойынша әңгімелету. Педагог жылқы тектес	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету. **Мақсаты**: Салмағына қарай тең және тең емес	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету **Мақсаты:** Жазу пара-	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету. **Мақсаты:** Салмағына қарай тең және тең емес

	таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жұмбақ жасыру:** ***Терезеге қонады,*** ***Әсем ою ояды***.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	пературасы өте төмен болған-дықтан, сол су була-рынан кішкентай ға-на мұз қиыршықта-ры пайда болады.Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдыз-шаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. **Көркем сөз:** ***Жазда көлге мұз қатты,*** ***Табанымды мұздатты.*** ***Мұз ойылып кетті тез,*** ***Күліп едік, біз қатты.*** **Қимылды ойын:** **«Ортаға түспек»** **Мақсаты:** Тез жүгіріп секіруге,ептілікке үйрету. **Еңбек:** Қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. **Жеке жұмыс:** Шаңғыда жүре білуге машықтану. **Мақал –мәтел:** ***Қар көп болса, астық көп болады.*** **Жұмбақ:** ***Қолы жоқ, сурет салады*** ***Тісі жоқ, тістеп алады.*** (Аяз)	**Жұмбақтар:** ***Мамықтай ұлпа,*** ***Қанттай ақ.*** ***Қыста жер бетін басады,*** ***Жазда сайға қашады.*** (Қар) **Мақал:** ***а)Сыртта «тау» болып жатса,*** ***Үйде су болып тұрады.*** ***ә) Далада қар болса,*** ***Қамбада астық болады.***	бояудың үстіне екінші бояуды жаға оты-рып, түсін келтіруге үйрету. **Көркем сөз:** ***Бүрсең қағып жапырақтар,*** ***Көше кезіп көшіп жатыр.*** ***Тыныш қалған атыраптар,*** ***Аппақ қарға тосып жатыр.*** **Қимылды ойындар:** ***«Соқыр теке».*** **Мақсаты:** Шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттату. **Еңбек:** Қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру. **Мақсаты:** Алаңшада таза-лық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау... **Жеке жұмыс:** ***«Кім алысқа лақтырады?».*** Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру. **Жорамалдар:** ***1.Қыс аязды болса – жаз ыстық болады.*** ***2.Қыста қар мол болса – жазда жаңбыр мол болады.*** ***3.Ағашқа қырау тұрса – күн жылы болады.***	Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? **(қар...қар).** * Қарғаның түсі қандай? * Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? *Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жән-діктер мен құстарды да жейді. **Еңбек:** Алаңды қардан тазалау. **Мақсаты:** Ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** **«Бәйге».** **Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. **Жаттығу ойындары:** Шаңғымен жүруге жаттықтыру **Мақсаты:** Күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.
Серуеннне оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті	***Дидактикалық ойын:*** ***«Даусынан таны»*** ***Шарты:***Балалар көлік түр-	***Тіл ұстарту жаттығулары*** ***«Күз» туралы***	***Санамақ жаттау:*** ***Екі аяқпен жүремін,*** ***Екі көзбен көремін.***	***Жеміс – жидектер туралы жұмбақ шешу:*** ***1.Бұтағында азығы,***	***Дидактикалық ойын:*** ***«Зат неге ұқсайды?».*** **Мақсаты:** Бөлме ішін-

	лерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. ***Дыбыстық жаттығу:*** ***Дан-дан-дан-манадан,*** ***Дан-дан-дан-шанадан,*** ***Ем-ем-ем– мінгізем.*** ***Ем-ем-ем – жүргізем.***	***Үз – үз – үз,*** ***Жаңбырлы Күз.*** ***Рақ – рақ – рақ,*** ***Саулайды жапырақ.*** ***Ел – ел – ел,*** ***Соғады жел.*** ***Іс – іс – іс,*** ***Піседі жеміс.*** ***Дай – дай – дай,*** ***Жинаймыз бидай.***	***Екі қолым бар менің,*** ***Екеу құлақ, білемын.*** **Балалармен жеке жұмыс: (Әмір, Медина)**	***Ортасында қазығы.*** (Алма) ***2.Түрі шар сияқты,*** ***Түсі қан сияқты.*** ***Дәмі бал сияқты*** ***Бұл не?*** (Шие) ***3.Көрсен өскен желісін,*** ***Жапырағы қазтабан.*** ***Мөлдір қара жемісін,*** ***Қыста емес, жаз табам.*** (Қарақат)	дегі заттардың неге ұқсайтының ажыратып, айта білуге үйрету. Балалармен бөлме ішіндегі пішіндерге ұқсас заттардың суретін салу дағдысын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Айтуар Айнат сандарды санауға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам!**	О.Ислам мен Айзереге сөздерді анық айтуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөзді айтуға көмектес»**	Ә.Айзере мен Даниалды пішіндерді ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Пішіндер доминосы»**	Асылым мен Нурайға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу **«Үзік сызықтарды қос»**	Нұрсұлтан менҚ.Исламға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету.Мүсіндеуден **ойын жаттығу: «Асық»**
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 19.02 -23.02 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.02	Сейсенбі 20.02	Сәрсенбі 21.02	Бейсенбі 22.02	Жұма 23.02
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен, кеңес, әңгімелесу	Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды, үстел үсті ойын-дары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***«Үлкен заттарды тап»*** **Мақсаты:** Көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне қарай ажыратуға үйрету. **Шарты:** Суреттердің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, түстерін ажырату.	***«Өз үйіңді тап»*** **Мақсаты:**Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Қажетті құралдар:** Түрлі-түсті дөңгелектер **Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.	***Дидактикалық ойын:*«Жануарларды қалай күту қажет?»** ***Мақсаты:*** Балаларды жануарларға қайырымдылық-пен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануар білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту. ***Көрнекіліктер:*** Үй жануарлары мен дала жануарларының суреттері	***«Жасырынған жануарларды тап»*** ***Мақсаты:***Үй жануарлары туралы әңгімелесу. **Шарты:** Ағаштардың артына жасырыған жануарларды табу.	***«Жыл мезгілдері»*** **Мақсаты**:Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (***қыс, көктем, жаз,күз).*** Мезгіл өзгерістерін талқылау. **Көрнекіліктер:**Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. **Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі 4 бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады***. (мысалы:қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат.б.)***

Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы) (дене шынықтыру)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері:*** ***Қол ұстасып, дөңгеленіп,*** ***Тұра қалдық екеуміз.*** ***Өзіміз де дөңгелек*** ***Күнге ұқсайды екенбіз***	***Жылулық шеңбері:*** ***Аманбысың ,алтын күн!*** ***Аманбысың, жарқын күн!*** ***Маған жылу, жарық бер,*** ***Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық шеңбері:*** ***Мына аспан астында*** ***Жақсы дос көп табылар*** ***Мен де соның бірімін,*** ***Сыйлығымды қабыл ал!***	***Жылулық шеңбері:*** ***Жарық болса күніміз.*** ***Жарқын шығар үніміз.*** ***Елін сүйіп ержетер*** ***Біз болашақ гүліміз***	***Жылулық шеңбері:*** ***Достарымның барлығын,*** ***Сыйлап, жақсы көремін.*** ***Алақаным арқылы*** ***Жылуымды беремін.***
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. –Қыс мезгілінде неше ай бар? –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. –Кәне, бәріміз бірге ***«жапалақтап», «түйіршектеніп»*** деген сөздерді қайталайық. –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар- жұмсақ ұлпа. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. ***«Қаңтар»*** ***Лебі мұздай ызғарлы,*** ***Алып келді қыс қарды.*** ***Қысқы түндер ұзарды,*** ***Ұзақ күндер қысқарды.***	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Мақсаты:** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** **5.** Штрихта **6.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталай-ды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолда-рына алып, алдымен ауада жаздырады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің ***(зат-тардың)*** бір-біріне қаты-насы негізінде салыстыру **Мақсаты:** Заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру ***«Дөңгелекті құрастыр»*** ойынын өткізеді. Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. – Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз. – Оны қалай жасауға болады? ***Жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз***). Сосын 4 бөлікке. ***Жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз***) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. **Мақсаты:**Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. **Дидакикалық ойыны:** ***«Буынды айтып сөз құра»*** **Ойын шарты:** Педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. **Мысалы:** ***На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә...*** **т.б. Дәптермен жұмыс:** **1.**Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. **2.** Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.	**Математика негіздері** **Міндеті**: Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару **Мақсаты:** Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру. Шағын топпен жұмыс. Санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді. Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды ***(немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар)*** таратады. Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз ***(карточканы көрсетеді).*** – Ал енді көк түсті ***(2 саны жазылған карточканы көрсетеді).*** – Аквариумда неше балық бар? Сандар жазылған карточкаларды шығарады: **4 + 2 = 6**

	Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы.		қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). –Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты? ***-Екі кішкентай тіктөртбұрыш.*** – Ал шаршының төрттен бірі? ***-Ол да шаршылар, бірақ кішкентай.*** – Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері. Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.		**Дәптермен жұмыс:** **1-тапсырма.** Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.
	2 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (зат-тардың) бір-біріне қаты-насы негізінде салыстыру **Мақсаты:** Заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таң-дауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Мақсаты:** Ертегіні ымишарамен сахналауға дағдыландыру. Алдаркөсенің басынан	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. **Мақсаты:**Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. **Дыбыстармен жаттығулар.** **Дидакикалық ойыны:*«Кім білгіш?»*** **Мысалы:** ***б, л, р, ө, т, и,***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таң-дауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Мақсаты:**Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету Мақалдың мағынасын	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау **Мақсаты:** Балалардың үйде асырайтын жануар-

	Педагог балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды. – Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады? Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. ***(Үлкен көрнекі құралда көрсетеді).*** ***Практикалық жұмыс жүргізеді***: Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. Фигуралар қалай аталады? ***(дөңгелек)*** Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? ***-Тең.*** - Неше бөлік шықты? ***-Екі.*** -Бұл бөліктер ***"дөңгелектің жартысы"*** деп аталады. Уақыт беріп, дөңге-	кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз.Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиялғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог ***«Шықбермес Шығайбай»*** ертегісін оқып береді. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?	***м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*** Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені. - Дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. **Ойын-жаттығуы:** ***«Жұп құр»*** ***Ойын шарты:*** Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. **Мысалы:** ***алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етікемізік, тақия-тарақ, оторындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.***	түсініп ал. ***«Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес»*** Мақалдың мағынасын педа-гог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын та-мақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. ***Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс».*** -Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? ***-Қуанамыз***. -Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? ***-Ашуланамыз.*** Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кей-іпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады.Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.	лар туралы түсініктерін кеңейту. ***ә)*** Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту. Үйде адаммен бірге тағы қандай жануарлар өмір сүреде? **Белгіле:** Көмекші суреттердің көмегімен өзіңнің үйіңдегі итің немесе мысығың ***(тотықұс, тасбақа, атжалман)*** туралы әңгіме құрайды. Оның суретін жапсыр. Ол туралы қызықты бір оқиғаны айтып бер. **«Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады.** Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.

	лекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? ***-Тең.*** - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? ***-Төрт.*** – Бұл бөліктер ***«төрттен бір бөлік»*** деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады. – Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді. - Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? ***-Тең.*** - Қанша бөлік шықты? ***-Үш.*** –Бұл бөліктердің әрқайсысын ***"үштен бір бөлік"*** деп атайды. Балалар ***«үштен бір бөлік»*** деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды ***(жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)***				
	3 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын бі-лу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшелікте-рін сипаттау. **Мақсаты:** Балалардың үй-де асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту Үйде, адамның қасында қандай жануарлар тіршілік ете алатынын еске түсіреді ***(мысық, ит, тасбақа, кірпі,қоян, тотықұс, теңіз шошқасы, атжалман).*** Балаларға кез келген үйде асырайтын жануарды жар-намалап, әңгіме құрасты-руды ұсынады. Балалар үйде асырайтын жануар-лардың өзіне тән ерекше-ліктерін, қылықтары мен жейтін тамақтарын мысал-ға келтіре отырып әңгімелейді. **«Алмаз» техникасы.** Педагог заттар мен тап-сырмалар жазылған кар-точкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет ***«алмаздың»*** тиісті шаршысына орналастыры-лады. ***Тапсырмалар:*** Үйде асырайтын 1 жануар-ды таңдап ал. Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап. Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таң-дап ал.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу. **Мақсаты:** Нұр-Сұлтан қа-ласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Нұр-Сұлтан қандай қала? – Нұр-Сұлтан – Астана. **Қуыршақ Сәуле:** Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан қандай қала екен? ***- «Әдемі», «таза»,*** жаңа сөздерін қолданып, жауап береді. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Қойылған сұрақ-тарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **Мақсаты:** Көліктер, олар-дың түрлері туралы түсінік беру. –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді ке-меге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елес-тетейік те, ***Ермек Өтеті-леуұлы*** ағамыздың ***«Кеме»*** өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді. ***Міне, Кеме,*** ***Мінем, Мен де.*** ***Сапарға алыс шығамын,*** ***Теңіз сырын ұғамын.*** ***Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай,*** ***Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады:*** ***Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.*** ***Кememізді жағалаулар шақырады.***	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздік қор-ларын жаңа сөздермен то-лықтыру, тақпақ жаттау. **Мақсаты:** Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). ***Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.*** ***І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш –*** мынау – ескерткіш. ***Ойын: «Жалғастыр».*** Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. ***Қа...(қала)*** ***Кө... (көше)*** ***Та... (таза)*** ***Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)*** ***Нұр-Сұлтан – ... (Нұр-Сұлтан – таза қала.*** ***Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)***	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Сурет** **Міндеті:** Балаларды ер адамға арналған бас-киімнің түрлерімен, олардың ерекшелікте-рімен, бас киімнің басқа да киімдерден өзгешелі-гімен таныстыру. **Мақсаты:** Пішініне ер адамға сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс ор-наластыра білуге үйре-ту, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерек-шеліктерін ажырата білу. Балаларға көркем өнер туындыларын ***(ұлттық баскиімдер)*** көрсетіп, әңгіме құрап айтқызу. Ою-өрнек әшекейлеріне, ер кісілер мен әйелдер, қыздар киетін бас киім-дердің ерекшеліктеріне тоқталып өту.

	Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгініата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл. Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал. Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру. Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата.				
	4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту **Мақсаты:** Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. ***«Ержүректілікке жаттықтыру»*** ***«Бұлтқа қол жеткізу»*** Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады. .	**Музыка** **Міндеті:** Бесік жыры арқылы балаларды иманды-лыққа тәрбиелеу. **Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету **Музыка тыңдау:** ***«Бесік жыры»*** (Ш. Мұхамеджанов) **Ән айту:** ***«Бесік жыры»*** (И. Нүсіпбаев) ***«Айнала ақша қар»*** (И. Мамақов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** ***«Қоян», «Аю»*** (Е. Тиличеева) **Билер:** ***«Полька»*** хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) **Ойындар, хороводтар:** ***«Көлеңке»*** (К. Қуатбаев) **Музыкалық аспапта ойнау:** ***«Құлыншақ»*** (С.Урбах)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату. **Мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. . ***«Түрлі түсті ғаламшар»*** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайта-	**Музыка** **Міндеті:** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. **Мақсаты:** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру **Музыка тыңдау:** ***«Жан анам»*** (Е. Өміров) **Ән айту:** ***«Екеуміз әйбат баламыз»*** (И. Нүсіпбаев) ***«Бесік жыры»*** (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** ***«Шеңберге тұр»*** (Л. Бетховен) **Билер:** ***«Тырналар биі»*** (Д. Абиров) **Ойындар, хороводтар:** ***«Төлдер»*** (Д. Ботбаев) **Музыкалық аспапта ойнау:** ***«Атқа мініп шабамыз»*** (В. Агафонников)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау **Мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу,кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. . ***«Түрлі түсті ғаламшар»*** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра

			рып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады		қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.**				
Серуен	**Желді бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.Педагог балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан Бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. **Жұмбақ:** ***Қанаты жоқ-ұшады*** ***Аяғы жоқ-қашады.*** (Жел) **Тақпақ:** ***Жел тынымсыз гүілдеп*** ***Болып кетті тым бұзық*** ***Шуылдайды тал, терек,*** ***Жапырағын жұлғызып.*** **Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»** **Еңбек :**Өсімдіктерді,көшеттерді	**Су бетіне қатқан мұзды бақылау** **Мақсаты:** Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Педагог балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер***(ол жұқа, тез сынады)*** Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. ***(мұз қатты).*** Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. **Жұмбақ:** ***Отқа жанбас-суға батпас*** (Мұз) **Болжам:** Егер қыста қар аз	**Қар үстіндегі іздерді бақылау** **Мақсаты:** Балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? **Тақпақ:** ***Ақ киімді денелі, ақ сақалды,*** ***Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,*** ***Үсті – басы ақ қырау түсі суық,*** ***Басқан жері сықырлап келіп қалды.*** (Абай) **Мақал-мәтел:** ***Жемберсең қыста құсқа-сауабы тиер оның жазда.***	**Алаңдағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. **Тапсырма:** ***«Таңғажайып ағаштарды безенді-реміз»*** тақырыбына сурет салу. **Мақсаты:** Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Сұрақтар:** **1**. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? **2.** Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? **3**.Ағаштар бір біріне немен ұқсас? ***4***. Ордың айырмашылығы қандай?	**Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау** **Мақсаты:** Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады,ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңкіліп жүреді. **Көркем сөз:** ***Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,*** ***Аспан астың ораған ақ ьқармысың.*** ***Алай-түлей бораның, язында,*** ***Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!*** **Қимылды ойын:** ***«Үшінші артық»*** **Мақсаты:**Шапшандыққа баулу.

	қармен жабу. **Мақсаты:** Өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. **Қимылды ойын:** **«Түлкі мен қаздар»** **Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** ***«Қоян мен аңшы».*** **Еңбек:** Есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу**.**	**Қимылды ойын:** **«Ақ қоян»** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:** Бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. **Еңбек:** Құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу	***Дидактикалық ойын:*** ***«Сөзбен суреттеп айт»*** ағаштың түрін таны. **Қимылды ойын:** **«Ордағы қасқыр»** **Мақсаты:** Секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. **Еңбек:** Ағаштардың түбін қармен жабу. **Мақсаты:** Қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.	**Еңбек:**Ауланы қардан тазалау. **Мақсаты:** Күректі пайдалана білуге үйрету. ***Жаңылпаштар:*** ***Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....*** ***Қыс қыспаса, қыс па?*** ***Құс ұшпаса, құс па?***
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	***Жаңылтпаш:*** ***Асқат пен Мақсат*** ***Жамап-жасқап,*** ***Жасапты он шақты аспап.*** ***Соның ішіндегі*** ***Ақ сапты аспабы*** ***Жап-жақсы аспап.***	***Тіл ұстарту жаттығулары*** ***«Күз» туралы*** ***Үз – үз – үз,*** ***Жаңбырлы Күз.*** ***Рақ – рақ – рақ,*** ***Саулайды жапырақ.*** ***Ел – ел – ел,*** ***Соғады жел.*** ***Іс – іс – іс,*** ***Піседі жеміс.*** ***Дай – дай – дай,*** ***Жинаймыз бидай.***	***Санамақ:*** ***Қолға қалам алайық,*** ***Қанша сан бар жазайық.*** ***Қарап тұрмай сандарды,*** ***Қайта, қайта санайық.***	***Дидактикалық ойын:*** ***«Қай мезгілде киеміз»*** ***Мақсаты:*** Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сойлеуге баулу. ***Құрал- жабдықтары:*** Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері. ***Ойынның барысы:*** Суреттегі киімдер қай жыл мезгіліне сәйкес келетінін тауып, жыл мезгілі бейнеленген суретке	***Ойын түріндегі жаттығу:*** ***«Не жақсы, не жаман?»*** ***Ойыншарты:*** Ойын барысында балалар ермексазбен, арнайы кескішпен жұмыс істеу ережелерін пысықтайды.

				сәйкестендіріп қояды.	
Балалармен жеке жұмыс	Елдос пен Каусарға сандарды санауға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам!**	Әділ мен Жомартқа сөздерді анық айтуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөзді айтуға көмектес»**	Нәзік пен Ақмаржанға пішіндерді ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Пішіндер доминосы»**	Әбумансүр мен Ақжарқынға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын жаттығу. **«Үзік сызықтарды қос»**	Шұғыла ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:**«Асық»**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 26.02 - 01.03. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 26.02**	**Сейсенбі 27.02**	**Сәрсенбі 28.02**	**Бейсенбі 29.02**	**Жұма 01.03**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау.Тазалық шараларын жүргізу. Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***Үстел үсті ойындар. «Суреттерді орналастыр»*** ***Ойынның мақсаты:*** Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	***«Өзім және отбасым»*** **Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	***«Бидай мен қаңбақ»*** Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру.	***«Біз дәнбіз»*** ***Диқан жерге дән екті*** (дән сепкен қимылды көрсетеді) ***Сіркіреп, жаңбыр жауды***(қолдарын шапалақ-тайды) ***Жер бетіне көгеріп, би-дай шықты***(қолдарын жоғары көтереді) ***Жайлап самал жел есті***(қолдарын ырғайды)	***Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»*** ***Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды.*** ***Қаптап ұшқан торғайдан,*** ***Оны қалай қорғайды?*** ***Қаптап ұшқан торғайдан,*** ***Оны былай қорғайды.*** ***Кіш, кіш, кіш...*** ***Қорғап қалған бидайды,*** ***Қамбаға әкеп жинайды.***
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** ***Мына аспан астында*** ***Жақсы дос көп табылар*** ***Мен де соның бірімін,*** ***Сыйлығымды ал!***	***Жылулық сәті:*** ***Ашық менің жүрегім*** ***Ылғи күліп жүремін.*** ***Бірге ойнапғ бір жүрер*** ***Достарым көп, білемін!***	***Жылулық сәті:*** ***Сиқырлы айнадан*** ***Өзімді көремін.*** ***Бақытқан жайнаған.*** ***Көзімді көремін.***	***Жылулық сәті:*** ***Шақырамын сендерді*** ***Жолдастарым кел бері*** ***Толтырайық шаттыққа,*** ***Дөгеленген шеңберді.***	***Жылулық сәті:*** ***Бақыт толы шеңберге,*** ***Шаттық толы шеңберге,*** ***Қол ұстасып келдік біз,*** ***Жан достармыз енді біз.***
	1-ұйымдастырылған іс-әрекет				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу **Мақсаты:** Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды. –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі ***«Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай»*** деген өлең жолдары ***«өте алыста, көз ұшында»*** деген мағынада **Ойын шарты:** Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын бол-са бұлттар, суда	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көз-бен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу. **Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қы-сып күш түсірмей үзбей салу ***Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)*** ***4***. Үзік сызықтарды бастыр. ***5.*** Бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биікті-гін өлшеу және осы өл-шемдер бойынша бірне-ше заттарды салыстыру. **Мақсаты:** Шартты өлшемнің көмегімен зат-тарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. ***Проблемалық іздеу тапсырмасы:*** Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады ***(бір-бірінің үстіне салу арқылы)***? ***Педагог:*** Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма? Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қалам-ды немесе кез келген бас-қа затты пайдалануға бо-лады. Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қа-ғаз таспаны пайдалана-мыз.Менің қалай өлшей-	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету **Мақсаты:** Сызба бойын-ша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту **Дидактикалық жаттығуы:** ***«Сөз ойла» (Әр дұрыс жауапқа педагог бала-ларға фишка беріп отырады)*** -Айсұлу бізге-***«Та»*** буы-нынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. **Мысалы:** ***тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*** ***-«Ба»*** буынынан баста-латын сөздер ойлап ай-туымызды сұрапты. **Мысалы:** ***балық, бат-пақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*** ***-«Са»*** буынынан бастала-тын сөздер ойлап айтуы-мызды сұрапты. **Мысалы:** ***сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, са-ры, сай, самал, сал, сау-ық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан.*** Ойын соңында фишкасы	**Математика негіздері** **Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен зат-тардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру **Мақсаты:** Шартты өлшемнің көмегімен заттар-ды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. **Практикалық жұмыс:** Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем. ***Педагог балаларға:*** алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. –Таспалардың қайсысы ұзынырақ? – Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? – Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? -Көк таспа неше шартты өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?

	жүзетін-дерге көл салып беру керек.		тінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесінді-нің үстіне саламын. Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жер-ге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден баста-лады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәді-лердің макеттері ***(муляж-дар, суреттер)*** беріледі және олар кәділерді ұзын-дығы бойынша салысты-рады.Санайды.Осы кесін-дінің неше шартты белгі-ге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең? Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік	ең көп бала жеңімпаз болады.	Шартты өлшемнің көме-гімен таспалардың ұзын-дығын өлшейді. ***Қорытынды жасайды:*** қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.
	2-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. **Мақсаты:** Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру **Мақсаты:** Ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. **Мақсаты:**Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. **Дидактикалық жаттығуы:**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таң-дауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Мақсаты:** Ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру.	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. **Мақсаты:** Көшедегі тәр-тіп ережесін қатаң сақ-тауға, жолда зейінді бо-луға дағдыландыру **«Бағдаршам» ойыны**

	қалыптастыру. ***1-тапсырма.*** Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.	Ертегінің желісін сурет бойынша баянда. Бай немен айналысып отыр? Бәйбіше не істеп отыр? Қызы ненің жүнін жұлып отыр? Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоциясын келтір. Алдаркөсенің көңіл күйі қандай? Көрсет. ***2.*** Суреттерді аяқтап сал. Боя. Педагог Алдаркөсенің шапаны мен баскиімін сызық арқылы қостырып, суретті аяқтатады. ***3.*** Мақалдың мағынасын түсініп ал. Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: ***«Өз көңіліңмен бөліс».*** – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? ***-Қуанамыз.*** – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? ***-Ашуланамыз.*** Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сах-налауды ұсынады. Ерте-гі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар	***«Сөздерді буынға бөл»*** – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. **Мысалы:** ***са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.***	Ертегінің желісін сурет бойынша баянда. Бай немен айналысып отыр? Бәйбіше не істеп отыр? Қызы ненің жүнін жұлып отыр? Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоция-сын келтір. Алдаркөсенің көңіл күйі қандай? Көрсет. ***2.*** Суреттерді аяқтап сал. Боя. Педагог Алдаркөсенің шапаны мен баскиімін сызық арқылы қостырып, суретті аяқтатады. ***3.*** Мақалдың мағынасын түсініп ал. Берместің асы піспес, Қазаны оттан түс-пес. Мақалдың мағына-сын педагог ешкімге өзі-нің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсін-діреді. ***Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс».*** – Балалар, біз Алдаркө-сені көргенде не істейміз? – ***Қуанамыз***. – Ал сараң бай Шығай-байды көргенде не істейміз? ***-Ашуланамыз.*** Педагог ертегіні музыка-лық театр арқылы сахна-лауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады.	**Жүргізуші:** Қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? ***– Жол белгілеріне мән беру керек.*** **«Жолдан өту» ойыны.** **Шарты:** Балалар ***«жолақ жолдан»*** өтеді. Педагог ***«Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!»*** – деп бұйырады. Содан соң ***«Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз»,*** – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педа-гогтің көмегінсіз тағы да ***«жолдан»*** өтеді.

		көрермен болады.			
	3-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін ***(жүру бөлігі, жаяу жүргінші-лер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер)*** білу **Мақсаты:** Жаяу жүргіншілер ережесін меңгерту-ді жалғастыру. **Жұмбақ жасыру:** ***Өзі сөйлей білмейді,*** ***Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді.*** (Бағдаршам) **«Бағдаршам» ойыны** **Жүргізуші:** Қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – ***Жол белгілеріне мән беру керек.*** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қандай жол белгілерін білесіңдер? Балалар білгендерінше айтады, педагог толықтырады. Олар: ***автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, вело-***	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Алған білімдерін тиянақтау **Мақсаты:** Сөздік қор-ларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. ***I айналым:*** Педагогтің мақалын жалғастырады. ***Отан – оттан да ...*** ***(ыстық)*** ***Жақсы – ... (өнеге)*** ***Отан ...*** т.б ***II айналым:*** Педагог жұмбақ жасырады. ***Өскен жері бау-бақша,*** ***Күрең қызыл шіркін-ай,*** ***Жидектің аты*** – ... (Құлпынай) ***Астық пісіп, орақ түсіп,*** ***Қырман дәнге толады.*** ***Бөбектерім,*** ***айтыңдаршы,*** ***Бұл қай кезде болады?*** (Күзде)	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдір **Мақсаты:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. –Сендер ***М.Төрежановтың*** өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің ***«Кім ақылды?»*** әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. **«Кім ақылды?»** ***Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды.*** ***Ерден:*** ***–Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.*** ***Ал Еркебұлан:*** ***–Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.*** Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. –Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Сөздік қорларын жаңа сөздермен толық-тыру, мақал-мәтел, жұм-бақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. **Мақсаты:** Сөздік қорла-рын жаңа сөздермен то-лықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағды-ларын қалыптастыру. ***III айналым:*** Жаңылтпаштарды қай-талап айту арқылы жа-рысу. Педагог жаңылт-паштарды айтады, бала-лар жай, жылдам қайталайды. ***Доп теп,*** ***Дөп теп.*** ***Жағажайды жағалай,*** ***Жүгіреді Қамажай.*** ***Пай-пай-пай,*** ***Жайылып жүр тай.*** ***Ай-ай-ай,*** ***Ұшып кетті торғай.*** ***Үш кіші ішік піштім,*** ***Бес кіші ішік піштім,*** ***Неше кіші ішік піштім?***	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Жапсыру** **Міндеті:**Жапсырудың түрлі әдістері ***(симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы)*** мен тәсілдерін ***(тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.)*** қолдану, түрлі материалдардан ***(қағаз, мата, табиғи материалдар)*** жапсыру. **Мақсаты:** Симетриялық бүктеу арқылы бірдей екі пішінді қиюға, салыстырмалы орналастыра білуге үйрету.

	сипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. – Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. – Мына суретте не көріп тұрсыңдар? ***– Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр.*** – Жолда доп ойнау неге қауіпті? ***– Доп жолға домалап кетеді, оны аламын деп , бала мәшине дөңгелегі астына түсуі мүмкін***		–Әңгіме кімдер туралы? –Екі бала не істеп жүр еді? –Олар неге таласты? –Екі балалаңың қайсысы ақылды екен? –Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? Әңгімедегі ***«ойнап», «көпір», «балалар»*** деген әр сөздерді буынға бөліңдерші.		
	4-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу **Мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу,кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға	**Музыка** **Міндеті:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту **Мақсаты:** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. **Музыка тыңдау**: ***«Жан анам»*** (Е. Өміров) **Ән айту:** ***«Екеуміз әйбат баламыз»*** (И. Нүсіпбаев) ***«Бесік жыры»*** (И. Нүсіпбаев)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. **Мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу,кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық-ыр-ғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. **Мақсаты:** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. **Музыка тыңдау:** ***«Ақ әжем»*** (К. Қуатбаев) **Ән айту:*****«Әже тілегі»*** (Т. Қоңыратбай) ***«Екеуміз әйбат баламыз»*** (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** ***«Сағат»*** (Е. Андосов)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. **Мақсаты:** Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау. **II.«Көктемге саяхат»** **1.«Жылы жаңбыр»** ***(жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен***

	тын зиянды газдарды азайту керек). Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибе алдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппе-дәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейді. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауа-	– Қарлығаш нелерден көмек сұрады? ***– Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.***			

	бын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды. Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі. **Қоршаған ортамен таныстыру (11.03.2024ж)** **Міндеті:** Туған өлке, ел, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу **Мақсаты:** Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды.Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма? **Қосымша мәлімет:** Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыңдар.Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп				

	сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады.Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысуға шақырады.Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысады. Туған өлкеде қандай пайдалы кендер өндірілетінін анықтайды. Қазақстанның пайдалы қазбаларына қатысты шартты белгілермен танысады.				
	4-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру (08.03.2024ж) **Міндеті:** Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Мақсаты:** Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту **«Жігіттер» (3 рет)** Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону. **Дене шынықтыру (11.03.2024ж)**	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. **Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. **Музыка тыңдау**: **«Көңілді балалар әні»** (Б. Дәлденбай). Ән айту: «Көктем келді» (Б. Жұмабекова). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Марш»** (Е. Андосов)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. **Мақсаты:** Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалар-дың қимыл- қозғалыс тәжірибесін толықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ»** (4рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады. Орыс халық әуендерімен әр қатар қарама-қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көр-	**Музыка** **Міндеті:** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. **Мақсаты:** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. **Музыка тыңдау**: **«Келіншек»** қ.х.к. (өңд. Б. Дәлденбай) **Ән айту:«Домбыра сазы»** (И. Нүсіпбаев) **«Анашым»** (Е. Хасанғалиев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Айна»** орыс х.ә. (өңд	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Мақсаты:** Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. **Ойын: «Тақия тастау»** **Ойын шарты:** Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. ***«Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру»*** тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқ-

	Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру . **Мақсаты:** Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту **«Дөңгелек» ойыны.** Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.	**Билер: «Қоян биі»** (В. Питерцев) **Ойындар, хороводтар: «Кешікпе»** орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). **Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар»** румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).	ңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айқастырып қол ұстасып, **«шарбақ тоқиды».** **«Тентек доп»** – армян халқының ойыны. (4 рет). Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата бастайды. Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді.Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады.	М. Раухвергер) **Билер: «Апатайым-ай» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл»** (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: **«Ұйықташы, бөпешім»** (В. Агафонников)	тарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады.
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	**Қарды бақылау:** ***Мақсаты:*** Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге	**Шырша ағашын бақылау** ***Мақсаты:***Қаламызда	***Су тамшыларын бақылау***	***Күнді бақылау*** **Мақсаты:** Күн энергия-	**Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты:*** *Мұздың қасиеттері туралы білім-*

	бақылауды жүргізуге үйрету.Өлі табиғаттағы **(күн – қар)** болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау ***Бақылау барысы:*** ***Көркем сөз:*** ***«Бұл қай кезде болады»*** ***Ш. Ахметов*** ***Ақ қар еріп,*** ***Су көбейіп,*** ***Сай-салаға ағады.*** ***Бүршік шашып,*** ***Жапырақ ашап,*** ***Гүл, бәйшешек басады.*** ***Бөбектерім, айтыңдаршы,*** ***Бұл қай кезде болады?*** *Балаларға сұрақтар қояды:* *-Қазір жылдың қай мезгілі?* *-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *-Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?* *-Неге бұл жердің қары еріп жатыр?* Халық болжамдары бар: **«Қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт»** **«Қараторғай келсе көктемді қарсы ал.** Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бі-рақ, бұл ұзаққа созылмай-ды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. **Зерттеу жұмыстары:** Күн астындағы және көө-се-тін ағаштармен таныстыру-ды жалғастыру. Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру. Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. ***Бақылау барысы:*** ***Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев*** ***Қанша заман*** ***өткенімен,*** ***Ескірмейтін асыл*** ***шырша.*** ***Алатаудың*** ***көктемімен,*** ***Доссың ғой сен, жасыл*** ***шырша.*** ***Өзгермейсің қыс келсе*** ***де,*** ***Бояңды*** ***оңдырмайсың.*** ***Аяз шымшып, тістесе*** ***де,*** ***Жапырағыңды*** ***тоңдырмайсың.*** ***Балаларға сұрақтар:*** **Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылы-ғы неде?* **Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?* *Шырша ағашы туралы қан-дай жұмбақтар білесіңдер?* ***Педагог әңгімесі:*** *Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтар-мен*	**Мақсаты:**Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау. Зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз. «Сүңгілер»** **А. Меңдібай** ***Күн сәулесін төкті кеп,*** ***Қар да ери бастады.*** ***Шатырынан әр үйдің,*** ***Төмен қарап салбырап,*** ***Мұз сүңгілер аспалы,*** ***Пайда бола бастады.*** ***Тырс - тырс тамып*** ***тамшылар,*** ***Тынымсыз жерге*** ***тамады.*** ***Қардың суы еріген,*** ***Сай қуалай ағады.*** Балаларға сұрақтар ♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? ♦ ***Күн бетте.*** ♦ Неге? ♦ ***Күн бетте күн қат-ты қыздырады да, сон-дықтан сүңгілер ұзын болады.*** ♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? ***Қысқарады, аяз бен желден олар сынады.*** ♦ Шуақты күні ше? ♦ ***Өседі.***	сының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. **Бақылау барысы:** Педагог жұмбақтар жасырады: ***Үлкен алтын*** ***табақтан,*** ***Әлемге нұр таратқан.*** (Күн) ***Алауға оранып,*** ***Көкке өрлеп шығады.*** ***Бір айналып оралып,*** ***Көкжиекке бұғады.*** (Күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уа-	*дерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы:*** Күн өткен сайын көк-тем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екін-ші жеңісі-өзен-көлдер-дің ери бастауы. Жер-дегі, қар үйінділерін-дегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен су-лары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-бі-ріне соқтығады. Мұз-дар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы ке-нет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұз-дар ұзақ уақыт тұра-ды. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртін-деп ериді. **Зерттеу жұмысы:** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек:** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. ***Мақсаты:*** *Үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*

	леңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? **Еңбек:** Жолдарды қоқыстан тазалау. ***Мақсаты:*** Бірлесе жұмыс істеуді үйрету.	*безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша ор-маны сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғы-зылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шыр-ша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.* **Зерттеу жұмысы:** Шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. **Еңбек:** Шырша ағашының айналасын тазалау. ***Мақсаты:*** *Ұжыммен бір-лесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.*	♦ Қай беттегі сұңгілер тез ериді? ♦ ***Күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады.*** Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сұңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сұңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. **Еңбек:** Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. **Мақсаты:** Кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.	қыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? Қоңыр түсті әйнекпен. **Еңбек:** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. **Мақсаты:** Үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.	
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	***Жаңылтпашты жаттату:*** ***Қанат қанағаттанарлық баға алды,*** ***Қанағат канағаттанарлықсыз баға алды.*** ***Бірқатар қада қада,*** ***Қадаларды қатар-қатар***	***Санамақ жаттау:*** ***Төрт дөңгелек арбада,*** ***Төрт аяқ бар малда да.*** ***Тауыса алмай бидайды,*** ***Төрт тышқан жүр***	***Тіл ұстарту:*** ***Ақ-ақ-ақ, Тастан-тасқа секірді лақ.*** ***Ма-ма-ма,*** ***Лақты қораға қама.*** ***Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым таң.*** ***Рақ-рақ-рақ,***	***Жұмбақтарды шешу:*** ***1.Дәні сондай тәтті.*** ***Шағын қара таңдап,*** ***Оның аты*** (Жаңғақ) ***2. Дөп дөңелек сары,*** ***Ішінде дәні бар.*** ***Қызығасың көріп,***	***Жаңылтпашты жаттату:*** ***Зура зурнада ойнайды,*** ***Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,*** ***Зара да, Зере де зурнада ойнайды.*** ***Инелік илеуде***

	қада.	***қаңбада.***	***Керек маған тарақ.*** ***Уық-уық-уық,*** ***Қорада тұр тауық.***	***Оның аты*** (Өрік) ***3.Жапырақты тасалап,*** ***Өсетін жері бақша бау.*** ***Күрең қызыл шіркінай,*** ***Оның аты*** (Құлпынай) ***4.Жатып жерде желіндейді*** ***Түскеніше желінбейді*** (Қауын)	***иленбейді.*** ***Итбалық итмұрын-ды ііскемейді.*** ***Пай-пай-пай,*** ***Жайылып жүр тай.***
Балалармен жеке жұмыс	Нурай мен Нұрсұлтанға барлық дыбыстарды анық айтуға үйрету. **Ойын: «Сөзімді қайтала»**	Нәзік пен Шұғылаға геометриялық пішін-дерді ажырата білуге үйрету. **Д/ойын: «пішіндерді ажырат»**	Жомарт пен Альбинаға пішінді алманың суретін салуға, қарын-дашты дұрыс ұстауға үйрету.	Айкөркем мен Әділді жануарларды ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»**	Балсезім мен Каусарға бейненің жартысын тауып атауға және сипаттауға үйрету. **Ойын: «Жартысын тап»**
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақ-тарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен бала-лары жайлы сөйлесу.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 18.03 - 20.03. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.03	Сейсенбі 19.03	Сәрсенбі 20.03	Бейсенбі 21.03	Жұма 22.03
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға мұғалімінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сөйлеп тұрған таңғы радио:** ***«Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу»*** **Мақсаты:** Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**«Табиғат мінезі»** **Сюжеттік ойындар:** ***«Сиқырлы фломастер»*** еркін сурет салу. ***"Не артық?»*** **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу	**« Сәлем жаңа күн»** **Д/ойын :** ***«Жанды және жансыз таби-ғатты ажырат».*** Жер,су,ауа. **Мақсаты:** Балаларға бе-рілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада, суда не бо-латынын дұрыс айтуға тө-сел-.Қоршаған ортаға қам-қорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.		.
Ертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені (Жан-жақты дамытушы жаттығуы) (дене шынықтыру)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық сәті:*** **Апам мені «Айым»-дейді,** **Мен мұнайсам,уайым жейді.** **Апам мені «Күнім»-дейді,** **Мен қуансам күлім -дейді.**	***Жылулық сәті:*** **Қуанамыз күлеміз,** **Бар әлемде сүйеміз.** **Қол ұстасып, қуанып,** **Достарымен бір жүреміз.**	***Жылулық сәті:*** **Шақырамын сендерді** **Жолдастарым кел бері** **Толтырайық шаттыққа,** **Дөгеленген шеңберді.**		

Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**1-ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді ***(хабарлы, сұраулы, лепті)*** ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Мақсаты:** Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Педагог **күшік** пен **мысықтың** үлгі суреттерін іліп қояды. –Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? –Күшіктің анасын қалай атаймыз? ***–«Ит»*** деген сөз неше буыннан тұрады? –Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. –Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? –Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. ***–«Ақтөс»*** пен ***«мамық»*** сөздері неше буыннан тұрады? –Қазір ***«Күшік пен Мысық»*** ертегісін мәнерлеп оқып беремін.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету **Мақсаты:**Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. ***Дидактикалық жаттығуы:«Сөзді аяқта»*** **Ойын шарты:** Педагог балаларға сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтады, балалар соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. ***Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәрі-ха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза-...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...-қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...-бар, кі...лем, жү...рек, жүге...-рі, жұл...дыз.***	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ***(түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы)*** салыстыра білуге үйрету. **Мақсаты:** Теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Практикалық жұмыс жүргізеді Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. - Фигуралар қалай аталады? –Дөңгелек. Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бір бі-рінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? -Тең - Неше бөлік шықты? -Екі. -Бұл бөліктер ***"дөңгелектің жартысы"*** деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. ***«Дөңгелекті құрастыр» ойынын*** өткізеді. Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. **Қорытынды:** Фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. – Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз. – Оны қалай жасауға болады? ***-Жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз.*** Сосын 4 бөлікке. ***-Жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз.*** ***Қорытынды*** жасайды, тең бөліктер		

			бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар ***(жарты, ширек).***		
	2-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Геометриялық фигура-лар ***(дөңгелек, сопақша, үшбұ-рыш, шаршы, тіктөртбұрыш)*** мен денелерді ***(шар, текше, ци-линдр)*** дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **Мақсаты:** Геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. **1-тапсырманы** дәптерде өздігі-нен орындауды ұсынады. Педагог-тің нұсқауларын тыңдап, практи-калық жұмысты орындайды.Бала-лар практикалық жұмысты орын-дап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастық-тарын табады, сұрақтарға жауап береді.Ұйымдастырылған оқу қыз-метіүшін пластиктен, ағаштан не-месе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигу-раларды табу керек. Балалар қол-дарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырма-шылықтарды атайды. Педагог **2-тапсырманы** орындау-ға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз-қарасын білдіруге құлшынысын дамыту. **Мақсаты:** Ауыз әдебиеті шы-ғармалары негізінде салт-дәс-түр туралы түсінік беру Өлеңде не туралы айтылған? -Өлең ұнады ма? -Авторы кім? -Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады? -Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады? -Қай уақытта малдар төлдейді? -«Сары уыз» деген не? Өлеңді суреттер бойынша қайтала. Педагог мнемокестедегі сурет-тер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды. Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей бола-тыны туралы айтып түсіндіреді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалып-тастыру, сөздің мағынасына қызы-ғушылыққа баулу. **Мақсаты:** Әрбір сөздің мағы-насы болатыны туралы түсінік қалып-тастыру7 ***Дидактикалық ойыны: «Жоғалған дыбысты тап»*** **Ойын шарты:** Педагог бала-ларға суреттерді көрсетеді бір дыбысы жоғалған сөз айтады, балалар сол жоғалған дыбыс-ты орнына қойып қайта айтасыңдар. ***Мысалы: көгерші...(н), бал-мұзда...(қ), домбыр...(а), қас-қы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), моңш...(а), кіта...(п), жур-на...(л), үсте...(л), орынды-...(қ), баспалда...(қ), мек-те...-(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...л-жапқыш, (б)...ояу, (ж)...олба-рыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б. Дидактикалық ойыны: «Дұрыс көрсет»*** ***Ойын шарты***: Педагог бала-ларға, қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалау-шаны, соңында тұрса, көк жа-лаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер. Мысалы: ***-«Қ»*** дыбысы: ***(қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қым-бат, ақылды, барлық, бақа, балық,***		

			қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу. ***-«Т»*** дыбысы: ***(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, как-тус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.)*** Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз.		
	3-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Өсімдіктердің тірі тірші-лік иесі екендігін бақылау және се-беп-салдарлық байланыстарды ажырату. **Мақсаты:**Қылқан жапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасын-дағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата ***(қарағай, шырша).*** Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? ***-Бөртегүл.*** Суретте шөп бар ма? Орманда нелер мекендейді? Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды. Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды.Үлгілеумен айналысады.Топтарға бөлініп, педагогтің алдын ала дайындаған орман суретіне жануарларды орна-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Мақсаты:**Дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?»** – Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз. Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері. Жаңа сөздермен таныстыру. – Көз не үшін керек? ***– Көз көру үшін керек.*** – Құлақ не үшін керек? ***– Құлақ есту үшін керек.*** – Мұрын не үшін керек? ***– Мұрын дем алу үшін керек.*** – Қол не үшін керек? ***– Қол ұстау үшін керек.*** – Қол не үшін керек? ***– Қол жазу үшін керек.*** – Қол не үшін керек? ***– Қол сурет салу үшін керек.*** – Аяқ не үшін керек? ***– Аяқ жүру үшін керек.***	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Интонациясы бой-ынша сөйлемдерді ***(хабарлы, сұраулы, лепті)*** ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Мақсаты:** Көркем шығар-маларды сахналауға үйрету. Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды. –Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? –Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. –Күшік келе жатып неге жолығады? –Қасқыр не дейді? –Күшік не дейді? –Екеуі келе жатып нелерді көреді? –Қасқыр нені жейді? –Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? –Іші пысқан Күшік неге жолығады? –Мысыққа не дейді? –Мысық не дейді? –Күшік жолда нелерді көреді? –Түйеге күшіктің шамасы келе ме? –Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу)		

	ластырады. Орман қабаттарын айтады. Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен етеді.	– Аяқ не үшін керек? ***– Аяқ жүгіру үшін керек.*** – Көз, құлақ, мұрын, қол – бұлар сезім мүшелері.			
	4-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:**Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр) **Мақсаты:** Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. **Биіктікке секіру.** Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді ұйлестіре білу керек Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі. Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді	**Музыка** **Міндеті:** Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. **Мақсаты:**Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. **Музыка тыңдау:** **«Қараторғай»** (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) **Ән айту: «Көктем»** (Д. Гусинцев) **«Домбыра сазы»** (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу»** (В. Моцарт) **Билер: «Апатайым-ай» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«Балақан да алақан»** (Ө. Байділдаев) **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Латыш полькасы»** (М. Раухвергер)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр) **Мақсаты:** Жүгіріп келіп би-іктікке секіруді дұрыс орын-дауға үйрету, екпін алып жү-гіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. **Ойын: «Тақия тастау»** Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. **«Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру»** тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қал-дырып, оң қолды кеуде тұсын-да шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады. Көлденең нысанаға асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады.		
Серуенге дайындық	**Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету**				
Серуендеу	***Ағаштарға бақылау жасау:*** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің асты-	***Қар бетінің төмен түсуін бақылау:*** Қардың төмен түсуі күн сайын	***Аспанға бақылау жасау:*** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның		

	нан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру ***(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)*** Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үй-рету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл күйлерін білдіре білу. ***Қимылды ойын:*** ***«Ағаштан ағашқа»*** Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. ***(кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз)*** ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу. ***Еңбек іс-әрекеті:*** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру. ***Дидактикалық ойын:*** ***«Біздің үй қайсы,тап?»*** Тәжірибе мен сараптама: Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. ***Өзіндік іс-әрекет:*** Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті күртіктеніп, асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру.Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. ***Қимылды ойын: «Жолды тап»*** Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту. ***Еңбек іс-әрекеті:*** Өз қалауымен бірлескен еңбек-әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу.Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. ***Дидактикалық ойын:*** ***«Қар қандай,сипатта?»*** **Тәжірибе мен сараптама:** Көктемдегі қардың өзгерісін бекіту: борпылдақ, сұр, лас. **Тәжірибе:** Қарды күреу **Өзіндік іс-әрекет:** Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады.	қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. ***(Қыста аспан- сұр,ал қазір - көкшіл)*** Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. ***Қимылды ойын:*** ***«Қазым, қазым қаңқылда!»*** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. ***Еңбек іс-әрекеті:*** Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. ***Дидактикалық ойын:*** ***«Көктемге арнап бояу табайық»*** **Тәжірибе мен сараптама:** Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. **Өзіндік іс-әрекет:** Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.		

Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:** **Қысқыштармен ойналатын ойын** **Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. **«Жаңғақтармен ойын »** **Ойын шарты:** Балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады.Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жат-тықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.	**Артикулыциялық жаттығулар:** **Балықтар:** Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,Үп-үлкен ағаш жағада жатты, **Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»-** деп **Екіншісі: «Жоқ, бұл жер терең»**- деді, **Үшіншісі: «Менің ұйқым келіп тұр»-** деп **Төртіншісі:** Тоңа бастады, **Бесіншісі:** «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, **-**Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды! **«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.** **Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады.Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.	***Тақпақты жаттату:*** ***«Р»-ға тілің келе ме?*** ***Қаламқасқа «тұр», - деші,*** ***Қарындашқа «жүр», - деші.*** ***«Қара қарындашты*** ***Қаламқас алып тұр», - деші,*** ***Ал енді өзің-ақ*** ***«Р-р-р-р», - деші.***		
Балалармен жеке жұмыс	Әбумансұр мен Айтуарға қарын-даштарды дұрыс қолдануға үйрету.	Айнат пен Айзереге түстерді ажырата білуге үйрету.	Нұрсұлтан құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Бала тәртібі туралы айту.	Балалар үйге оралуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.		

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 01.04 - 05.04. 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.04	Сейсенбі 02.04	Сәрсенбі 03.04	Бейсенбі 04.04	Жұма 05.04
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға мұғалімінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** **Мақсаты:** Түстер туралы ұғымдарын кеңейту **Барысы:** Педагог қызыл, жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті,төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады.	***Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»*** **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады.Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.	**«Біз дәнбіз»** диқан жерге дән екті *(дән сепкен қимылды көрсетеді)* **Сіркіреп, жаңбыр жауды** (қолдарын шапалақтайды) **Жер бетіне көгеріп, бидай шықты** (қолдарын жоғары көтереді) **Жайлап самал жел есті** (қолдарын ырғайды)	**Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»** ***Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.***	***Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап»*** ***Мақсаты:*** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамы-ту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. ***Қажетті құралдар:*** Түрлі-түсті дөңгелектер. ***Ойын барысы:*** Балаларға түрлі-түс-ті дөңгелектер тара-тып, түстерін атау. Белгі бойынша бала-лар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз

	Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші деп балаларды ойынға шақырады. **Көрнекілігі:** Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кесе-лер мен тәрелкелер.	**Керекті құрал-жабдықтар:** ойыншықтар			үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері:*** ***Қол ұстасып,*** ***дөңгеленіп,*** ***Тұра қалдық екеуміз.*** ***Өзіміз де дөңгелек*** ***Күнге ұқсайды екенбіз***	***Жылулық шеңбері:*** ***Аманбысың ,алтын күн!*** ***Аманбысың, жарқын күн!*** ***Маған жылу, жарық бер,*** ***Қуаныш пен шаттық бер.***	***Жылулық шеңбері:*** ***Мына аспан астында*** ***Жақсы дос көп табылар*** ***Мен де соның бірімін,*** ***Сыйлығымды қабыл ал!***	***Жылулық шеңбері:*** ***Жарық болса күніміз.*** ***Жарқын шығар үніміз.*** ***Елін сүйіп ержетер*** ***Біз болашақ гүліміз***	***Жылулық шеңбері:*** ***Достарымның барлығын,*** ***Сыйлап, жақсы көремін.*** ***Алақаным арқылы*** ***Жылуымды беремін.***
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**1-ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту. **Мақсаты:** Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. -Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. **Дидактикалық ойын:** ***«Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».***	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөз-дің мағынасына қызығу-шылыққа баулу. **Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны ту-ралы түсінік қалыптас-тыру. ***Дидактикалық ойыны: «Жоғалған дыбысты тап»*** **Ойын шарты:** Педагог балаларға суреттерді көрсетеді бір дыбысы жоғалған сөз айтады, балалар сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. ***Мысалы: көгерші...(н), бал-мұзда...(қ), домбыр...-(а), қас-қы...(р), шыр-ш...-(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылды-***	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ***(түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы)*** салыстыра білуге үйрету. **Мақсаты:** Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. **Шағын топпен жұмыс:** 5-кестені пайдаланып ***«Затты тап» ойынын*** ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. **Мақсаты:** Сөйлем сызба туралы түсіндіру ***Сызбамен жұмыс:*** Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз.Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақа-	**Математика негіздері** **Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету. **Мақсаты:** Нүктелер-ді, өрнектерді салуға үйрету. Аз қимылдайтын ойын ***«Сиқырлы қозғалыстар» Ойыны*** бөлмеде де, далада да өткізуге болады.Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан сала-ды ***(сызықтарды түр-лі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.).*** 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсыр-маны

	Ойын шарты: Ертегі кейіп-керлерінің жүрісін салады.	***ры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна-...(л), үсте...(л), орынды-...(қ), баспалда...(қ), мекте...-(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б.***	геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны ***(осындай пішінге ие)*** туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. Жұмыс дәптері Педагог дәптердегі 1-тапсырманы қарап, оны өздігінен орындауды ұсынады. -Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды? Әр топтан бір ***«артық»*** затты табады, қоршап сызады. Оның пішінін атайды. Қалған топтағы заттардың пішінін анықтайды.	шықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Балалардан түсіндерін сұрау. ***1.*** Сөз неден жасалады? ***2.*** Сөздің сызбасы немен белгіленеді? ***3.*** Сөйлем сызбасы қалай сызылады? ***4.*** Дыбыс сызбасы немен белгіленеді? ***Дидактикалық ойыны «Сөйлемді толықтыр»*** ***Ойын шарты:*** Балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – ***(пысық).*** Тышқанның жауы – ***(мысық).*** Әжем иірді – ***(ұршық).*** Шәуілдеп үрді – ***(күшік).*** Ең қу аң – ***(түлкі).***	осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қоз-ғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды. Нүктелерді, өрнектерді салдырту.
	2-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:**Заттарды әртүрлі белгілері ***бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы)*** салыстыра білуге үйрету. **Мақсаты:**Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. ***Ортаны модельдеу:*** Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. **Мақсаты:** Ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу. ***Ертегі «Көктемнің сәні»*** Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы-ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.Балаларға ертегіні толық оқып беріп,мазмұнын түсіндіреді	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру ***(грамматикалық анықтамасыз),*** сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. **Мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. ***Дидактикалық ойыны «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»*** Педагог суреттері көрсетеді ***(көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б)***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:**Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **Мақсаты:** Ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу. Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал.	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Қазақ халқының киіз үйініңмаңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. **Мақсаты:**Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.** Балалар мына суретте не-нің суретін көріп тұрсыңдар? -Киіз үй туралы не білесіңдер? -Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? -Киіз үйді неден жасайды? -Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды

	ерекше пішінге ие. –Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. – Балалар, мына бұйымдарға қараңдар ***(көлемді фигуралардың мұнаралары).*** Олар қандай пішіндерден жасалған? Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай пішіндермен жұмыс істейміз? ***(геометриялық денелер)*** Балалар өз бұйымдарын құрастырады.	Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген- гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.	Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. ***Ғажайып сәт***. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. ***Дидактикалық жаттығуы: «Сөз ойла»*** Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады. ***–«Та»*** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. ***– Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*** ***– «Ба»*** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. ***– Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б***. ***--«Са»*** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. ***– Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан*** т.б.	Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? ***Белгіле.*** Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады.	алтын жұлдызбен бағалау. -Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. -Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: ***кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық*** (жарма есігі). ***Кереге***-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. ***Шаңырақ*** -киіз үйдің уықтарын біріктіріп,еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. ***Уық***-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. ***Киіз есік***-сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. -Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. ***Абажа***-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. ***Кебеже***-сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. ***Әбдіре-*** зат сақтайтын үлкен сандық.Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.

					Ағаш төсек жату үшін пайдаланатын үй жиһаз-. ***Асадал***-тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. ***Жастықағаш***-ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. ***Адалбақан-***киім ілуге арналған үй жиһаздары. ***Жүкаяқ-***үйде жүк астына қоятын ағаш зат. ***Сандық-***киім-кешек,т.б.зат салуға арналған үй жиһаздары. ***Төсеніштер:***Алаша, киіз, сырмақ. ***Тұскиіз*** -сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. ***Қоржын-***екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. ***Аяққап***- ыдыс-аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден ті-гіп,бетін ою-өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті,қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың ба-лаларына тапсырмалар жіберіпті. Топпен жұмыс жасау. ***1 – топ «Шаңырақ»*** Шаңырақтың суретін саласыңдар. ***2-топ «Уық»*** Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. ***3 -топ «Кереге»*** сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. ***4-топ «Есік»*** Киіз үйдің

					ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.
	3-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Мақсаты:** Кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру. Педагог өткен оқу қызметіндегі «***Сиқырлы қозғалыстар» ойынын*** қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады ***(сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.).*** 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. **Мақсаты:**Әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. ***Көлеңкесінен қорқып, безектейді,*** ***Ал оның баласын көжек дейді. Ол не?*** ***-Қоян.*** – Балалар, көжек деген не? ***-Қоянның төлі.*** – Көжек қандай болады? ***--Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады***. -Бүгін ***Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары»*** ертегісімен танысамыз. Ертегі-әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? – Авторы кім? -Аққөжекті туған күнімен	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету **Мақсаты** буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды**: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. **Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. **Қолданады**: дыбыстарды ажыратады ***Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»*** –Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер. ***Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, түйе, та-бақ, ке-рік, пияз, ө-рік, жыл-қы, шие, мы-сық, а-ғаш, алша, қа-ла, үс-тел, шалма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қоян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, ине, пи-ма, ли-мон, алмұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қаймақ, кө-бе-лек т.б.***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. **Мақсаты:** Әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру. Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады? ***2. Ұйқасын тап.*** ***Дамыл таппай бір мезет,*** ***Жортумен жүр ақ …*** . (Көжек) ***3.*** Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. ***4. «Туған күніңмен құттықтаймын!»*** деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. ***«Өлі табиғат»*** ұғымымен таныстыру ***(су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр)*** **Мақсаты:**Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. ***Ойын түріндегі жатты-ғу: «Күн мен ойнайық»*** Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады. Күн сәулесі қандай

		нелер құттықтап келді? – Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? – Достар не істеді? – Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді?			болады? ***Жылы*** – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. ***Жарық.***
	3-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: балықтар топтастыру. **Мақсаты:** Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны ***«аулауға»*** әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, құрап қалған өсімдіктерді жейді, судың	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау. **Мақсаты:** Тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру. **Ойын «Асханада».** Педагог асхана туралы түсініктеме береді: ***Асханада аспаз жұмыс істейді.*** ***Аспаз тамақ пісіреді.*** ***Асханада адамдар тамақ ішеді.*** Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға ***(өздеріне таныс күнделікті тағамдар)*** тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. ***Мысалы:*** ***– Мен палау жеймін.*** ***Палау беріңізші.*** *(Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды).* ***– Рақмет. Палау дәмді болды***	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу. **Мақсаты:** Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру. **–**Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. ***Жаздың күні жайлауда,*** ***Қандай жақсы ойнауға.*** ***Жүйрік желмен***	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Туыстық қарым-қатынасты***«бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата»*** білдіретін сөздерді үйрету. **Мақсаты:** Ұлттық тағам түрлерімен таныстыру. Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? ***Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».*** Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. – Мынау не? ***– Мынау – бауырсақ*** *(балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).* – Бауырсақтың дәмі қандай? ***Сақ-сақ – дәмді бауырсақ.*** ***Сақ-сақ – жеймін бауырсақ.*** – Мынау не? ***Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт.*** ***«Құрт»*** сөзін жеке-жеке айтып жаттығады.	

	түбін тазалайды.		***жарысып,*** ***Қозы, лақпен табысып,*** ***Көл бойында тынығып,*** ***Күнге күйіп, шынығып,*** ***Жүресің сен*** ***жайраңдап,*** ***Кең даланы сайрандап,*** ***Жайлау, жайлау –*** ***жасыл бақ,*** ***Мәз боламыз асыр сап.*** –Балалар, жайлау қандай екен? –Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?	Мынау не? ***– Мынау – қымыз.*** – Қымыздың дәмі қандай? ***– Қымыз өте дәмді.*** – Сен не ішесін? ***– Мен қымыз ішемін.*** – Мынау не? ***– Мынау – шұбат.*** – Шұбаттың дәмі қандай? ***– Шұбат өте дәмді.*** Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. ***– Құрт, қымыз*** сөздерінде бірінші дыбыс қандай? ***– «Қ»*** дыбысы.	
	4-ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу ***(арақашықтығы 4–5 метр)*** **Мақсаты:** Бала ағзасының кинестикалық ***(қимылды сезу)*** және кеңістіктік ***(ағзаның бөліктерін сезіну)*** факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру. ***«Жаңылысқан ұтылады»*** ***«Доп»*** тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, ***«тас»*** тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, ***«тырна»*** тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.	**Музыка** **Міндеті:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. **Мақсаты:** Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.** **Музыка тыңдау:** **«Айды әперші, апатай»** (Е. Өміров) **Ән айту:** **«Ғарышкер боламыз»** (Ш. Мұхамеджанов) **«Қайырлы таң»** (Е. Өміров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Көңілді би»** (И. Штраус) **Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Допты жоғарыдан ***(алға және артқа)*** бір-біріне беру. **Мақсаты:** Бала ағзасының кинестикалық ***(қимылды сезу)*** және кеңістіктік ***(ағзаның бөліктерін сезіну)*** факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру. ***3.«Мың бұралып майысқан»*** –арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап,	. **Музыка** **Міндеті:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тыныстыдұрыс алу. **Мақсаты:**Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.** **Музыка тыңдау:** **«Айды әперші, апатай»** (Е. Өміров) **Ән айту: «Ғарышкер боламыз»** (Ш. Мұхамеджанов) **«Қайырлы таң»** (Е. Өміров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Көңілді би»** (И. Штраус)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. **Мақсаты:** Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы алыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол алқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне

	Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар: ***1.«Қайтпас қайсарлар»*** Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.	шығару. **Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны** ***(Дидактикалық ойындар жинағынан)*** **Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар»** румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады. ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру»*** Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді	**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару. **Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны** *(Дидактикалық ойындар жинағынан)* **Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар»** румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету				
Серуендеу	**Бақылау**: **Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* ***Бақылау барысы*** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл,	**Бақылау:Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты****: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-	**Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды,	**Бақылау: Тастарды бақылау** ***Мақсаты****: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* ***Бақылау барысы*** Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты	**Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұяжасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының

	жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу*.	Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты	тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі	шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*

			желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, бітken іске қуануға тәрбиелеу.*	
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.**	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны.	**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».** **Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.** **Жеке жұмыс** **Жаңылтпаштар**

	Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	**Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**жаттау:** **Үйір, үйір үйректі,** **Қаз маңғаз,** **Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.** **Үйір, үйір үйректі,** **Әр кез маңғаз,** **Үйірге өзім үйреттім.** **Қаз маңғаз.** **Мақсаты: сөздік қорларын байыту.** **Тыйым сөздер:** **Құс ұясын бұзба.** **Құсқа тас атпа.** **Құс жұмыртқасын сындырма.**
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап	**Музыкалық - ырғақтық жаттығулар**. Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын	**ойын:**Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.

		береді.	орындату.		
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі

Балалардың жастары: 5 жастағы

Жоспарлау күні: 22.04 - 26.04 2023 - 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.04	Сейсенбі 23.04	Сәрсенбі 24.04	Бейсенбі 25.04	Жұма 26.04
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу ісәрекеті, кітаптарды қарау және	**Үстел үсті, саусақ және ойындар.** ***«Суреттерді орнала-стыр»*** ***Ойынның мақсаты:***	**"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** **Мақсаты:**Жаңа еңбек	***Фотосуреттер қарастыру:*** ***«Бидай мен қаңбақ»*** Фотосуретте бейнелен-ген ертегі желісі бойын-	***«Біз дәнбіз»*** Диқан жерге дән екті ***(дән сепкен қимылды көрсетеді)*** Сіркіреп, жаңбыр жауды ***(қолда-***	***Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»*** ***Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды.*** ***Қаптап ұшқан***

басқалар)	Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Ба-лаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету ***(топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты),*** суару техникасын еске түсіру.	ша сурет арқылы орналастыру. ***«Бидай мен қаңбақ»*** суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	***рын шапалақтайды)*** Жер бетіне көгеріп, бидай шықты ***(қолдарын жоғары көтереді).*** Жайлап самал жел есті ***(қолдарын ырғайды)***	***торғайдан,*** ***Оны қалай қорғайды?*** ***Қаптап ұшқан торғайдан,*** ***Оны былай қорғайды.*** ***Кіш, кіш, кіш...*** ***Қорғап қалған бидайды,*** ***Қамбаға әкеп жинайды.***
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)**				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	***Жылулық шеңбері:*** ***Сиқырлы айнадан*** ***Өзімді көремін.*** ***Бақытты жайнаған.*** ***Көзімді көремін.***	***Жылулық шеңбері:*** ***Күн жылуын аямасын,*** ***Шуағын аяласын.*** ***«Достық» деген бәйтеректі*** ***Барлық бала саяласын***	***Жылулық шеңбері:*** ***Аспан ашық,көгілдір*** ***Күн шуағын төгіп тұр!*** ***Қол ұстасқан біздерді,*** ***Тереземнен көріп тұр.***	***Жылулық шеңбері:*** ***Шаттанамын, күлемін,*** ***Бақытты боп жүремін.*** ***Қатар тұрар шеңберде*** ***Досым көбін білемін***	***Жылулық шеңбері:*** ***Күн жылуын аямасын,*** ***Шуағын аяласын.*** ***«Достық» деген бәйтеректі*** ***Барлық бала саяласын***
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған ісәрекет	**1-ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Мақсаты:** Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. ***Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».*** ***Ойын шарты:*** Дәптер бойынша орындалады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. **Мақсаты:** Буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. ***Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»*** Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Ба-	**Математика негіздері** **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. **Мақсаты:** Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. ***Демонстрациялық материалмен жұмыс.*** Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:** Төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту. ***Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»***	**Математика негіздері** **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. **Мақсаты:** Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. ***Дидактикалық ойыны: «Жыл бойы» (доппен)*** Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл

	Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді.	лалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. ***Мақал – сөздің мәйегі.*** ***1) Оқу ... құдық қазғандай. и-не, күрек, қа-сық.*** ***2) Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер.*** ***3) Ана көрген ... пішер. жей-де, тон, көй-лек.*** ***4) Асықпаған арбамен . . . алады. түл-кі, қо-ян, а-ю***	қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды. ***Дәптермен жұмыс:*** Педагог ***1-тапсырманы*** орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Әр жыл мезгілінің айларын атайды Жұмыс дәптеріндегі ***1-тапсырманы*** қарайды. Барлық суреттер аралысып кеткенін айтады. Жұмбақты оқиды. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.	***Ойын шарты:*** Педагог балаларға сөздер айтады балалар сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар. ***Мысалы: жылы...(шұлық), тәтті ...(банан), қатты...(көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ),қара... (тон), қорқақ ... (қоян), құ ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ...(шаш), дәмді...(шай), тәтті... (торт), жасыл...(қияр), ұзын.... (бантик)***	ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б. ***«Жыл мезгілі»***
	2 ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру ***(сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)*** **Мақсаты:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру. ***Шағын топпен жұмыс.*** ***Педагог «Суретті***	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру. Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. – Суреттен не көріп тұрсыңдар? – Бүгін қазақ халқының	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Мақсаты:**Төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту **.** ***Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»*** Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады. ***1-тапсырма:*** Педагог	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру. ***1.***Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата.	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігін білу. **Мақсаты:** Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (***далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.),*** аймақтың ерекше-

	жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында. Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.	ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй-ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс,су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын.Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, ***«киіз үй»*** деп атаған. – Бүгін біз ақын ***Қастек Баянбайдың «Киіз үй»*** өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай?	балаларға ***«Л»*** дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. ***Мысалы: лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк.*** ***2-тапсырма:*** Педагог балаларға ***«М»*** дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. ***Мысалы: маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.*** ***3-тапсырма:*** Педагог балаларға ***«К»*** дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. ***Мысалы: күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс.*** Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді	***2.*** Не артық? Қоршап сыз. ***3.*** Киіз үйдің суретін сал. ***4.*** Жұмбақты шеш. ***Ұқсайтын шеңберге, Қабырғасы жиылып, керіледі.*** ***Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді.*** (Киіз үй)	лігіне қарай өсетін:- ***жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ),*** жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру. ***«Үйшік» ойынын ұйымдастырады****:* балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог ***«үйшікте»*** отыр. Оған киргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі. ***Б:*** Үйшікте кім тұрады? ***П***: Бұл мен – көгал. ***Б:*** Ал мен – орманмын. Мені үйшікке киргізші. ***П:***Маған қай жерің ұқсайды? Соны айтсаң киргізейін. ***Б:*** Менде де,сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, жәндіктер, ұсақ жануарлар тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын. ***Б:*** Түк, түк. Мен – көлмін. Мені де үйшікке киргізіңізші. ***П:*** Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң киргіземіз. ***Б:*** Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге

					болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді.
	3 ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған ортамен танысу **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. ***«Өлі табиғат»*** ұғымымен таныстыру ***(су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр)*** **Мақсаты:**Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сұңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. ***Ойын түріндегі жаттығу: «Күн мен ойнайық»*** Тақтада сары түсті дөң-	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,- **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог ***«Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев)*** ертегісін балаларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы? Жаңа сөздермен таныстыру. – Мынау кім? ***– Мынау – сатушы.*** ***– Сатушы нан сатады.*** – Сатушы не істейді? ***– Сатушы нан сатады.*** – Мынау кім? ***– Мынау – наубайшы.*** – Наубайшы не пісіреді? ***– Наубайшы нан пісіреді.*** – Мынау не? ***– Мынау – бидай.***	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді ***(хабарлы, сұраулы, лепті)*** ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Мақсаты:** Алған білімдерін пысықтау. Таңдаған ертегіні сахналау	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр. **Мақсаты:** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру. Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. – Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. ***«Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мы-сықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жану-арлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы –көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қы-мыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады».*** -Мәтінде қандай таныс	

	гелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады. Күн сәулесі қандай болады? ***Жылы*** – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. ***Жарық.***	– Мынау кім? ***– Мынау – диірменші.*** – Диірменші бидайдан не жасайды? ***– Диірменші бидайдан ұн жасайды.*** – Мынау – ұн.		сөздер бар? ***– Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы.*** – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. –Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді.	
	4 ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:**Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. **Мақсаты:** Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп,сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды.Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды**.**	**Музыка** **Міндеті:**Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **Мақсаты:**Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **Музыка тыңдау: «Көкек»** (Х. Мұхамедова) **Ән айту: «Көктем»** (А. Жайымов) **«Ғарышкер боламыз»** (Ш. Мұхамеджанов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар»** (Т. Ломова) **Билер: «Көкпар» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?»**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**-3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру ***(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).*** **Мақсаты:** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету. **Баскетбол себетіне доп лақтыру.** Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру. **Мақсаты:**Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **Музыка тыңдау: «Көкек»** (Х. Мұхамедова) **Ән айту: «Көктем»** (А. Жайымов) **«Ғарышкер боламыз»** (Ш. Мұхамеджанов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар»** (Т. Ломова) **Билер: «Көкпар» биі** («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); **Мақсаты:** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»** Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, ***«қақпа»*** жасайды. Сырт-

		(Музыкалық-дидактикалық ойын) **Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім»** (В. Агафонников)	Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеуденен себетке лақтырады.	**«Не қалай шақырады?»** (Музыкалық-дидактикалық ойын) **Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім»** (В. Агафонников)	қы шеңбердегі балалар ***«қақпадан»*** бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер ***«қақпаны»*** күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді. ***Өзін-өзі уқалау:«Балақан, қандай жақсы алақан!»***
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету				
Серуендеу	**Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау** ***Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау*(гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз.*** *Аппақ, аппақ бақбақтар,*	**Бақылау: Жолжелкенді бақылау** ***Мақсаты****:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.* ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші әңгімесі*** *-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше*	**Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*** *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды,	**Бақылау:Ауа-райын бақылау** ***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен,*	**Бақылау:Гүлзарды бақылау** ***Мақсаты:*** — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала

	Үлбіреген бақбақтар, *Құдды киіз ақ үйлер.* *Парашюттен аумайды.* *Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса,* *Тамашалап сәбилер.* *Ақ ұлпалар заулайды.* *Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.* *Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды.* *Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.* Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі	*бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді*	Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде	*Гүл шоқтары гүлдейді.* *Жапырақтар сыбдырлап,* *«Қандай көркем, көр»-дейді.* Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем). ♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)* ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік	гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? **Еңбек** Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). *Мақсаты:* — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін

	қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге	*ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.* *Балаларға сұрақтар:* ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)* ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)* ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)* ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)* ♦ Оны неге олай атаған? ♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім	қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.* .	бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). **Еңбек** Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*	қалыптастыру.

	дәрілік өсімдік дейміз? **Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. **Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	біледі? **Зерттеу жұмысы** Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. *Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **.**			
Серуеннен оралу	**Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу**				
Балалардың дербес әрекеті	Қимылды ойын «Өз гүліңді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру;	Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты:	**Қимылды ойын** **«Қай топ тез жиналады?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.** **Жаттығу ойыны «Құлап қалма».** **Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.** **Мақал-мәтел:** **- Әр гүлдің иісі әр**

	Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	қимыл жасау.	биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	—Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; —Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.	**басқа.** **-Гүл-араға, бал-балаға.** **Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.**
Балалармен жеке жұмыс	Көктем мезгілінің белгілерін үйрету	Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт	Кhутем киім үлгілерін білуге үйрету	Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі

	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Обалы ауылының негізгі орта мектебі

Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 29.04 - 03.05. 2023 – 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.04	Сейсенбі 30.04	Сәрсенбі 01.05	Бейсенбі 02.05	Жұма 03.05
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға мұғалімінің толық аты – жөнін атап сәлемдесуді үйрету.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
